

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 377.1. 02:37 2.8

Қолжазба құқығында

ДУЙСЕНОВА МАРЖАН МОЛДАКАСЫМОВНА

**Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті
қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері
(бастауыш сыйнып материалдары бойынша)**

6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
К.Молдабек

Шетелдік ғылыми кеңесші
Доктор, профессор
Г.Гулсевин

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	10
1.1 Сөз тіркесін оқытуда оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырыудың лингвистикалық негіздері.....	10
1.2 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырыудың философиялық негіздері	28
1.3 Сөз тіркесін оқыту арқылы бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырыудың психологиялық аспектілері.....	39
1.4 Сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырыудың педагогикалық негіздері.....	52
2 СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ.....	72
2.1 Сөз тіркесін оқыту мен оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырыудың базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықта берілу жайы.....	72
2.2 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырыудың тиімді әдістері мен жаттығу-тапсырмалар жүйесі.....	81
2.3 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырыудың технологиясы.....	119
2.4 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі бойынша эксперимент барысы мен нәтижелері.....	130
ҚОРЫТЫНДЫ.....	144
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	147

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында: «Қазақстан мектептеріндегі өзекті мәселелердің бірі өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүрге дайын, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғага қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтілік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, жоғары деңгейдегі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылықтың арттырылуы», - деп ерекше аталып өткен [1, б. 23]. Білім беру жүйесін осындағы заманауи талаптарға сай жетілдірудің басты бағыттарының бірі – бастауыш мектеп сатысынан бастап-ақ «Ұлы Дағы Елі» идеясын жүзеге асыратын жас үрпақтың бәскелестікке бейімділігін дамытуға, тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін көтеруге бағыттың дамытуға, Сондықтан қазіргі уақытта оқушының бойында елжандылық рухтың, мемлекетшілдік сананың, дара тұлғалық қабілеттердің іргетасы қаланатын бастауыш мектептегі оқу пәндерінің сапалық деңгейін көтеру міндеті өткір қойылып отыр. Бұл міндеттің орындалуы оқушыларға репродуктивті білімді менгертуден бас тартып, өзіндік іздениске үйретуге, оның әлеуметтенуін қамтамасыз ететін өмірлік дағдыларды менгертуге мүмкіндік беретін оқыту үдерісінің тұлғалық-әрекеттік бағыты мен құндылықтың бағдарын кеңейтудің тетіктерін табуды қажет етеді.

Оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – білім беру жүйесінің осындағы жаңа талабымен үйлесетін тетіктің бірі ғана емес, бірегейі. Сол себепті тілдік материалдарды, оның ішінде сөз тіркестерін оқыту үдерісінде баланың ойлау, сөйлеу дағдыларын дамытуға, өзін де, қоршаған ортасын да тануына жағдай тудыра отырып, өзгелермен ой бөлісуге, алған білімін күнделікті өмірде дұрыс қолдануға үйретудің маңыздылығы арта түсude. Бастауыш сынып оқушыларының білімді мәдениеттің бір бөлшегі ретінде игеруі, сол арқылы тыңдау, сөйлеу, пікірлесу, оқу, жазу сауаттылығының мәнін саналы түрде түсінуі оның қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың алғышарты болып саналады. Ал, өзара қарым-қатынас жасауға төсөлдіру, алға қойылған проблемаларды бірлесіп шешүге дағыландыру арқылы өзіндік ой-пікірін жеткізуге ұмтылдыру, басқалардың пікірін тыңдай білуге үйрету – оқушының қатысымдық мәдениетті үйренуінің шарты. Олай болса, қазақ тілі сабактарындағы басты талап, А.Байтұрсынұлы айтқандай, «оқушыны тіл жұмсау жолдарын үйренуге үйрету» [2, б. 23]. Оқушыны сын тұрғысынан ойлауға, өзінің жасы мен деңгейіне сай алдында қойылған проблемаларды шешуде алынған ақпараттарға, жағдаятқа талдау жасауға, өздігінен жол таба білуге, айналасындағы адамдармен тіл табыса алуға үйретуге бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыру арқылы білім сапасы көтеріледі, білімнің оқушы тұлғасын дамытудағы мәні артады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізben бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», - деген пікірі мектепте ана тілі ретінде оқытылатын қазақ тілінің өміршеш болуына қажетті жағдайларды оқушы құзыреттіліктерін қалыптастырумен сабактастықта шешудің қажеттігі мен көкейкестілігін танытады [3]. Өйткені тілдің басты қызметі адамдар арасындағы қарым-қатынастың құралы болу екендігін ескерсек, онда тіл үйретуде тілдік білім мен коммуникативтік қағидаларды өзара байланыста менгерту талабы айқындағанда түседі. Сондықтан бастауыш мектепте қазақ тілін әлеуметтік сұранысқа орай оқыту үдерісінде оқушылардың сөз тіркесіне қатысты тілдік және қатысымдық құзыреттіліктерін бірге қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

«Білім алушы менгеретін коммуникативтік қабілет пен дағды – тіл менгеру барысында күнделікті іске асырылатын тәжірибе мен сөйлесу амалдарынан жинақталса, тіл үйренушінің іскерлігі ұсынылған тілдік материалдарды, игерген білім мен тәжірибелі өздігінен дамытып, қоршаған ортада тиімді пайдалана білуінен аңғарылады, танылады. Сондықтан дара тұлғаны тәрбиелеудегі басты фактор – универсалдық әдістемені тиімді қолдана отырып, тұлғааралық коммуникацияны жүзеге асыру» - дейді тілдік қатынас теориясын негіздеғен ғалым Ф.Оразбаева [4, б. 28]. Олай болса, бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту үдерісінде алған білімін оқушының өз ойын, тілегі мен пікірін білдіруде орынды, өз мақсатына сай қолдануға үйретудің біртұтас әдістемелік жүйесін жасау, инновациялық жолдарын анықтау мәселелері терең зерделеуді қажет етеді.

Тілді оқыту үдерісінде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі барлық уақытта да пәнді оқыту теориясы мен әдістемесін зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Мысалы, бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамыту мәселесіне Й.Алтынсарин [19], А.Байтұрсынов [20], Т.Шонанов [21], М.Жұмабаев [22], Ж.Аймауытов [23], Ә.Садуақасов [24], С.Жиенбаев [25], И.Ұйықбаев [26], Ш.Сарыбаев [27], Қ.Жұбанов [28], К.Бозжанова [29], М.Жұбанова [30], С.Аманжолов [31], Ф.Бегалиев [32], С.Кеңесбаев [33], С.Рахметова [34, 35], Е.Ә.Жұматаяева [37], М.Жазыбаев [38], О.Байқуатова [39] және т.б. ғалымдар әрдайым көңіл бөліп отырды. Ал, қазақ мектептеріндегі оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарында көтеріле бастады. Бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың жекелеген мәселелері С.Рахметова [34], Т.Әбдікерімова [42], Г.Уаисова [43], Ә.Жұмабаева [44], Қ.Молдабек [47], М.Ермекбаев [46] Н.Құрманова [40], С.Қазыбаев [41] әдіскер ғалымдардың зерттеулері және мектеп мұғалімдерінің мақалаларында сөз болғанымен [47-56], «Қазақ тілі» сабактарында сөз тіркестерін оқыту үдерісінде оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі де осы күнге дейін арнайы зерттеу нысанына алынған жоқ. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін бастауыш

мектептен бастап қалыптастыру жөнінде ғылыми негізделген арнайы әдістеменің жоқтығы салдарынан мектеп мұғалімдерінің де жаңа талапқа сай білім беру ісінде қындықтар туындал отыр. Мектеп практикасы оқушылардың әлі де өз ой-пікірін ауызша, жазбаша тілде сауатты жеткізуде игерген білімдерін дұрыс қолдана алмайтындықтарын, мұғалімдер тарарапынан теориялық білімді менгертуенімен, оны тіл жүмсауда пайдалануға үйретуде олқылықтардың орын алыш отырганын көрсетеді. Осының салдарынан тілді оқыту жүйесінде бірқатар қайшылықтар орын алыш отыр. Атап айтқанда: бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігінің кеңдігі мен оны арнайы зерттеп, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеудің арасындағы; сөз тіркестерін оқыту үдерісінде білім мазмұны мен қатысымдық құзыреттіліктерді өзара бірліктे сабактастырудың қажеттілігі мен оны іс жүзіне асыру арасындағы; сөз тіркесі туралы теориялық білім мен оның түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық құзыреттіліктердің қалыптастырылуы арасындағы қайшылықтарды шешуді көздеуі біздің зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу нысаны: Бастауыш мектептегі «Қазақ тілі» сабактарында сөз тіркесін оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: Сөз тіркесін оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу мақсаты: Сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін зерделеу, кіші жастағы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін сипаттау, әдістемесін жасап, оның тиімділігін эксперимент жүзінде дәйектеу.

Зерттеудің міндеттері:

– Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып, сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін анықтау;

– сөз тіркесін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жайына талдау жасау: проблемалары мен бағыттарын анықтау;

– сөз тіркесін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін жасау;

– сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін интерактивтік әдістер мен инновациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың әдістемесін жасау;

– ұсынылған әдістеменің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеу болжамы: Егер сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып, оны менгертудің біртұтас әдістемесі жасалса, онда оқушылар қазақ тілінің сөз тіркесіне қатысты заңдылықтарын саналы менгеріп, сол білімін тілдік қатынас кезінде еркін қолдануға, өз ойын орынды, дұрыс, жүйелі жеткізуге дағыланады. **Өйткені** теориялық біліммен

сабактастырылған қатысымдық құзыреттіліктер ғана пәнді оқытудың сапалық деңгейін арттырып, оның заманауи талаптарға сай жетілдірілуін қамтамасыз етеді, білімнің оқушының тұлғалық-қатысымдық мәдениетін дамытуына мүмкіндік береді, оқушының нақты практикалық тәжірибелі менгеруін қамтамасыз етеді.

Жетекші идея: Жеке тұлғаның қатысымдық құзыреттілігін сөз тіркестерінің құрылымдық моделдері арқылы бастауыш мектептен бастап қалыптастыру нәтижесінде оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға, оқу-танымдық әрекеттерінің практикалық бағытын жандандыруға, білім мен тәрбиенің бірлігін тереңдетуге, оқушының тілдік қатынас мәдениетін жетілдіруге, білім беруді кешенді ұйымдастыруға, интегралды білім беруге қол жеткізіледі.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері: Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздеріне философиядағы тұлға, тіл мен таным, тіл мен мәдениет, ұлттық құндылыққа қатысты; психологиядағы сөйлеу әрекеті теориясы, жас және психологиялық ерекшеліктер туралы қафидалар; лингвистикадағы сөз тіркесі мен тілдік қатынас теориясы; педагогикағылымындағы антропоәзектік бағыттар мен оқытудың заманауи талаптары; инновациялық технологиялар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру жайлы теориялар мен жаңа бағыттар негізге алынды.

Зерттеу әдістері: Ғылыми зерттеу жұмысында баяндау, талдау, салыстыру, жүйелеу, нақтылау, ой қорыту, сын түрғысынан ойлау технологиясы әдістері, ассоциациялық әдістер, бастауыш мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибелерін талдау-жинақтау, қорыту, эксперимент нәтижелерін тексеріп жүйелеу, математикалық-статистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалды;
- жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігінің құраушы компоненттері анықталып, бұл құзыреттіліктің тұлға қалыптастырудың мәні айқындалды;
- сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сыннып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды;
- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған сөйлесім әрекетінің кешенді тапсырмалар жүйесі әзірленді;
- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері мен оқыту технологиялары сараланды, жаттығулар мен мәтіндер жүйесі жасалды.

Зерттеудің теориялық маңызы: Қазақ тілі сабактарында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты алынған тұжырымдар мен қорытындылар қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық түрғыдан

толықтырады, сонымен қатар сабакта жаңа инновациялық технологияларды қолданудың қағидаларын айқындауға бағыт береді. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінде белгіленген ұстанымдар бастауыш мектепте қазақ тілінің тұлғалық-әрекеттік сипатын дамытуға иғі әсер етеді. Зерттеудің теориялық нәтижелерін бастауыш мектеп мұғалімі мамандарын дайындайтын орта арнаулы және жоғары оқу орындарындаға қазақ тілін оқыту әдістемесі пәннің білім мазмұнын жетілдіруде пайдалануға болады.

Зерттеудің практикалық маңызы: Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденді. Сондықтан зерттеу жұмысындағы нәтижелерді жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сатысында жұмыста ұсынылған тапсырмалар мен жаттығуларды, сабак үлгілерін мектеп мұғалімдерінің күнделікті оқыту процесінде пайдалану арқылы «Қазақ тілі» пәнін оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік көнектіледі. Берілген әдіс-тәсілдер мен оқыту технологияларын мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында оқылатын бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі бойынша арнайы курстарда, шеберлік сыныптарында қолдануға болады.

Эксперименттік база ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы М.Жұмабаев атындағы №39, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, А.Үсенов ауылы А.Үсенов атындағы орта мектеп, Шаға ауылы Молда Мұса атындағы жалпы орта мектеп және Түркістан қаласындағы №19 жалпы орта мектебімен, Абай атындағы №31 жалпы мектептері алынды.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

1. Бірінші кезеңде (2012-2013 жж.) зерттеу жұмысының тақырыбы, зерттеу бағыттары анықталды, білім философиясы, лингвистика, педагогика, психология, әдістеме салалары бойынша еңбектер зерделенді. Нәтижесінде зерттеу ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалды, мақсат-міндеттері, пәні мен болжамы нақтыланды. Бастауыш мектепте қазақ тілі сабакында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың жетекші идеясы белгіленді. Бастауыш мектепте оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың проблемаларын анықтау сипатындағы бақылау эксперименті материалдары түзілді.

2. Екінші кезеңде (2013-2014 жж.) тілді оқытудың қазіргі жайы мен оны жетілдірудің жаңа бағыттарын айқындау үшін ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, озық тәжірибелі мұғалімдер мен алдыңғы қатарлы әдіскерлердің жарияланымдарына, бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың стандарттары, оқу бағдарламалары мен оқулықтарына талдау жасалды. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді жолдары сараланды. Мектептерде бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған оқыту эксперименті материалдары әзірленді: сөз тіркесін оқыту арқылы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатындағы сөйлесім әрекеті компоненттері бойынша кешенді тапсырмалар, жаттығулар мен мәтіндер іріктеліп, сабак жоспарлары жасалып, байқаудан өткізілді.

3. Ушінші кезеңде (2014-2015 жж.) қорытынды эксперимент сатасында ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтап, дәйектеу мақсатында қалыптастыру экспериментінің материалдары негізінде оқушылардың білім сапасы тексерілді, бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштер салыстырылды. Бастауыш мектепте қазақ тілі сабағында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибе материалдарына сүйеніп, эксперимент қорытындылары жасалды. Зерттеу тұжырымдары мен қорытындылары жүйеленіп, диссертация түрінде рәсімделді.

Көрғауға ұсынылатын тұжырымдар:

— «Қазақ тілі» пәнінде бастауыш мектептен бастап оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми-әдіснамалық қағидаларға сай жүргізілген жағдайда теориялық білім мен қатысымдық дағдыларды өзара бірлікте жүзеге асыру мүмкіндігі артады. Сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – бастауыш білім беру жүйесін жаңартудың аса маңызды концептуалдық негізі болып саналады;

– «Қазақ тілі» пәнінде сөз тіркесін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру оқу әрекетінің маңызды құрылымдық бөлігі ретінде айқындалып, оқушының танымдық белсенділігін арттырудың құралы, сапалы білім мен біліктілікті дамытудың тетігі, оқушының дамуының көрсеткіші деп танылғанда оң нәтижелерге жетуге болады. Себебі қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру оқушыны дара тұлға ретінде дамытудың басты тетігі ретінде үйімдастырылатын оқу әрекетінің субъективтік мәнін арттырады, білімнің қажеттігін сезіндіріп, оқытудың жекелік бағдарын кеңейтеді;

– бастауыш сынып оқушысының жас ерекшеліктеріне сай келетін қатысымдық құзыреттіліктердің компоненттері бірлікте қамтылып, оқыту үдерісі баланың өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағытында үйімдастырылуы шарт. Бастауыш сынып оқушысы игеруі тиіс қатысымдық құзыреттіліктің құрауыштары: тілдік, сөйлесімдік және лингво-мәдени құзыреттіліктер болып ажыратылады. Олар оқушының ана тілінде сауатты қарым-қатынас жасауы, ұғынысуы, өзгелермен түсінісуі, күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарда тілдесім әрекеті арқылы әлеуметтенуі жүзеге асырылғанда қалыптасады;

– сөз тіркесін оқыту бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделіне сәйкес жүргізілген жағдайда оқушылардың логикалық ойлауын жетілдіріп, дұрыс сөйлеу талаптары мен қатысым мәдениетін менгеруіне жол ашылады, білім сапасын арттыруға қол жеткізіледі;

– қазақ тілін оқушыларға практикалық тұрғыдан менгертудің деңгейі олардың қатысымдық дағдылары мен іскерліктерінің көрсеткіштерімен анықталады. Бұған жетудің негізгі жолы – оқушылардың қатысымдық мәдениеті мен тіл жұмсау сауаттылықтарын дамытуда маңызды деп саналатын сөйлесім әрекетінің компоненттерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) кешенді қолдану. Сондықтан сөз тіркесі тақырыбы аясындағы әрбір

сабакта ұсынылатын тапсырмалар мен оқу жаттығуларын іріктеуде осы ұстаным білім берудің практикалық бағытын күштейтуде басшылыққа алынады. Нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық-қатысымдық қабілеттерін жетілдіру, қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асады;

— сөз тіркесін оқытудың тиімді интербелсенді әдістері мен технологияларды, жаттығулар мен мәтіндер жүйесін жүптық, топтық формадағы тапсырмалар түрінде іріктеп, олар түпкі нәтижеге бағытталып ұйымдастырылса, оқушылардың әлеуметтенуі табиғи-қалыпты жағдайда дамытылады, қатысымдық құзыреттіліктері жүйелі түрде қалыптастырылады. Сөз тіркесін оқыту үдерісінде қатысымдық құзыреттіліктерін игерген бастауыш сынып оқушысының моделіне сәйкес тұлға тәрбиелеу жүзеге асады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен ендірү: Зерттеу жұмысының мазмұнын құрайтын негізгі тұжырымдар мен нәтижелер 18 еңбекте жарияланды. Зерттеу барысында Scopus базасына енетін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Халықаралық және респубикалық ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік журналдарда жарық көрді.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Kіріспеде зерттеудің өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, нысаны, пәні, болжамы, ғылыми жаңалығы, зерттеу кезеңдері, зерттеу базасы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қоргауға ұсынылатын қағидалар және т.б. қамтылған ғылыми аппараты берілген.

«Сөз тіркесін оқытудабастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімде зерттеу мәселесі бойынша лингвистикалық, философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалды. Осы талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдамалар мен ұсынымдар негізінде сөз тіркестерін оқыту үдерісінде бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздемесі айқындалған.

«Сөз тіркесін оқытуда бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші бөлімде сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жайы талданған, ұсынылатын тиімді әдістер мен оқыту технологиялары жүйеленіп, олардың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындылары арқылы дәйектелген.

Корытындыда зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде тұжырымдар мен ұсыныстар берілген.

1 СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Сөз тіркесін оқытуда оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың лингвистикалық негіздері

Қазір отандық білім беру жүйесіннің бастауыш, негізгі орта, жалпы орта (бейіндік) білім беру сатыларындағы нәтижеге бағдарланған оқыту үрдісіндегі бірлік пен өзгешелікті саралауда Білім – Мәдениет қостағаны негіз етіп алынады. Оқушының белгілі бір пән бойынша менгеретін ұғымдарын қалыптастыратын теориялар Білімді құраса, сол білімді өмірде қолданудың түпкі нәтижесі оқушы Мәдениетінің деңгейі болып саналады. Сондықтан өзінің жекепәндік мақсаты тұрғысынан да, жалпыпәндік қызметі жағынан да оқушының дүниетанымын, оның айналасындағы ортамен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруды көздейтін «Қазақ тілінің» оку үдерісіндегі жетекші рөлі күннен күнге артып келеді. Өйткені бұл пән – оқушының тыңдаған, естіген ақпараттарды түсініп қабылдау, оқығанынан ой түю, түйген ойларын басқалармен бөлісу, өзгелермен пікірлесу секілді қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыратын, тұлғаның әлеуметтенуін жүзеге асыратын бірегей пән. Тіл оқушының өзгелерді тануына, өзін танытуға мүмкіндік береді. Тілсіз адамның биік нәтижелерге жетуі, рухани дамуы мүмкін емес. «Тіл арқылы оқушы дүние туралы білім алып, өз көзқарасын қалыптастырады, алдыңғы ұрпақтың өлшеусіз өмір тәжірибесін үйренеді, ұғым-түсінігін кеңейтеді. Тек тіл арқылы көңіл-күйін, ішкі сезімін білдіруді үйренеді. Осының бәрі де қатысымдық сауаттылыққа, мәдениетке, құзыреттілікке келіп саяды» [5, б. 3].

Бұғынгі күн талабы тұрғысынан қарағанда, оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, мәдени-танымдық және проблеманы шешу құзыреттіліктерін менгеру арқылы қалыптастасын функционалдық сауаттылығы білім берудің түпкі нәтижесі болып отыр. Ол оқушы менгеретін білімнің практикалық, қолданбалық сипаттын арттыру жолымен жүзеге асады. Ал, оқушы сауаттылығының негізі бастауыш сыныптан қалыптастасасыны сөзсіз. Оған осы сатыда оқытылатын барлық пәндер бірдей, өзара бірлікте атсалысады. Дегенмен, оқушының жоғарыда аталған құзыреттіліктерін қалыптастыруда “Әліппе”, “Қазақ тілі” пәндерінің атқаратын қызметі бөлекше. Мектептің бастауыш сатысындағы «Қазақ тілі» пәні бойынша білім берудің мақсаты – оқушының қатысымдық сауаттылығын қалыптастыру: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім дағдыларын менгерту. Мұнда оқушының келесі негізгі мектеп сатысында теориялық терең білім алуды мен мәдениетті қатысымға қажетті әдеби тіл нормаларын менгеруіне керекті дағдылар игертиледі. Олай болса, бастауыш сатыдағы күтілеттің білім нәтижесі оқушының сауаттылық мәдениеті деп белгіленеді. Сол себепті сауаттылыққа ерекше ден қойылады. Бастауыштағы пәндер бүтін мәдениеттің бөлшегі ретінде менгертиледі. Мәселен, қазақ тілі пәнінде ауызша және жазбаша қарым-

қатынасқа қажетті орфографиялық, орфоэпиялық дағдыларды дамытуға басымдылық беріледі, ауызша сөйлеу, жазу сауаттылығын қалыптастыру міндегі қойылуы тиіс. Сол себепті сөз тіркесін оқытуудың да түпкі нәтижесі оқушыға қатысымдық құзыреттіліктерді менгерту бағытында олардың сөйлеу әдебі мен мәдениетін дамыту болып саналады.

Егер «тілдің тіршілігі, дамуы оның қатынас құралы болу қызметіне байланысты болса, тілді адам өзін қоршаған қауымынан, өмірден үйренеді» [6, б. 21]. Демек, тіл қарым-қатынас болған жерде ғана өмір сүреді. Тілдің ең басты қызметі – қатысымдық қызметі. Яғни, тіл – қатысымдық бірліктерден құралған күрделі құбылыс. Сондықтан ғалымдар «тіл қоғамдық, сондықтан әлеуметтік құбылысқа жатады. Мұнда адамдар қауымдастырының жинаған білімі мен тәжірибесі жатыр. Сондықтан тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсінде маңызды рөл атқарады. Бұл мәселе де білім алушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың алдымен, тілдің құзыреттіліктерге ден қою қажет» - дейді [7, б. 57].

Қарым-қатынас жасай білуге үйрету – білім беру саласының ең басты міндегі. Ол сатылап дамып, жетілдіріп отырылады. Сондықтан жалпы білім беретін орта мектеп сатыларының әрқайсысының оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың белгіленген межесі, нақты өлшемі мен көлемі болуы занды. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымызда бастауыш сатының 4-сыныбында сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың лингвистикалық негіздерін айқындал алу міндегі қойылды. Ол үшін бастауыш білім беру сатысындағы оқушы менгеретін қатысымдық құзыреттіліктің ерекшелігі неде? Ол қандай құрауыштардан тұрады, қандай дағдылар мен біліктерді жетілдіру арқылы қалыптасады, бұл үдерісте сөз тіркесін оқытуудың үлесі қандай болуы керек деген мәселелердің аражігін ашып алу қажет. Осы арада тіл мен сөйлеудің өзара байланысы мен ойлау ерекшелігі де қоса көрсетіледі. Өйткені «сөз тіркесі – әрі тілдің әрі қатысымдық бірлік ретінде оқушының сөйлеу дағдылары мен ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік рөл атқаратын әмбебап бірліктердің бірі. Сол себепті Тіл – Ойлау – Сөйлеу бірлігі орталық негіз ретінде алынып отырады» [8, б. 22].

В.А.Звегинцев тіл мен сөйлеудің ара жігін ажыратарлық пікірлерді қостай келе адам сөйлеуде тек тілдің бірліктерді пайдаланбайды, сонымен қатар сөйлеу үдерісінде ойдың атқаратын қызметі ерекше, сондықтан сөйлеу құбылысының қасиетін түсіну үшін оны үш жақты қарастыру: (тіл, сөйлеу, ой) керектігін айтады. «Хотя лингвистика изучает две вещи: два разных явления, они взаимосвязаны и взаимозависимы, а поэтому объект у нас один, но двойственной природы» [9, с. 140]. Демек, тіл ортақ болғанымен, сөйлеудің даралығын адамның психикалық қабілеттері мен қасиеттері айқынрайтады. Олар ойлаудың ерекшеліктеріне қарай дараланады. Сөйлеудің туындауы үшін орта қажет. Себебі сөйлеу үдерісі жүзеге асу үшін сөйлеуші мен тындаушы болуы шарт. Сөйлеуші өз пікірін сөздерді грамматикалық байланысқа түсіре отырып,

тындаушыға жеткізеді. Тындаушы сөйлеушінің айтқан ойын қабылдайды. Нәтижесінде тілдік қатысым әрекеті жүзеге асырылады.

Алғаш тілдік құбылыстарды тіл және сөйлеу деп жіктеген ғалым Ф.де Соссюр болатын. Ол сөздің айтылуы мен дыбысталуындағы ерекшеліктерінің барлығын қарастырып отырып, «язык есть форма, а не субстанция» деп түйіндеп, тіл мен сейлеуді бір-бірінен ажырата отырып, олардың бірімен-бірі өзара тығыз байланыстылығын және осы екеуінің жиынтығынан тіл құралатынын атап көрсетті [10, б. 58]. В.Гумбольд «тіл адамның ішкі қажеттілігінен туындейді» - десе [11, б. 10], И.А.Бодуэн де Куртенэ оны: «Как беспрерывно повторяющегося процесса, основывающаяся на общительном характере человека его потребности воплощать свои мысли в ощущаемые продукты собственного организма и сообщать их существом его подобным» - деп толықтырды [12, с. 77]. Бұл тұжырымдар бастауыш мектеп оқушыларына сөз тіркесін оқыту үдерісінде олардың қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдіру міндеттерін жүзеге асыруда басшылықта алынады.

Сөз тіркесінің синтаксистік единица екендігіне ешкім талас туғызбайды, дегенмен сөз тіркесі мен сөйлемнің арасында қандай айырмашылық бар деген сұрақ - әлі де шешімін таптай, талас туғызып жүрген мәселенің бірі. Мысалы, В.В.Бабайцева, В.В.Виноградов, А.С.Смирницкий, К.Аханов, Н.А.Басқаков сөз тіркесіне номинативті қасиет тән десе, Ю.В.Фоменко, А.Моисеев, М.Балақаев сөз тіркесінің номинативтілігін жоққа шығарады. Зерттеушілер «қарым-қатынастың тілді прагматикалық түрғыдан жұмсай алу үшін бірінші кезекте тілдік бірліктердің қатысымдық қолданысындағы ең өзекті, маңызды жақтарына көніл бөліп, соларды ашуды» талап ретінде қояды [13, б. 29]. Олай болса, сөз тіркестерінің күрделі де сан қылыш синтаксистік құбылыс екендігін таныта отырып оқыту баланы коммуникацияға үйретуде маңызды саналады. Сөз тіркесі тілдік бірлік ретінде оқушының қарым-қатынас жасау дағдыларын ширатуға мүмкіндік тудыру үшін қаншалықты рөл атқаратыны үнемі назарда ұсталынады. Сөз тіркесінің мағынасын тану, олардың ойды жеткізудегі мәнін түсіну үшін оқушы олардың өзіндік белгілерін тани білуі, оны өз пікірін анық, нақты, дұрыс білдіруге қатысты қолданылу зандылығын саналы түрде менгеруі, түсінің қажет. Өйткені «құзыреттілік: 1) игерген білімі мен дағдысы арқылы мәселені өз бетінше шеше алуға мүмкіндігі бар жеке тұлға қабілетінен; 2) тұлғаның теориялық, танымдық және тәжірибелік іскерлігін менгеру дәрежесін анықтайдын білімділік деңгейінен» көрінеді [14, б. 60].

Белгілі лингвист Н.Хомский алғаш «құзыреттілік» ұғымын тілдің тәжірибеде қолданылуымен сабактастырды. Ғалым «қатысым барысында адамның тілдің өзіндік зандылықтары мен ережелерін түрлі жағдаяттарға байланысты практикада дұрыс қолдануы – құзыреттілік» деп анықтама берді [15, б. 54]. Ғалымның осы пікірі кейінірек «құзыреттілік» ұғымын адамның білімі мен білік, дағдыларын практикада өзіндік көзқарасы, пікірі түрғысында қолдануы деген көзқарасты қалыптастырды. Н.Хомскийдің пікірін жалғастырушы Д.Хаймс «қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттілік» терминіне алғаш рет анықтама береді. Бұл көзқарас кейінірек М.Н.Вятютнев,

Дж.Равен, Л.А.Петровская, А.А.Зимняя, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Т.А.Гудкова, А.А.Чингизова, және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жетілдіріліп, «қатысымдық (коммуникативтік) құзыреттілік» ұғымының қалыптасуы мен дамуына айрықша әсер етті [16-23].

Қазіргі таңда қатысымдық құзыреттілік тілді оқытудың түпкі нәтижесі болып белгіленді. Өйткені оқытудың басты мақсаты да, күтілетін нәтижесі де оқушының сөйлесім дағыларын, сөйлеу әрекетін дамыту болып отыр. Өкінішке орай, теория жүзінде бұл дұрыс айқындалғанмен, практикалық түрғыдан шешімін күтіп жатқан мәселелер жетерлік. Соның бірі - оқу үдерісін ұйымдастырудың «құзыреттілік» және «құзырлылық» ұғымдарының аражігін ашып алу.

Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, «құзыреттілік – оқыту үдерісінде оқушының белгілі бір пәнді менгеруі және осы пәндік заңдылықтар арқылы ойлануы. Құзырлылық – белгілі бір құзыреттілікті менгеруі, сол құзыреттілікті практикада өзіндік қабілеттері, білімдері, дағылары мен біліктері арқылы қолдануы» [24, б. 12]. Ал, Л.Н.Паламарчук «құзыреттілік» және «құзырлы» ұғымдары жөнінде төмендегідей пікір айтады: «Құзыреттілік – оқушының біліміне қоғамның талабы, белгілі бір пән жөнінде теориялық білімі және осы білімді жүзеге асыру тәсілдері мен жолдары. Құзырлылық – осы құзыреттіліктерді менгеру» [25, б. 5]. Бұл жерде зерттеушілердің құзыреттілікті пәнді менгеруі, ойлануы деп, ал құзырлылықты құзыреттілікті менгеру деп беруінде логикалық байланыс жоқ деуге болады. Өйткені пәнді менгеру деген абстрактылық ұғым, ал құзыреттіліктер нақты бір практикалық дағылармен байланысты болады. Сол сияқты Л.М.Митина да «құзыреттілікті» «білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесімде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері» дейді [21, б. 11]. Біздің ойымызша, құзыреттіліктер құрамына алғашқы біліктегі білім, білік, дағды енгенімен, «қолданылатын тәсілдер» деген анықтама сәйкес келмейді. Өйткені құзыреттілік – нәтиже, ал тәсіл – сол нәтижеге жеткізетін әрекет амалы. Сондықтан оларды бір деңгейде қолдану ойға сыйымсыз.

Г.Ж.Ниязова өз зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Білім беру құзырлары – студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» дейді [24, б. 18] десе, М.Жадрина құзыреттілік жөнінде мынадай пікір білдіреді: “Құзырет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, іскерлік, дағды, әрекет тәсілі) жиынтығы болса, құзыреттілік – адамның сол әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды менгеру” [26, б. 52].

Осы пікірлерді жинақтай келгенде, құзыреттілік – тек білім ғана емес, оқушының оқыту үдерісінде менгерген білімдерін практикада қолдануы, дағылары мен біліктерін орынды пайдалануы. Сондықтан «қазіргі педагогика жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруды білім алушыны оқыту мен тәрбиелеудің объектісі деп емес, субъектісі ретінде зерттейді» [27, б. 52].

Ғалымдардың пайымдауларын талдай келе: *бірінишіден*, құзыреттілік – «дағды, білік» ұғымдарына қарағанда кең ұғым; *екінишіден*, адам арнайы құзыретті болып тумайды, білімдерді менгеру, оқу әрекеті үдерісінде қалыптасады; *үшінишіден*, бастауыш мектептің құзыретті оқушысы – тіл, тіл занылықтары туралы білімі мен түсінігі бар, оқу-танымдық іс-әрекетке қабілетті, қатысыммен байланысты өмірлік, әлеуметтік дағдылар мен қатысымдық біліктерді менгерген тұлға деген тұжырым жасалды. Өйткені тілдік білімсіз сапалы қатысымдық дағды қалыптастыру мүмкін емес. Бұл оқыту үдерісінде теория мен практиканы шеберлікпен ұштастыру арқылы өз шешімін табады. Сол себепті қатысымдық құзыреттіліктер туралы ой-пікірлердің негізіне тілдік білім мен қатысымдық дағдының байланысы теңдей етіп алынып отырылады. Олай болса, тілді оқыту үдерісінде теория мен практиканы ұштастыру үшін қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастырудагы тілдік білімнің маңызын ашып алу қажеттігі туындайды. Бұл, алдымен тіл мен сөйлеудің ортақ және ерекше белгілерін анықтауға келіп тіреледі.

Тілді жүйе ретінде қарайтын ғалымдар тіл өзіндік занылықтары арқылы өмір сүреді дейді. Мәселен, В.М.Солнцев: «Несмотря на критику самого этого деления и на вызывающее лично у меня возражение и столкновения противопоставления языка речи, само это деление, подготовленная развитием научной мысли и характер изующее два явления – средство общения и его применение, является одним из основных положений современной лингвистики: а) с точки зрения функции языка: язык есть средство общение людей, и как такое, есть средство формирования, выражения и сообщения мысли; б) с точки зрения механизма языка: язык есть набор некоторых единиц и правила использования этих единиц, т.е. комбинирования единиц; в) с точки зрения существования языка: язык есть результат социального, коллективного навыка «деления» единиц из звуковой материи путем сопряжения некоторых звуков с некоторым смыслом; г) с семиотической точки зрения: языка есть система знаков, т.е. система материальных предметов (звуков), наделенных свойством обозначать что-то, существующее вне их самих; е) с точки зрения теории информации: язык есть код, с помощью которого кодируется семантическая информация др», - дейді [28, с. 42].

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеудің айырмашылықтарын жіктең көрсеткен ғалым Ф.Ш.Оразбаева бұл пікірлерді одан әрі терендете түседі. Ол «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты еңбегінде тіл мен сөйлеуді бір-бірімен байланысты, бірақ табиғаты екі бөлек құбылыс ретінде таниды. «Тіл – табиғаттың өзіне тікелей бағынбайтын күрделі құбылыс. Сондықтан ол әлеуметтік-қоғамдық процесс болып саналады. Тіл сияқты сөйлеу де – әлеуметтік құбылыс. Өйткені сөйлесуді жеке бір адам жүзеге асыра алмайды, ол бірнеше адамдардың тілдік түсінігі арқылы іске асады. Сөйлесім адамдарды біріктіреді, оларды өзара байланысқа түсіреді» дей келіп, оларға ортақ мынадай белгілерді атап өтеді: а) әрі қоғамдық - әлеуметтік; ә) әрі жекелік, дербестік мәні бар; б) әрі қатысымдық құбылыстар» [29, б. 207].

Осындай лингвистикалық қағидалар мен тұжырымдар ең әуелі сөз тіркесіне қатысты зерттеулерді сарапал алуды қажет етеді. Библиограф Ш.Сарыбаевтың мәліметі бойынша, «сөз тіркестері және оны мектепте оқыту жайында бүгінгі қунге дейін төрт жүзден астам еңбектер жарық көрген» [30, б. 28]. Сөз тіркестерінің теориялық мәселелері жан-жақты зерттелгенмен, оны бастауыш сыныптарда оқытуудың әдістемесіне қатысты мәселелері, оның ішінде қатысымдық құзыреттіліктер мен сабактастығы арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. Дегенмен, тілді оқыту үдерісіне арналған еңбектерде қатысымдық құзыреттілік деген термин аталмағанмен, оқушының тілін дамыту, тілін ұстарту аясында бұл мәселе зерттеушілер назарынан тыс қалмаған. Сол себепті бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін зерделеуде Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, Г.Бегалиев, Ә.Садуақасов, С.Жиенбаев, И.Ұйықбаев, Ш.Сарыбаев, К.Бозжанова, М.Жұбанова, С.Рахметова, Ф.Оразбаева, Г.Уәйісова, Қ.Молдабек, Ш.Қапантаева, Р.Рахметова, Ә.Жұмабаева және т.с.с. ғалымдардың еңбектеріндегі ой-тұжырымдар басшылыққа алынды. Өйткені аталған ғалымдардың еңбектері қазақ тілін оқыту әдістемесінде елеулі орын алады.

Ы.Алтынсарин есімімен бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі тығыз байланыста аталады. Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арнап алғашқы «Қыргыз хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» және «Мактубатты» жазып, қазақ балаларының сауатын ашуда дидактиканың соңғы жетістіктерін орынды қолданған. Ұстаз-ғалым тілді оқыту барысында оқушыларға сөз мағыналарын, грамматикалық зандылықтарды жүйелі үйрету қажеттілігіне баса назар аударған: «Қазақ баласы кітаптарда кездесетін сөздердің мағынасын, олардың грамматикалық өзгеруін жүйесіздікпен, бірден және бір мезетте оку қажеттігі туған кезде тұйыққа тіреліп, кезігетін ережелердің әр алуан күрделілігі себепті ештеңін естерінде сақтай алмайды, тіпті мұлдем ештеңе түсінбейтін халге жеткен кездер де болады» - дейді [31, б. 4]. Сондықтан оқушылардың сөздік қорын молайта отырып, тілін дамытуда, оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың сөз тіркестерін жүйелі, сатылы-сабактастық ұстаным негізінде оқыту мен сөйлеу әрекетіне үйретуді бірлікте ұйымдастырудың маңыздылығы көрінеді. Бұл бастауыш мектепте сөз тіркестері туралы алғашқы ұйымдарды оқушы жасына лайықтап беріп, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім әрекеттерін кешенді түрде ұйымдастыру жолдарын анықтауды міндеттейді. Осы компоненттерден қатысымдық құзыреттіліктер қалыптасады. Джон Равен “Қазіргі қоғамдағы құзыреттілік” енбегінде: «Құзыреттілік бір-біріне тәуелсіз, көптеген компоненттердің бірлігінен тұрады. Компоненттердің бірнешеуі бірігіп, адамның танымдық аймағын, бірнешеуі мотивациялық аймағын құрайды» - деген болатын [17, б. 33]. Бұл сипат қатысымдық құзыреттіліктердің құрайтын сөйлесім әрекеттеріне де тән. Өйткені олардың да ішінде танымдық және мотивациялық мақсаттағы құрауыштар бар. Мысалы, тыңдалым мен оқылымда

таннымдық мақсат басым болса, айтылым, жазылым және тілдесімдерде мотивация маңызды болып саналады.

ХХ ғасырдың басында А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты бірнеше оқулықтары мен мақалалары, әдістемелік құралдары жарияланды. «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айрынқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылаулы әдіс» және т.б. мақалалары мен «Баяншы», «Тіл жұмсар» атты әдістемелік құралдары айрықша маңызға ие. А.Байтұрсынұлы аталған еңбектерінде бастауды мектептен бастап оқушылардың сөйлеу әрекеті компоненттерін бірге қалыптастыруға көніл болған. Оған оқушының аузында және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіруге қатысты пікірлері дәлел. Ғалым айтылым, жазылым әрекеттеріне қойылатын талаптарды саралап, олардың әрқайсысының өзгешелігін ажыратып көрсеткен. Атап айтқанда: «Балаға сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан та артық», «сөйлегендегі сөздің жүйесін келтіріп сөйлеу қажет. Сөздің жүйесін, қисынның келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша бір-біріне қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» [2, б. 115]. Осындағы сөз жүйесі ұғымына бір сөйлемдегі жекелеген сөздердің тіркесімділігі, әрбір сөздің мағынасынан туындаитын ой құрылымының тұтастығы енеді. Ал, мәтін тұрғысынан алғанда сол мәтіндегі біртұтас аяқталған ойды білдіруге қатысатын сөйлемдер мен абзацтар арасындағы логикалық бірлігі алынып отарғаны анық. Ондай сауатты құрылатын ой жүйесі, әрине, оқушының жеке сөздер мен олардың тіркесімділік мүмкіндіктерін дұрыс қолдану дағдыларын дамыту арқылы іске асады. Бұл жердегі қатысымдық дағдылар монологтік сипаттағы сөзге тән.

А.Байтұрсынұлы тілдесім кезіндегі сөздерді дұрыс тіркестіру мәселесіне қатысты да құнды пікір айтады. Оның бұл тұжырымында тілдесімнің прагматикалық аспектілері, диалогке қатысушы субъектілердің мақсаты мен сөйлеу жүйесіндегі сөздерді талғау, қолдану жайы қатысымдық тұрғыдан көрсетіледі. «Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтыру үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады» деген пікірі сөз тіркесін қатысымдық-таннымдық тұрғыдан оқытудың бағыт-бағдарын анықтауға тірек болады [2, бб. 142-274]. ХХ ғасырдың басында ғұлама ғалым тілдік материалдарды жаттанды оқытпай, оны оқушының мұддесімен, өмір қажетімен байланыстырып және тілдік қатынаска негізден мемгертудің жолын ұсынған. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде оқытудың түпкі нәтижесі оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандықтан, айтылған тұжырымдар мен пікірлер сөз тіркестерін оқытуда маңызды рөл атқарады. Олай болса, оқушыларды сөйлеуге үйрету, қоршаған шындық ортадағы заттар мен құбылыстар жөнінде әңгімелетуден басталып, өздеріне қызықты тақырыптар жөнінде пікірлесімге, ой бөлісуге, ой қорытуға үйрету жолымен жүргізу қажеттігін көрсетеді. Сонда ғана бастауды мектеп баласының қатысымдық құзыреттіліктерін жүйелі қалыптастыру толыққанды болмақ.

Өйткені Қазақстан Республикасы 12 жылдық жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандартында айтылғандай, «құзырлылық – оқушының әрекеттің әмбебаб тәсілдерін игеруі арқылы көрінетін білім нәтижесі» болып саналады [32, б. 19]. Сондықтан қатысымдық құзыреттілік те бір мақсатқа бағындырылып, шоғырланған сөйлесім әрекеттерін бірден қатар үйрету жолымен қалыптасады.

Тіл пәнін оқытуда сөйлесім әрекетін жетілдіруді оның қандай жұмыс түрінен бастау керектігі туралы тұщымды ойлар С.Аманжолов еңбектерінде нақты айталған. Ғалым: «Сөйлемдегі сөздердің орын-орнын сақтаудың қажеті не, онымен не біtedі?» дейтіндер де жоқ емес. Бұлар – тілді асылдау, ұғымдылығын, түсініктілігін арттыру дегеннен түк хабары жоқ адамдар. Тіл – білім; грамматика – ойды сөз арқылы білдірудің техникалық құралы. Олай болса, дұрыс ойлау дұрыс жазуға мүмкіндік тудырса керек. Меніңше, әрбір адам дұрыс ойлап, дұрыс сөйлеп, әсіресе, дұрыс жазуға да мүмкіндік іздеуі керек. Өйткені бұл күнде көп адам дұрыс ойлаудың ойласа да, дұрыс сөйлей, әсіресе, дұрыс жаза білмейді» [33, б. 108]. Біздіңше, бұл жерде ғалымның дұрыс сөйлеуге үйретуді дұрыс ойлауға үйретуден бастау керектігі туралы пікірі білімнің жаттандылыққа құрылмай, алдымен оқушының ойын дамытуға бағытталуының мәнін ашып тұр. Мысалы, сөз тіркестерін оқытуда баланың жасына лайықтап, логикалық тапсырмалар беру, синоним, антоним сөздерден құралған тіркестердің аражігін ажыратуға төседіру арқылы олардың ойын дамытады әрі білімнің саналы игерілуіне мүмкіндік береді.

Сөздерді дұрыс тіркестіре алуға үйренген оқушы үшін мәнді сөйлем құрау, одан әрі нақты бір тақырып бойынша жүйелі мәтін дайындау, шағын диалог құру да қындық тудырмайды. Ал бұл дағылар бірігіп келіп, оқушының қатысымдық құзыреттілігіне ұласады.

Оқушының логикалық ойлаудың дамытудың жолдары туралы ұтымды пікірлерді әдіскер-ғалым С.Жиенбаев еңбектерінде айтЫлады. Зерттеуші: «*Ағаш үй, тас көше, аудандық мекеме, қысқы күн, білгіш адам сияқты* тізбектерді мысалға алып, балаларға алдыңғы сөздердің сын есім сұрауына жауап болып тұрғандығы айтЫлады. Енді бұл сөздер о баста заттың сынын көрсетіп тұрған сөз бе, емес пе деген сұрау тастап, мынадай бақылау жұмысы жүргізіліп, мынадай нәрселер анықталады: Алдыңғы *ағаш, тас* деген екі сөз жеке алғанда зат есім сөздер, олар заттың сынын көрсетпейді, атын көрсетеді. Мына жерде *үй, көше* деген заттардың қандай екенін (неден жасалғанын) көрсетіп, сын есім болып тұр. Ал тұлғасында еш айырмашылық жоқ, тек анықтайтын сөзінің алдында келіп, анықтауыш болғаннан ғана сын есімге айналып тұр» - деп, сөздердің мағыналық топтарын сөз тіркестіру арқылы ұғындырудың маңызды жолын ұсынады [34, б. 118].

Бұл әдіс оқушыларға сөз мағыларын ұғындыру үшін, ең алдымен, олардың басқа сөздермен тіркесу қабілеттеріне сүйену қажеттігін көрсетеді. Олай болса, сөз тіркестері сөз мағынасы мен сөйлем құрылымын ажырата білуге, дұрыс аңдауға үйретуде ерекше маңызды рөл атқарады. Бұл, шын мәнінде, оқушының

қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың негізі сөз тіркесін менгеруден басталатынын дәлелдейді.

F.Бегалиевтің осыдан ғасырға жуық айтқан оқыту үдерісіндегі оқушы тілін дамытуға қатысты кері жағдайлардың бүгінгі мектеп тәжірибесінде әлі де кездесетіні шындық. «Мектепте ана тілін оқытуудың сапасын төмендетіп отырған басты себептердің бірі - формализм екені байқалады, - дейді ғалым. Ана тілі сабағында негізгі методикалық принциптер қолданылмайды: тілдің зандарын үйретумен бірге, сол зандарын іске асыру ретінде тиісті дағдылық жұмыстар жүргізілмейді немесе тиімді әдістер қолданылмайды, программа көлеміндегі білім мөлшерін оқушы шала түсініп, жаттап оқиды; оқылған материалдар жүйелі ізben пысықталып отырмайды; баланы ойлантарлық, оның қиялыш-ойын дамытарлық жұмыстар істелмейді; жаңа тақырыпты талдау я пысықтау, талдау үшін алынатын мәтін мазмұн жағынан құнсыз, құнделікті өмірмен байланысы жоқ болады да, баланы қызықтырмайды. Сол себепті, түсіндіріліп отырған сабакта оқушыға ұғымсыз көрінуі мүмкін. Жаңа материал бұрынғы оқылғандарға негізделіп барып түсіндірілуі керек. Барлық сабакта бірыңғай әдіс қолдануға болмайды, тақырыптың түріне қарай түрліше әдіс қолдану қажет болады, ал мектеп тәжірибесінде бұл жағдай көп еленбей жүр» [35, б. 192]. XX ғасырдың 30 жылдарында айтылған сөздің маңызы сексен жыл өтсе де әлі қунге дейін өз маңызын жойылмауының бірқатар себептері бар. Бүгінгі қунге дейін бастауыш мектептерде қазақ тілі сабактарындағы оқутапсырмалары оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға орай ұйымдастырылмайды, оқу үдерісі субъект-субъектілік қатынасқа құру мәселесі назардан тыс қалып отыр. Білім беру үдерісі әлі де схоластикалық оқытуға негізделіп келеді.

Мектеп оқушыларының сөйлеу әрекеттерін жүйелі етіп ұйымдастыруға кедергі келтіріп отыған себептің бірін Т.Шонанұлы мұғалімнің кәсіби біліктілігімен байланыстырады: «Балалар жақсы сауатты бола алмауына бас себеп – оқытушылар білімнің тапшылығы, әдіске шорқақтығы, тәжірибесінің кемдігі, грамматика мен емлені дұрыс білмеуі, оқытушылардың бір жерден, екінші жерге суси беруі» [36, б. 14].

Осы пікірді профессор Е.Ә.Жұматаева қазіргі оқыту жүйесінің негізгі кемшіліктермен сабактастырып терендете түсіндіреді:

- пікірдің қажеті жоқ, оған уақыт кетеді;
- күрделі оқу материалын мұғалімнің женілдетіп түсіндіруі;
- фактілерге жүгініп, білімді жинақтап қабылдауға мән берілмейді [37, б. 13].

Ендеше, мұндай олқылықтың орнын толтырып, оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға қолайлы жағдай туғызудың бір жолы – бұл оқыту үдерісіне тұлғаға бағдарланған технологияларды енгізу деп ойлаймыз.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін кейінгі жылдары арнайы ғылыми түрғыда қарастырған, бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың тілін дамыту мәселелеріне арналған бірнеше іргелі ғылыми жұмыстар бар. Соның бірі - бастауыш мектепте қазақ

тілін оқыту мәселесін түбегейлі қарастырған әдіскер-ғалым профессор С.Рахметованың еңбегі. Ғалым бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың мазмұны нені қамтуы қажет деген сұраққа былай деп жауап береді: «Мұнда мынадай негізгі мәселелерді үйретуіміз қажет: белгілі бір тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамытатын сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды менгеру барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне, сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге үйрету. Сонда осы үшеуі /сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып сөйлеуге үйрету/ күнделікті өтілетін сауат ашу, грамматика, оку сабактарымен байланысты, біртұтас жүргізіліп отыrsa, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады» [38, б. 92]. Ғалым оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда сөздерді мағыналарына қарай тіркестіру керек екенін олардың тілдік қатынаста орынды сөйлей алу қабілеттерінің бір бағыты екендігін тұжырымдаған.

Ә.Жұмабаева «Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты докторлық жұмысында бастауыш мектепте жүргізілетін синтаксис сабактарын дамыта оқыту мәселесін қарастырған [39, б. 6]. Ол сөз тіркесін, сөйлемді оқытууды оқушының тұлғалық қабілеттерін жетілдіру, тілін дамыту, тілін ұстарту бағытында зерделеді.

Сөз тіркестерін негізгі мектепте дамыта оқыту мәселесін жан-жақты қарастырған Н.Ж.Құрманова сөз тіркесін ғылыми таным нысаны ретінде оқытуудың бағыттарын белгілеп көрсетті. Ғалым көрсеткен басты бағыттар: «оқушы сөз тіркесін түрлі байланыстар мен қатынастардан тұратын, өзгеру мен даму арқылы түрлі сипатқа ие болатын тіл бірлігі деген ұғым қалыптастыру»; «оқушының өзі теориялық әдістерді саналылықпен қолдана отырып, сөз тіркесінің түрлі трансформациялық болмысын тәжірибе арқылы дәлелдей алатын машық-дағылар қалыптастыру», «оқушы сөз тіркесін теориялық деңгейде оқып-білуі барысында теориялық білім, машық - дағыларға ие болып, ақыл-ой қызметінің терең талдаулар жасау мүмкіндіктерін игерту», «оқушы сөз тіркесі туралы білім мазмұнының түп негізін өзіндік мақсаттар қою арқылы және сөз тіркесінің ішкі байланыстары мен қатынастарын, содан туындастырын жалпы занылықтарды түрлі өзгерістер мен дамулар нәтижесінде менгерту» [40, б. 34]. Зерттеуші сөз тіркестерін оқытуда оқушылардың білімді саналы менгеруі ғана олардың қатысымдық құзыреттіліктерінің дамуына он ықпал ететіні даусыз деген түйін жасайды.

Жоғары мектепте синтаксисті оқыту әдістемесін зерттеген Р.Рахметова «Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытуудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясында: «қатысымдық құзыреттілік дегеніміз – студенттің түрлі жағдаятта тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі және әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтай отырып, ұйымдастыру біліктілігі. Студенттің қатысымдық құзыреттілігі ауызша және жазбаша коммуникацияны менгеруі мен әлеуметтік өміріне қажетті қабілеттерді игеруінен көрінеді. Тілдік бірліктерді дискурс пен пікір

білдіруде шығармашылықпен қолдана білуі және дара тұлға ретінде кез келген жағдаятта ойын еркін, жүйелі жеткізуінен байқалады» - деп көрсетеді [41, б. 27]. Олай болса, бастауыш мектеп оқушысын сөз тіркесін оқыту арқылы қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруды оқушының әлеуметтік дағдыларын дамытумен бірліктे жүргізуге баса көніл бөлінуі тиіс.

Қатысымдық құзыреттілік пен оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелері бір-бірімен тығыз сабактас. А.Рауандина «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі» атты еңбегінде: «Қазақ тіліне қатысты функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындалап отыр. Коммуникативтік құзырет, оның іске асуын қамтамасыз ететін сөйлесім әрекетінің барлық түрлерінде – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесімде қалыптасып, функционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді» [42, б. 15].

А.Қабылова «Оқушылардың іскерлік қарым-қатынас тілін модульдік технология арқылы оқыту әдістемесі» атты ғылыми жұмысында оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін, алдымен, мынадай дағдылар қалыптасусы керек дейді: «оқушы өз ойынан сөйлем құрастыра білу үшін грамматикалық ұғымдарды сауатты қолдану дағдысын қалыптастыру мен дамыту, оқушының сөйлеуі нәтижелі болу үшін мәтін құрастыра білу икемділігін жетілдіру» [43, б. 20]. Сол себепті бастауыш мектеп оқушысының білім деңгейіне қарай сөз тіркесі, сөйлем, мәтін үнемі бірлікте алынуы тиіс.

Ш.Т.Мұқанбетова «Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» атты ғылыми жұмысында оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін қарастырған [44, б. 158]. Ғалымның зерттеулерінен арнайы ұйымдастырылған оқыту әдістері оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерінің дамуына, дұрыс сөйлеу икемділігіне әсері талданады. Тілді оқытудың қызметі мен тәсілі жалпы тілдерге оқытудың қатысымдық бағыт пен қатысымдық құзыреттіліктердің мәнін түсінуге көмектеседі. Ол үшін бұларды, біріншіден, қызметтік тәсілде және қатысымдық бағытта оқыту объектісінде түрған тіл қызметін (тыңдалым, жазылым, айтылым, сөйленім) жалпы емес, жеке оқушы қатысымына сәйкес қарастыру керек. Бұл түрғыда қатысымдық құзыреттілік пен тіл қызметінің ұғымдары сәйкес келеді. Екіншіден, егер тілді менгерудің объектісі мен мақсаты қатысымдық құзыреттілік жеке адамның тіл қызметі болып табылса, онда тіл жүйесін оның тілдегі қызметінен бөлудің қажеті жоқ. Себебі қатысымдық құзыреттілік тілді іске асырудың тәсілдері мен әдістері болып табылады. «Тілдік қатынаста тіл қызметінің құрылымын құрайтын көптеген сипаттамаларға байланысты. Оларға жататындар: а) қатысымның ауызша немесе жазбаша түрі; ә) сөйлеуде және жазуда, тыңдауда және оқуда белсенделік, бағыттылық, кері байланыстың сипаты; олар түрлі анализаторлармен іске асырылады; б) сөйлеудің үш формасы: сыртқы ауызша, сыртқы жазу және ішкі; в) тіл тудырудың үш

фразасы: қозғаушы-мотивациялық, бағыттық- зерттеушілік және орындаушы; г) пәндік мазмұны; ғ) жалпы қатысым жағдаяты» [45, б. 18].

Бастауыш мектептің қазақ тілі сабактарында ғалым-әдіскерлер М.Жазыбаев пен Ә.Нағашыбаеваның бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастауыш кластар үшін грамматикалық ойындар» деп аталатын атты еңбегінде дидактикалық ойындарды сабак кезінде қолдану арқылы оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін өзара бірлікті дамыту жөнінде құнды пікірлер берілген [46].

Зерттеуші ғалым Қ.Молдабек: «Бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруды басқа да құзыреттіліктерге назар аударған жөн. Бұл оқыту үдерісінде оқушыларды әлеуметтендіруге, олардың танымдық қабілеттерінің даму жолдарын, оқушының өмірлік жағдаяттарда тілдік қатысымға түсү уәждері мен қажеттіліктерін түсінуге жәрдемдеседі» - дейді. Өзге құзыреттіліктер қатарында әлеуметтік, ақпараттық-технологиялық, танымдық, уәждік және іс-әрекеттік құзыреттіліктерді атап көрсетеді [47, б. 12]. Қ.Молдабек атаған соңғы құзыреттіліктер келесі бір ғалымдардың пікірінше, қатысымдық құзыреттіліктер құрамына енеді. Мысалы, оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру туралы арнайы зерттеу жүргізген Ш.Мұқанбетова: «Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі лингвистикалық, тілдік, дискурсивті, прагматикалық, мәдени компоненттерден құрылған. Лингвистикалық компоненттің негізі тілдік білім, ауызша және жазбаша сөздің нормалары туралы білімінен құралса, дискурсивті компонент дискурстың түрлерін білу, оларды құру, жасау және түсіну іскерлігін қамтиды. Прагматикалық компонент қарым-қатынастың белгілі бір ситуациясында коммуникативтік мазмұнды жеткізу даярлығын көрсетеді, ал мәдениеттілік компонент сөйлеу, сөз таңдау, грамматика деңгейінде сөйлеу мәдениетін менгеруге байланысты болады»- деп түйіндейді [44, б. 19].

Оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерінің осындағы құрамнан тұратыны туралы пікірлер А.А.Чингизованның еңбегінде де айтылады. Ол қатысымдық құзыреттілікті «құрделі психолингвистикалық құрылым» ретінде қарастырады [48, б. 15]. Жоғарыдағы ой-тұжырымдарды талдай келгенде бастауыш мектеп оқушысының жас және психологиялық ерекшеліктерін және олардың білім, білік деңгейлерін ескере келе, біз өз зерттеуімізде қатысымдық құзыреттіліктердің құрауыштары ретінде тілдік, сөйлесімдік және лингвомәдени құзыреттіліктерді алудың қажеттігін негіздедік. Өйткені білім берудің бұл кезеңінде лингвистикалық, дискурсивтік, прагматикалық, танымдық, уәждік және т.б. құзыреттіліктерден гөрі тілдік, сөйлесімдік және лингвомәдени құзыреттіліктердің төменгі мөлшерлерін анықтап алу әрі ойға сыйымды, әрі шындыққа жақын болатын сөзсіз.

Қатысымдық құзыреттіліктің дамуына база қалыптастыратын, оның білімдік қорын жетілдіретін бірден-бір қайнаркөз – тіл бірліктері туралы ұғым-түсініктер. Бұл орайда біз зерттеу нысанымызға қарай сөз тіркесі мен басқа тілдік бірліктердің арақатынасын қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру аспектісіне сәйкес қарастырамыз. «Бастауыш мектептің оқыту үдерісінде сөз

тіркесінің басқа тілдік бірліктермен байланысын таныту қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі болып саналады. Өйткені тілде барлығы да бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың ішкі сабактастыры туралы білім оқушының сауаттылығының, тіл туралы, тілдік бірліктер туралы дүниетанымының дұрыс қалыптасуының, оларды дұрыс қолдана алуының кепілі болып табылады» [49, б. 31].

Жалпы тілдік бірліктер жөнінде анықтамалар мен түсініктер бойынша «тілдік бірліктерге мынадай белгілер тән: а) дербес мағынаны білдіреді немесе мағынаның жасалуына әсер етеді; ә) дайын күйінде тіркеседі және әрі қарай бөлшектенбейді; б) өзінің қасиеттерімен тілдік жүйені нұскайды; в) бір ғана субъектіге қатысты болады» [4, б. 29].

Енді осындаған қасиеттерге ие тілдік бірліктер былайша іріктеледі. Тілдік жүйені құрайтын: фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем және мәтін тілдік бірліктер деп есептелінеді. Себебі фонема – жоғарыда аталған үш қасиеттің барлығына ие тілдік бірлік. Сөз құрамындағы фонемалар түрлендірілсе, басқа мағыналы сөз туады. Бұл – фонеманың сөз тудыру қасиетінің бір жағы. Екінші жағы – тек бір ғана фонемадан тұратын дербес мағынасы бар сөз қазақ тілінде кездеседі. Мысалы, «**У**». Сондықтан фонема – тілдік бірлік.

Бастауыш мектеп оқушысына сөз тіркестерін оқытқан кезде оның фонемамен сабактастырын әртүрлі дидактикалық ойындар, логикалық сөзжұмбақтар, тапсырмалар арқылы менгертуге болады. АнаGRAMМАЛарды шешу де оқушының ойын өсірумен қатар олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Бұл көбінде тындалым, жазылым сипатындағы, көрнекіліктермен безендірілген ізденімдік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде тиімді болады.

Морфема – сөздің құрылымдық бөлшегі ғана емес, сонымен қатар дербес мағынаға ие тілдік бірлік. Морфема – екі жақты дербес бірлік. Оның бірінші жағы құрылыш материалы ретіндегі қызметі болса, екінші жағы – мағыналық қызметі. Морфеманың қызметі агглютинативті тілдер қатарына жататын қазақ тілінде айқын көрінеді. Өйткені «басқа сөздермен морфемалық байланысқа түсү арқылы сөз белгілі бір ойды білдіреді» [50, б. 111]. Демек, сөз жеке тұрғанда бір мағынаға ие болса, морфема жалғанғаннан кейін екінші бір басқа мағынаға ие болумен қатар, сөздердің тіркесімділік қабілетін қүшейтеді. «Бұл бағыттағы тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушылар сөздің түрлену, жаңа мағынаға ие болу үдерісіндегі қосымшалардың рөлін жете түсіне отырып, сөз тіркесін қурауда олардың шешуші маңызды ие болатынын анғарады. Сөйлем қурау үшін сөздердің арасындағы қосымшалардың дәнекерлік қызмет атқаратынын біледі» [51, б. 49].

Сөз – тілдік бірліктердің негізгісі, ұйытқысы. Сол себепті тілдік бірліктердің негізгісі деп атауда Ф.де Соссюрдің сөз туралы «нечто центральное во время механизма языка» [10, с. 49] деген көзқарасы – қуаттарлық пікір. Сөз тілдік бірліктердің негізгісі болуының басты бір себебі оның, бір жағынан, лексикамен (семасиологиямен), екінші жағынан, грамматикамен де байланысты екендігінде. Сөз – лексика-грамматикалық

бірлік. Бұл жөнінде А.И.Смирницкий: «..слово выступает как необходимая единица языка и в области лексики (словарного состава), и в области грамматики (грамматического строя), и поэтому слово должно быть признано вообще основной языковой единицей» [52, с. 21]. Сөз тіркесін құрау үшін де, сөйлем мен мәтін түзу үшін де лексикалық толық мағыналы сөздер құрал ретінде қызмет етеді. Өйткені профессор Қ.Жұбанов айтқандай, «сөз тудыру, түрлендіру, сөйлем құрау секілділердің бәрі де бүтін сөздердің ілгері-кейінді келіп құрмаласуынан (тіркесуінен) пайда болады» [53, б. 326].

Сөз тіркестерін оқыту тек лексикалық бірліктерді жақсы білумен шектелмейді, оқушыларға сөздердің ауызша сөйлеудегі қолданылу ерекшелігі мен ережесін де қатар үйрету қажет. Бұл – сөздерді тілдік қатысымда қолдану, сөз тіркестерін құрау үшін грамматикалық ережелердің маңызды орын алатындығының дәлелі. Себебі сөз тіркесін айту, ойды сөйлем арқылы жеткізу грамматикалық зандылықтар мен лексикалық зандылықтардың өзара бірлігі, байланысы арқылы жүзеге асады. Сондықтан ауызша сөйлеу барысында оларды бөлек-бөлек ереже, грамматикалық зандылық деп белместен, біртұтас пайдаланып, бірге оқытқанда ғана оң нәтижеге қол жеткізіледі.

Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырудың түп негізі. Сөз тіркестерін сөйлеу барысында дұрыс менгеріп, орынды қолдана білу – түсінісудің басты құралы. Сондықтан грамматика – тілдегі барлық материалдардың өзегі. Сондықтан ғалым-тілші С.Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» атты еңбегінде: «Тілдің грамматикалық құрылышы тіл деңгейлерінің көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да әрі күрделісі, әрі ауқымды екені даусыз. Өйткені тілдің қоғамдық құбылыс ретінде өзіндік ерекшеліктері, атқаратын қызметіндегі сан алуан жүктөрі, даму барысындағы диалектикалық зандылықтары – барлығы тілдің грамматикалық құрылышынан анық көрінеді» – дейді [50, б. 23]. Сөйлей білу үшін оның барлық алғышарттары бірге, тұтас жүйе түрінде оқытылуы қажет. Грамматикалық жағынан өзара дұрыс байланыспаған сөздер, сөз тіркестері адам ойын анық әрі толық жеткізе алмайды. Сондықтан да сөздер белгілі бір мағынаға ие болып, жүйелі түрде өзара байланыса келіп қана бір бүтінді құрайды да, дұрыс әрі нақты ойды білдіретін тиянақты сөйлемге айналады. Оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруда сөз тіркестерін оқыту барысында мынадай грамматикалық білім қалыптастыру көзделеді:

1. Оқушылардың тілдік қатынаста дұрыс сөйлеуі үшін оның сөз берілгенде сөзді байланыстыратын (тіркестіретін), сөзден сөз тудыратын жалғаулар мен жүрнақтарды дұрыс қолдана білу керек. Тілдегі сөз тіркесін құрауға әсер ететін аффикстер, олардың жұмсалу амалдары мен тәсілдері баланың ойын жеткізуға қызмет етеді. Сондықтан сөйлеу әрекетіне керекті кез келген грамматикалық материалды оқыту жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Қазақ тілінің жалғамалылық ерекшелігі – оны басқа тілдерден ажырататын басты белгі. Ал бұл өз кезегінде ауызша сөйлеудегі интонациялық ерекшелікті нақты көрсетеді, оған баса назар аударуға міндеттейді.

2. Түбірді ажырата білу арқылы оқушылардың сөздерді дұрыс байланыстыру дағдысын қалыптастыру. Мұнда бала сөз тіркестерін құрастыру үшін, алдымен, сөздің түбірін табады да, оған қажетті жалғау-жұрнақтарын қосып, оны екінші сөзben байланыстырады. Нәтижесінде, сөз тіркесін жасайды, олардан сөйлем құрап жаттығады.

3. Алғашқы кезекте қамтылатын материалдарға жіктік, септік, тәуелдік, көптік жалғаулары жатады. Бірінші сабактан бастап-ақ, оқушы шағын сөз тіркестерін құрастыра бастайды. Бұл кезде олар жіктік, көптік, септік және тәуелдік жалғауларын дұрыс пайдалана білуі қажет.

Оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың сөз тіркестерін оқыту барысында мынадай жұмыстар өткізіледі: а) оқытылатын сөз тіркестерін анықтау және ұйымдастыру; ә) сөз тіркестерінің тіркесу заңдылықтары мен ережелерін түсіндіру; б) өтілген материалдар арқылы дұрыс сөйлеуге жаттықтыру; в) тиімді жаттығу жұмыстарын іріктеу, жүргізу; г) үйретілген материалды пысықтау; ғ) қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру, бақылау және дамыту.

Оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың сөз тіркестерін оқыту барысында оқытушының міндеттеріне: үйретілетін грамматикалық ережелерді шектей білу, қысқарту; грамматиканы оқытууды оқушылардың еркін менгерген лексикалық бірліктері арқылы жүргізу; грамматикаға қатысты негізденіні, грамматикалық анықтағышты жасай білу; грамматикалық негізді қалыптастыру және оны іске асыру; теорияны іс жүзінде тәжірибемен үздіксіз ұштастырып отыру; грамматикалық көрсеткіштің дыбыс бірлестігінің мәнін дұрыс түсіну.

Қазақ тілінің салалары бір-бірімен тығыз байланысты, мұғалім осыны ешқашан естен шығармау керек. Мысалы, сөз тіркестерін оқытқанда өткенде, морфология мен синтаксистің байланыстылығы ескеріледі. Септік жалғауларын оқытқанда оларды сөз тіркесімен байланыссыз оқыту, түсіндіру мүмкін емес. Ал тәуелдік жалғауын оқытқанда, оның ілік септіктегі сөзben сөз тіркесін жасайтындығын нақты мысал келтіре оқыту сөйлеуге үйретуді жеңілдетеді. Бұл арада ескерілетін бір жайт-тілдік материалдың өзі тақырыпқа сай мұғалімнің қандай тәсілді тандауына бағыт беретіндігі.

Сонымен, оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың сөз тіркестерін оқыту лингвистикалық білімге негізделеді. Барлық оқу-бағдарламалық материалдарды игерту лингвистикалық білім қағидаларын басшылыққа алады. Ал ол білімді оқушылар өз тәжірибесінде шығармашылық-пен қолдана білуімен, қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруымен және оқыту әдістемесіне тікелей байланысты. Оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың сөз тіркестерін оқыту оның лингвистикалық ерекшеліктерін анықтауды қажет етеді, оқушының икемділігі мен дағдылары нақтылай отырып, қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік тудырылады. Мұндай білім – оқушының қатысымдық құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпал ететін тілдік білім, лингвистикалық компонент деп аталады.

Қатысымдық құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал ететін тағы бір негізгі компонент сөйлесімдік-прагматикалық компонент деп аталады. Прагматикалық компонент қарым-қатынастың белгілі бір ситуациясында коммуникативтік мазмұнды жеткізу даярлығын көрсетеді. Прагматика оқушының тілдесім дағдыларына, жазылым, айтылым әрекетеріне тікелей байланысты.

Ғалымдардың бірі «қатысымдық құзыреттіліктің нақты көрінісі мен түпкі нәтижесі ретінде оқушының нақты бір өмірлік жағдаяттарда тілдік проблеманы өздігінен шешуімен» сабактастыrsa [54, б. 10], енді бірі: «Коммуникативная компетенция – способность средствами изучаемого языка осуществлять речевую деятельность в соответствии с целями и ситуацией общения в рамках той или иной сферы деятельности», - деп осы ойды кеңейте түседі [55, с. 94]. Сол себепті сөз тіркесі туралы білімді өмірлік жағдаяттарда дұрыс қолдануға төсөлдіру үнемі назарда болды.

Ю.Н.Емельяновтың пайымдауынша, қатысымдық құзыреттілікті білімге және сезім тәжірибесіне негізделген қарым-қатынас ситуациясына бағыттау бала бойында әлеуметтік-психологиялық білікті қалыптастыруды қажет етеді, яғни қарым-қатынасқа тусу мүмкіндігін кеңейтуді талап етеді. «Қатысымдық құзыреттіліктің тілдік білімді қолдану дағдыларын ғана менгеруден емес, индивидтің тұлғалық өрекшеліктері тұтастықта, нақты әлеуметтік контекстіде ашылатын оның сезімдері, ойлары мен іс-әрекетінің бірлігін тұратынын» айтады [56, б. 39]. Өйткені оқыту үдерісіндегі қатысымдық құзыреттіліктің негізгі қызметтеріне:

- жас үрпаққа қойылып отырган әлеуметтік талаптарды көрсету;
- білім берудің мәнін таныту;
- өмірлік дағдыларды қалыптастырудың нақты жолдарын анықтау;
- оқу пәні мазмұнының бір бөлігін нақтылау;
- оқушының практикалық тәжірибелі менгеруінің нақты аймағын қамтамасыз ету;
- теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз ету;
- оқытудың кешенді үйымдастыру, интегралды білім беру, білім нәтижесін бақылау міндеттерін жүзеге асыру және т.б. жатады.

Сөздікте: «Қатысымдық құзыреттілік – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, өндірістік және мәдени өмірде қатысымдық міндеттерді тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі, қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушылардың тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе жанама қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, оның қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан» деп анықталған [57, бб. 70-71].

Ғылымда қатысымдық құзыреттілікті құрайтын компоненттер туралы әртүрлі пікірлер бар. Сол пікірлерді жинақтай келе, бастауыш сынып оқушысының жасына, білім деңгейіне лайық деп төмендегідей компоненттер ажыратылды:

1) коммуникативтік әрекет аймагындағы білімі:

- қазақ тіліндегі сөз тіркесі туралы білімінің болуы;
- сөйлеу әрекеті түріне қатысты білімі;

2) коммуникативтік және ұйымдастыруышылық қабілеті:

- қатысымды белсенділік таныту;
- әңгімелесушіні дұрыс қабылдау және түсіну;

3) әмпатияга қабілетті болуы:

- түсінісе білу іскерлігі, өзгені сезіне білу;
- әлеуметтік рөліне сай сөйлеу әдебін білуі;

4) бақылауга қабілеттілігі:

- топта жұмыс істей алу дағдыларын менгеруі;
- басқалардың ойы мен әрекетіне сынни түрғыдан баға бере алу;
- жағымды психологиялық климатты тудыру;
- субъектаралық қарым-қатынасты болжай алу;

5) вербальды және бейвербальды қарым-қатынас мәдениеті:

- ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің қарапайым талаптарын білу;
- сөз әдебі мен сөйлеу мәдениетін менгеру және т.б.

Осы іскерліктерді топтастыра келгенде, бастауыш сынып оқушысы сөз тіркесі туралы ұсынылған білімді игеріп, сол білімін сөйлесім әрекеттерінде практикалық түрғыдан қолданып, қарым-қатынас мәдениетімен өзара бірлікте менгеру үдерісі жайында М.С.Ильин: «Способность к выбору и реализации программ речевого поведения в зависимости от способности человека ориентироваться в различной обстановке» - десе [58, с. 187], жекелеген зерттеушілер тілдік қарым-қатынаста оқушылардың тілді қолдана білу қабілетін қатысымдық құзыреттілікпен барабар деп санайды. Сондықтан «қатысымдық құзыреттілік деп оқушылардың сөйлесім әрекеттеріне түсү қабілеттерін, қатысымдық міндеттерді шешу қабілетін» атайды [59, б. 81].

Сонымен, бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты тұжырымдарды саралай келгенде әртүрлі бағыттағы сан түрлі пікір болғанымен, ғалымдардың ойының тоғысатын тұсы: қатысымдық құзыреттілік оқушының өмірлік жағдаяттарға сай өз ойын өзгелерге жеткізу, еркін тілдік қатынасқа тұсу, қатысымдық қажеттіліктері мен міндеттерді орындау секілді міндеттерден туындейды. Сондықтан бастауыш сынып оқушысы игеретін қатысымдық құзыреттіліккө олардың ана тілінде сауатты қарым-қатынас жасауы, ұғынысуы, түсінісуі, күнделікті өмірдегі түрлі жағдаяттарда тілдесім әрекеті арқылы әлеуметтенуі жатады.

Бастауыш сыныптарда сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі – тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларына ортақ, өзара тығыз байланыстағы бағыттар мен ұстанымдардан туындаған жаңа бағыт. Сондықтан да бұл терминнің мән-мағынасына түсініктеме бергенде, ең алдымен қатысымдық құзыреттілік өз пікірін дәлелдейтін, тілдік қарым-қатынаста айтылым, тындалым, оқылым, жазылым, және тілдесім үдерістерін жүзеге асыратын, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаның бойында қалыптасатын қабілет екендігіне назар аударылды.

Оқушының қатысымдық құзыреттілігінің мазмұнын анықтауда оқушылардың қатысымдық мұқтаждықтары, қызығушылықтары, тілдесу мүмкіндіктері ескеріледі. Себебі мазмұн мен қатысымдық құзыреттілікті менгеру үдерісі арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан оқу бағдарламасына енгізілген сөз тіркесі туралы білімдер қазақ тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу зандылықтары мен грамматикалық ережелерін, синтаксистік құрылымын менгертуді, сол білімі арқылы өз мақсатына сай ойын, пікірін толық әрі түсінікті етіп басқаға жеткізе алуға төсөледі.

Бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерінің өзіне тән ерекшелігі:

- затты не құбылысты тануы мен қарапайым деңгейде баяндап, сипаттап, суреттеп, пайымдап түсіндіре алыу;
- өзгелермен қарым-қатынас жасау кезіндегі өз жауапкершілігін сезінуі; этикалық нормаларды қолдануы;
- өз пікірін қорғай алыу мен затты тұтынушылық, эстетикалық түрғыдан бағалауы;
- әртүрлі әлеуметтік рөлдеріне сай тілдесе алыу;
- өздігінен шешім жасауы, оны жеткізе алыу;
- белгілі бір таңдау жасауы жағдаяттарындағы іскерліктерінен көрінеді.

Бастауыш мектепте сөз тіркесін оқытудың міндеті оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін дамыту бағытында әңгімелесушімен тілдесу, тындалым қабілеттерін жетілдіру, әртүрлі жағдаяттарда өз көзқарасын негіздел айта алуға үйрету болып табылады. Ол үшін:

- *тұлғааралық қатынас* негізінде:
 - тілдік және тілдік емес құралдарды қолдануға;
 - ақпараттарды танымдық не эмоционалдық түрғыда жеткізе алуға;
- *тұлғааралық өзара әрекет* үстінде:
 - кері байланыс жасай алуға;
 - байланыстың мәнін түсінуіне;
- *тұлғааралық қабылдауда*:
 - әңгімелесушінің позициясын қабылдауға, оны тындей білуге;
 - аяқ астынан тапқырлық танытуға;
 - ұйымдастыру шеберлігіне үйретуге дең қойылады.

Оқушының қатысымдық құзыреттіліктің құрауыштарын (танымдық, әрекеттік-технологиялық, мотивациялық, этикалық, әлеуметтік, мінездүліктер) менгеруі оқытудың соңғы нәтижесі болып табылады.

Қорыта айтқанда, сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – білім мазмұнын жаңартудың аса маңызды концептуалдық негізі болып саналады. Өйткені қатысымдық құзыреттілік теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз ете келіп:

- тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту негізі;
- жемісті әрекет кілті, қарым-қатынасқа қабілеттілігінің көрсеткіші;

- бала бойындағы өзге құзыретtelіктердің дамуының негізі, оның болашақ өмірінің тиімділігі мен сәттілігінің ресурсы (көзі);
- сөйлеу шеберлігіне төселеуінің бастауы;
- сөз мәдениетінің қалыптасуының негізі, жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігін қалыптастырудың шарты болып саналады (сурет 1).



Сурет 1- Қатысымдық құзыреттілік – тұлға дамуының көрсеткіші

1.2 Бастаудың сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың философиялық негіздері

Тілді оқытудың басты мақсаты – жас үрпақтың тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру, олардың ойлау, сөйлеу сауаттылығын жетілдіру. Ал дара тұлғамен, дүниетаныммен, тілмен, санамен, ойлаумен байланысты, оны арнайы қалыптастыруды көздейтін оқыту, үйрету мәселелерінің қай-қайсысы да білім философиясымен сабактастықта қаралады. Өйткені білім беру саласы –

мемлекеттің болашағына жауапты, жас үрпаққа білім мен тәрбие беретін бірден-бір сала, сондықтан ол өз кезегінде мемлекеттің, ұлттың құндылықтарымен өзара тығыз байланыста дамып, оның стратегиясын жүзеге асырады.

Соңғы жылдарда білім берудің құндылықтық мәні өзгерді. Білім оқушы үшін дайын, қалыптасқан қор емес, ол жеке тұлғаның өмір сүруінің шартына, өмірлік дағыларының көрсеткішіне айналды. Оқыту мемлекеттік немесе ұлттық құндылықтарға негізделмеген жағдайда оқытуда сынаржақтылық орын алады, оқушы білімін бағалауда субъективизм, тәрбие жұмыстарында схематизм, шаблон бойынша жұмыс істеу сияқты кемшіліктеге жол беріледі. Сондықтан жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды білім саласына трансформациялау қазіргі заманғы оқу-білім философиясының негізгі міндеттерінің бірінен саналады. Бұл орайда бүгінгі білім философиясы тұрғысынан алғанда әлеуметтік сұраным мен қоғам дамуындағы жаңа бағыттардың білім беру жүйесіне қатысы қаншалықты маңызды болса, қазіргі мектеп түлектерінің игерген білімдері мен құндылықтық бағдарларының нәтижелері үшін әлеуметтік-мәдени орта тұтынушы қызметін атқаруы да соншалықты мәнді. Бұл бағытта «білім – құндылық» және «білім саласындағы құндылықтар» деген екі доктринаның ара салмағы мен байланысы мәселесін де өзара бірлікте қарастыру тиімді. Осы орайда социум және білім беру салаларының даму параметрлерінің түйілістіруі де білім философиясының бір аспекті болып саналады.

Заманауи білім беру ұғымының мәні білім мен адамзат өмірінің байланысына философиялық тұрғыдан талдау жасағанда ашылмақ. Қазіргі заманда ғылыми жаңалықтарды жай ғана оқу пәні мазмұнына кіріктіріп қоя салу жеткіліксіз. Оқыту үдерісін кешенді түрде инновациялық тұрғыдан жаңарту қажеттігі туындалп отыр. Бұл орайда білімнің жас үрпақтың рухани өсуінің қайнар көзі екендігі назарда ұсталуы шарт. Өйткені білім рухани мәдениетті, озық дәстүрлерді болашақтың талаптарымен ұштастырып, келешек үрпақтың интеллектуалдық әлеуеті мен кіслік қасиеттерін өзара бірлікте, кешенді түрде дамыта жеткізудің, сактаудың және трансформациялаудың басты құралы болып саналады. Біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған оқушының қатысымдық құзыреттіліктері оның үлкен өмірге енген кезде қоғамдық ортаға тез бейімделіп, әлеуметтенуіне мүмкіндік тудыру мақсатымен тығыз ұштасып жатыр.

Тәуелсіз еліміз білім мен ғылымды дәуір дамуына сай жетілдіріп келеді. Әлемдік білім кеңістігінің озық үлгілерін отандық үрдіске, халықтық қалыпқа, ұлттық үлгіге бейімдеу негізінде реформалар жасалуда. «Білім туралы» Заң жетілдіріліп, елімізде жаңартылған білім беру ортасын қалыптастырудың тұжырымдамалық идеясы айқындалды. Осы заңның басты міндеттері қатарында, біріншіден, әлемдік білім кеңістігіне кіргізу (интеграция), екіншіден, сапалы білім берудің кепілдігін көтеру, үшіншіден, оқыту жүйесін дамытуға мүмкіндік жасау және т.б. атап көрсетілді [60, б. 9]. Сонымен қатар білім берудің жаңа парадигмалары анықталды. Солардың қатарында «бүкіл өмір

бойы білім алу», «білімнің құндылықтық бағдарын арттыру» маңызды болып саналады. Бұл, әрине, әрбір оқу пәнінің оқушы тұлғасын қалыптастырудың орны мен рөлін сарапап алуды қажет етеді. Әсіресе, ұлттық құндылықтарға негізделген гуманитарлық пәндердің мақсаты мен білім мазмұнына байланысты мәселелерге ерекше дең қою қажеттігі туындалады.

Мектепте оқытылатын оқу пәндерінің ішінде ана тілі ретінде оқытылатын «Қазақ тілі» пәні қашан да жетекші орын алады. Ол дәл осы пәнде оқушының дүниені тануының, сол әлеуметтік ортаға кіргізуңің бірегей құралы, рухани дамуының өзегі, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының негізі, ойлау, пайымдау қабілеттерінің жетілдірілуінің шарты, адами болмысының кемелденуінің кепілі саналатын базалық құзыреттіліктер қалыптасады. Олардың арасында қатысымдық құзыреттіліктердің орны айрықша. Өйткені тіл пәнін оқу үдерісінде менгертілетін тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім дағдылары баланың ақыл-обын дамыта отырып, оны ортамен тіл табыса өмір сұруге, бүкіл өмір-тіршілігіне азық болатын білімді игеруге мүмкіндік береді. Ондай деңгейге көтерілу үшін оқушы өзінің өміріндегі тілдің рөлін бала кезінен сезінуі шарт.

Қазақ философиясында тілдің адам өміріндегі, оның ішінде балалық кезеңдегі маңызы туралы тұжырымдар өте көп. Өйткені қазақ үшін «тіл – өнердің алды» саналады. Сондықтан бастауыш мектеп баласының қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдіруге негіз болатын тұжырымдарды айқындауда өз үрпағына өмір сұрудің жолын тіл өнеріне үйретуден бастаған бабалар дәстүрі мен жалпыадамзаттық, ұлттық философиялық қағидалардың бірлігін бағамдау қажет. Ол үшін халық мұраларындағы тұжырымдар мен ғылыми философиядағы пайымдаулардағы сабактастықты өрбітіп, талдауға дең қойылады.

Тілді оқытудағы ең басты тірек тұжырым қазақ халық мақалында айтылғандай, «Сөз қадірін білгенің – өз қадірінді білгенің» деген тұжырым болуға тиіс. Өйткені дәл осы мақалдағы ой қазіргі тандағы тілді оқытудың философиялық-концептуалдық бағытымен толық сәйкес келеді. Оқу-тәрбие үрдісінде оқушының тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың жолдарын айқындалады отыруы шарт, себебі тіл мен адам болмысы бір-бірінен бөліп алуға келмейтін біртұтас құрылым болып саналады. «Тілді оқыту грамматикалық білімді негіз ете отырып, оқушының сөйлеу мәдениетін жетілдіруді басты нәтиже етіп белгілеп отыр. Ал, мәдениет атаулының қай-қайсысы да (ойлау, сөйлеу, еңбек мәдениеті) білім мен тәрбиені ұштастыру жолымен қалыптасатыны белгілі. Себебі білім берудің түпкі мән-маңызы оқушының адами тұлғасын қалыптастырумен байланысты айқындалады» [61, б. 15].

Білім беретін мектеп – баланы тәрбиелейтін бесік. Даны халқымыз «Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі» деп түйіндеген. Отбасында, мектепте берген білім, сінірген өнеге жас үрпақтың ертеңгі өмірінің кепілі ретінде саналады. Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Кімде-кім хикмат білімін оқып үйренуге кіріссе, ол, ең алдымен, жас болуы, ниеті дұрыс, әдепті, қайырымды адам болуы керек. Ондай кісі адамдарға мейірімді, таза, адап болуы, азғын

қылыштардан: күнә, қиянат, зұлымдық пен аярлықтан таза болуы тиіс» - дейді [62, б. 218].

Бұл мектеп оқушысының, оның ішінде бастауыш сатыдағы баланың табиғатына, болмысына толық сәйкес келеді. Білім алушының интеллектуалдық әлеуетінің дамуында тіл пәнінен менгерген білімдерін өзінің адами жағынан толысып өсуіне қажетті субъектілік мәні жоғары факторға айналдыра алуы шешуші рөл атқарады. Ол үшін «тіл – тұлғаның ойлау, сөйлеу мәдениетін жетілдірудің құралы; ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі; дүниетанымды қалыптастырудың тірегі; білім алушының логикалық ойлауын, жалпы жеке басының қасиеттері мен қабілеттерін дамытудың тетігі; білім алушының интеллектуалдық және қатысымдық құзыреттіліктерін дамытудың базасы ретінде қызмет етуі керек» [63, бб. 14-15].

Тұлғаның іскерлігі оның интеллектуалдық деңгейімен тығыз байланыста қаралады. Тілді үйренушінің іскерлігінің көрсеткіштері:

- ұсынылған тілдік материалдарды, игерген білім мен тәжірибелі өздігінен дамытып, қоршаған ортада тиімді пайдалана білуі;
- мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыра алуы;
- тілдің тек қатынас құралы ғана емес, адамның дүниетаным деңгейінің көрсеткіші екенін түсініп менгеруі;
- тілді қолданудағы өзінің жауапкершілігін шынайы сезінуі.

Білім философиясын зерттеген ғалымдардың тұжырымдауынша, оқыту жолымен интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруда «төмендегі көрсетілген құндылықтарды субъект бойына сініру қажет:

- танымдық бағытта: таным мәдениеті, интеллект, білім, ақыл-ой мәдениеті, шығармашылық, сындарлы ойлау, сананы жетілдіру, ой-өрісінің кеңдігі т.б.
- адамгершілік бағытта: жеке тұлғаның қасиеттері сыйлау, мейірімділік, әділдік, т.б.; адамгершілік ұстанымдар: қадір қасиет, ұқыптылық т.б.
- рухани бағытта: азаматтық, партиотизм, белсенді өмірлік позиция, ұйымшылдық, адам құқықтары т.б.
- ұлттық бағытта: салт-дәстүрді, тілді, дінді, әдет-ғұрыпты құрметтеу, ұлттық сана, ұлтжандылық, елі мен жерін сую және оған қызмет ету жауапкершілігін сезіну, т.б.
- дүниетаным бағытында: ғылыми, білімділік, дүниетаным, терең түсінік, әлем туралы ойлану, ой-толғаныс т.б.» [64, б. 16]. Осы айтылғандардың барлығы да білімнің оқушының рухани дүниесін дамытуға, түпкі нәтижесінде кіслік мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы қажеттігін көрсетеді. Онда мәдениеттің құрауыштарын үнемі тоғыстыра қарастыру көзделеді.

Тіл сабактарында басты меже болып белгіленген оқушыны сөйлеу мәдениетіне үйрету, ең алдымен, ойлау мәдениетіне үйретуге келіп тіреледі. Қатысымдық құзыреттілік оқушының сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамытумен тығыз сабактас болғандықтан, тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың бірлігіне қатысты ой-тұжырымдар үлкен мәнге ие. Мысалы, «Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ой өсіреді», «Ойы байдың тілі бай», «Тіл – асыл ойдың

бұлағы» деген мақалдарда осы ойлау мен сөйлеудің бірлігі танылады. Өйткені сана мен тіл, ойлау мен сөйлеу бір-бірінен бөлінбейтін егіз ұғымдар. Ол жайында көне грек философы Аристотель біздің дәуірімізден бұрын-ақ айтып кеткен болатын. Ойшыл тұлға сөйлеу мен ойлаудың бірлігін «... речь, высказывание (логос) содержит утверждение чего-то о чем-либо. Высказывание может быть простым и составным. Высказывание едино, но в двух различных смыслах: или как обозначение чего-то одного, или как соединение многого - так, «Илиада» едина как соединение, а определение человека - как обозначение одного», - дейді [65, с. 28-30].

Ғалымдардың пайымдауынша, «адамның дүниетанымы мен сөйлеу әрекетіне адамның айналасындағы шындық орта мен өзі туралы бүкіл ұғым-түсінігі қоса қатысады әрі олар бірін-бірі жетілдіре, ұштай түседі» [66, б. 17]. Зерттеуші А.В.Птушенко да “Культура речи культура мышления” атты еңбегінде ойлау мен сөйлеудің арасындағы бірлікті мәдениетпен ұштастырады. Ғалым: “Культура речи: норма и выразительность. Ее компоненты: мировоззрение (эрудиция), логическая культура, психологическая культура, коммуникационная культура, лексика, стилистика, грамматика, фонетика (орфоэпия) и художественные средства (тропы, фигуры, юмор, мифология) языка”, - деп, оқушыны мәдениетті сөйлеуге үйретудің құрауыш бөліктерін нақтыладап көрсетеді [67, с. 29]. Онда оқушының сөйлеу дағыларын дамыту мәселесінің шешімі дара тұлғаның жалпы дүниетанымының дамуымен, логикалық, психологиялық және қарым-қатынас мәдениетінің бірлігін жүзеге асыру жолымен жасалатыны тұжырымдалған. Сондықтан бастауыш сынып оқушысына тілді менгертудің басты талабы олардың дүниетанымы мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту арқылы жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырумен тығыз сабактас қаралуы шарт. Оқушының логикалық ойлауын қалыптастырудың сөз тіркесіне қатысты теориялық білімдермен бірге оқыту үдерісінде ұсынылатын дидактикалық материалдар, жаттығу мәтіндері, көрнекіліктер, жағдаяттық тапсырмалар кешенді түрде бір мақсатқа жұмылдырылып отырады.

Оқушыны ойлауға да, сөйлеуге де үйретудің басты шарты – олардың тындау қабілетін жетілдіру. Бұл туралы қазақ мақалдарында «Су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлак», «Арғымақ аттың баласы аз оттар да, көп жусар. Асыл ердің баласы аз сөйлер де, көп тыңдар» деп айтылады. «Баланы – бастан» деген халықтық тұжырым да балаға сөз үйретудің басты қағидасы саналады.

Қазақ философиясындағы дәл осы талап біздің дәуірімізге дейінгі 5-6 ғасырларда өмір сүрген қытай даналығының атасы, мың жыл өтсе де құнын жоймаған діни-мифологиялық жүйені жасаушы Кун-Фу-Цзы (Конфуций) ілімінде де көрсетілген еken. «Конфуций негізгі рақымшылдар адалдық, тындау, ата-ана мен үлкенді құрметтеу деп санады. Ата-бабаға табыну, ежелгі дәстүрлерді, жораларды сақтау (қытай рәсімі) Конфуций бойынша – идеал қоғамды қалыптастырудың негізі. Осы қоғамды құру үшін әрбір адам өзіне талап қойып, барлық ережелер мен канондарды сақтау керек. Бірақ

философиялық даосизм адам заттардың табиғи тәртібін өзгерте алмайды деп санады, сондықтан адамның еншісі - оқиғалардың табиғи барысын сырттан бақылау. Қытайдың діни жүйелерінің барлығына үлкендер мен ата-бабаларды құрметтеу, отбасын тыңдау негіз бола тұра, оған «әрекетсіздік» идеясы, шындыққа сырттан қарау қатынасы тән болды. Адамның тұлға ретінде өзіндік құндылығы болған жоқ, қоғам «тұлға – мемлекеттік пен ұжымдық алдында ештеңе емес» деген принцип бойынша өмір сүрді» [68, б. 31].

Заманауи білім беру үдерісінде оқушының өзіндік «Менін» қалыптастыру болғандықтан, оқушы шындық дүниені бақылаушы емес, сол өзгерістерге ене отырып, өзінің көзқарасын, пікірін еркін жеткізе алатын, өзгелерді сыйлайтын, өзін де сыйлата білетін дара тұлға деңгейіне жеткізу талабы қойылады. Бірақ бұл үдеріс эгоизмнен аулақ, европалық «адам – табиғаттың иесі» деген принципті мансұқ ететін, жас ұрпаққа өзге адамдарды құрметтей отырып, өз позициясын қорғай алу, жеке пікірін дұрыс жеткізу шеберліктерін игерту жолымен жүргізіледі. Бұл адами құндылықтарға сүйенетін білім жүйесінде баланы тыңдауға, ойлауға үйретуге дең қою керектігін көрсетеді. Мұндай өмірлік қағидалардың мәні тіл философиясына қатысты зерттеу енбектерінде төрөндей түседі.

Философ ғалым Г.Нұрышева тілдесімнің мәні, адамдардың бірін-бірі тыңдай алуының маңызы туралы былай дейді: «Адамның қалыптасуындағы еңбектің рөлін жоққа шығаруға болмас, бірақ адамның қоғамдық тіршілік иесі ретіндегі нағыз мәні басқалармен араласуда, өзара түсінсүде, тыңдай алуында екендігі, ал бұл қызметті негізінен тіл атқаратыны шындық. Тілдің интериндиндикуалдық деп аталатын бұл қызметтің маңызы зор, себебі жеке адам тіл арқылы басқа адамды түсіне алады, өз кезегінде оған өзінің ойын жеткізеді, онымен араласады, яғни өзін субъект ретінде қалыптастырады. Адам болмысының өзі – үнемі дамып, өзгеріп және жаңарып отыратын араласу процесі, ол адамның мәндік ерекшелігі. Адамның өзболмысының құпияларын өзін қоршаған ортадан оқшау, түйік жағдайда толық ашуы, көрсете алуы мүмкін емес. Адам болмысы оның өзіндік «МЕН-інің» «Басқамен» үздіксіз жүріп отыратын тілдесім үдерісінде ғана айқындалады» [69, бб. 14-15].

Араласудың функциясын тіл атқарады және араласудың өзі вербальдық мәдениеттің өзегі болды. Бұл жерде Ю.Хабермас негізденген коммуникация теориясының қазақ мәдениетінде әлдеқашан көрініс тапқанын атап айтуда жөн. Ю.Хабермастың ойынша, дискурс араласудың формасы ретінде адамның ақыл-ойының «индивидтер мен қоғамдың топтардың әрекеттерін рационализациялау мен модернизациялауда, адам қоғамының құрылудың негізгі мақсаты бірлесіп әрекет ету, араласу, яғни коммуникацияны қалыптастыру мен рационалды жетілдіруде көрінетін» мол мүмкіндіктерін көрсетеді [70, б. 32].

Түйіндей айтқанда, дискурс адамдар арасында туындастын мәселелерді құштің көмегімен емес, ақылға құлақ түре отырып, пікір алысу мен пайымдауға жүгіну арқылы шешіп, субъектілер арасында түсіністік орнатады, өзара келісімге, жай келісім емес, әлеуметтік келісімге қол жеткізеді. Бұл жайында көне қазақ мақалында «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» деген түйін

жасалған. Сондықтан бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту үдерісінде оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруды диалогтік, полилогтік сипаттағы жұптық, топтық, ұжымдық тапсырмаларды орындауда назарда болады. Бұл, бір жағынан, оқушылардың арасындағы интеллектуалдық бәсекелестікті туындағып, олардың өзгелерден үйренуіне, өзін танытуына ықпал ететін тапсырмаларды таңдал, талғап ұсыну жолымен шешіледі. Екінші жағынан, түрлі танымдық, тәрбиелік мазмұндағы оқу материалдарымен жүйелі жұмыс жүргізу нәтижесінде олардың тілдік талғампаздығын тәрбиелей отырып, өзгелерді сыйлау туралы ұлттық қағидалардан хабардар етіп, тілдесімді дұрыс жүргізуге, тіл табыса білу жолдарын үйренуге мүдделі етеді.

Тіл сабактарында бастауыш сынып баласы тілдің адамды әлеуметтік ортамен байланыстыруши дәнекер ғана емес, субъективтік көзқарастарды қалыптастыру мен ойды жарыққа шығарудың ең басты құралы екендігін сезінүү тиіс. Сондықтан тілді оқыту әдістемесі бүгінгі әлеуметтік дамудағы тілдің рөлі туралы лингвистикалық, психологиялық және философиялық тұжырымдарға сүйеніп, пәннің меңгерілуіндегі жаңа талаптарды басшылыққа алуы маңызды. Бұл мәселенің бастау көзін қазақтың ғұлама философы, Бас ақыны Абай да дұрыс аралап көрсеткені белгілі. Философ ақынның жалпы шығармашылығына негіз етіп алынған өзекті идея бой көтерген. Абайдың пікірінше, адамның ішкі рухани қазынасының молығуы тікелей өзінің қолындағы іс. Осы пікір Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» берілген. Философ-акынның дүниетанымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы – күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындағын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанды есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», — деп байлам жасаған [71, б. 143].

Ойды жарыққа шығару мәселесін мектеп оқушыларына үйреткенде қазақ сөз өнерінің өзіне тән ерекшеліктерін ескеріп отыру маңызды. Ана тілімізге тән осындағы ерекшеліктерді сарапап көрсеткен философ Д.Кішібеков былай деп жазады: «Қазақ сөз мәдениетінің бір ерекшелігі, айғақтан гөрі уәжге мән бергенінде. Олай болса, мәселе болған істі ғана емес, сол болған іске байланысты себептерді жан-жақты дәлелдей білуінде. Қазақ уәжге тоқтаған. Бұл көшпелілердің ойшыл халық, философ екенін байқатады», - дейді [72, б. 39]. Бұл пікір де бастауыш сыныптан бастап оқушыларды тек баяндау сипатындағы мәтіндерді ғана емес, пайымдау, суреттеу, сипаттау түріндегі мәтіндерді құрап жазуға, диалогтік, полилогтік жағдаяттарды оқушылардың өз ой-тұжырымын дұрыс жеткізуға төсөлдіру мақсатын көздей отырып үйимдастыруды қажет етеді. Бұл оқушыны ойлап сөйлеуге дағыландырудың ұтымдылығына дәлел бола алады. Мұндай жұмыстар оқушыға дайын сөз тіркестерін беріп, өз сөзінде оларды орынды қолдануға үйрету жолымен де, жеке сөздерден өздеріне тіркес құратып, сол тіркестерді жаттығу шарты мен

тапсырма мақсатына қарай пайдаландыру түрғысынан да тиімді болмақ. Мұндай дидактикалық талаптар оқыту мен тәрбиелеуді ұштастыруға толық мүмкіндік береді.

Сөз тіркестерін менгерту бойынша сөзге, тілге, сөйлеуге қатысты даналық сөздердің мағынасын ашқызып, олардың танымдық, тәрбиелік сипатын таныту да елеулі рөл атқарады. Ең бастысы мұндай тапсырмаларда окушы ойлауға, ойлануға үйренеді. Мысалы, Асан Қайғының өлеңіндегі философиялық тұжырымдарды окушының өзеріне талдату үшін оларды алдымен жататып, содан соң жағдаяттық тапсырмаларда оны қолдануға үйрету маңызды. Dana абыздың:

Артық үшін айттысып,
Достарыңмен санаспа!
Женемін деп біреуді

Өтірік сөзбен қостама!.. - деп өмір тәжірибесінен түйген парасатты толғамтанымы терен ойлары балаларға үлкен үлгі-өнеге болары анық. Сондықтан «Жақсы сөз самалдай, қуатты сөз қамалдай», «Әдеп басы – тіл», «Білімсіздің сөзі білектей, білімдінің сөзі жібектей», «Шешеннің тілі – шебердің бізі», «Андалай сейлеген, ауырмай өледі», «Көп сейлеген, көптен айырылар», «Өтірікшінің шын сөзі зая», «Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле», «Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер», «Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар» деген сөздердің мағынасын ашатында тапсырмаларды окушының танымы мен білім деңгейіне шақтап беру олардың ойлап пайымдау қабілеттерін дамытады, сонымен бірге сөзді дұрыс жұмсауға дағыландырады. Ал мұндай даналық тұжырымдардың тәрбиелік қуаты да ерекше. Мұндай қазақ мақалдарының тілдік ерекшелігі баланы әдемі, үйқасты етіп сөйлеуге үйретеді. М. Жұмабаев айтқандай, «бала жас кезінен сұлу сөздерді естіп, тындалап өсуі тиіс» [73, б. 51]. Сонда оның ойы мен санасына сөйлеу талаптары ешқандай ережесіз-ақ оңай сіңірледі. Бұл даналық пікірлердегі ойды нақтылау үшін оларды сөз тіркестеріне бөлу де окушы үшін қыындық тудырмайды, қызығушылықтарын арттырады.

Оқу-білім жүйесінде қолдануға іріктеліп алынған руханилық құбылыстардың, оның ішінде сөз өнерінің халықтың тағдыры үшін маңызы мен мазмұны ерекше бола тұра оларды қолдануда жаңсақтыққа жол берілсе, онда қоғамдық үдерісті әртүрлі сағымдық, жаңсақ жолдарға түсіріп жіберетіндей рухани және әлеуметтік күштер басымдыққа ие бола бастайды. Руханяттың өрбүі мен дамуының өзіндік тарихи күрделілігі мен маңыздылығы да осындай құбылыстардың өзара араласып, қойыртпақтануынан туындалап жатады. Мұндайда «рухани құндылықтарымыздың бәсекеге қабілеттілігі немен өлшенеді, руханятқа негіз болатын іргетастарды қайdan іздейміз?» деген занды сауал да туындаиды. Әрбір мәдениет үнемі өзіне рухани іргетас болатын құрылымдарды іздейді, соны орнықтыруға тырысады. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының да көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық ойлар мен тұжырымдар

жеткілікті болғаны белгілі. Мәселе сол рухани інжу-маржанның қадірін біліп, қаймағын бұзбай, қазіргі жаһандан заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабактастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр. Бұл пәнді оқытудағы философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан әдіснамалық негіздерді дұрыс бағдарлауды талап етеді.

Оқыту үдерісінде тұлғалық – бағдарлы тәрбиені іс жүзінде тәжірибеге енгізу жолдарын негіздеген ғалым Н.Е.Щуркова оқу пәнінің тұлға қалыптастырушылық сипаттарын анықтауда мынадай талаптарды атап көрсетеді:

- оқу пәнінің түпкі нәтижесіне жалпыадамзаттық мәдениет тұрғысынан қарайтын педагогикалық көзқарастың болуы;
- оқыту мен тәрбие үрдісінің мазмұнын анықтауда кіслік, адамдық құндылықтар жүйесінің белгіленуі, ал білім мен біліктілікке жас ұрпақтың дүниеге қатынасын анықтайтын құрал деп қарau;
- баланың құнделікті өмірін тәрбиелік үрдіске айналдыру;
- баланың даму деңгейіне лайықты өмірлік мәселелерді сатылы түрде анықтап, баланы өз өмірінің субъектісіне айналдыру» [74, б. 2].

Осылай жауапты міндеттерді оқу-тәрбие үдерісінде абыроймен жүзеге асырған жағдайда ғана болашақта еліміздің еуразиялық кеңістіктері өзіндік ерекшелігі бар халық ретіндегі мәртебесі өседі, басқа халықтар алдындағы құрметтіміз асқақтай түсетіні сөзсіз. Өйткені философ ғалым С.Нұрмұратов айтқандай, «өзінің тарихта қордаланған маңызды рухани құндылықтарын құрметтеген, аялаған, өрбіткен ел ғана және оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту бедерлерін, келбетін бере білген халық қана адамзаттың өркениеттік майданында шынайы және лайықты бағаға ие болатыны сөзсіз. Енді, міне, қазіргі уақытта жаңа заманың тарихи кезеңі келді, рухани дүние де демократиялана бастады, яғни ойлау еркіндігінің ұстанымдары қоғамдық санада бекі түсude. Сөйтіп, бұл басқа мәдени, саяси дәуір қазақтың философиялық даналығының, ой – тұжырымдарының тарих донғалағының астында жоғалып кетпей, олардың халықтың рухының терең тамырларында бойлай орналасқанын, өмір сүргенін байқатты» [75, б. 6].

Ғаламдану жағдайында жас ұрпаққа тиянақты білім беріп, олардың интеллектуалдық әлеуетін арттырудың, тіл туралы дүниетанымдарын кеңейтудің, қатысымдық құзыреттіліктерін жетілдірудің жолы – ғалам туралы бір бүтін көзкарас, тұтас таным қалыптастыратын интеграциялық білім беру. Интеграциялық білім беру қағидалары окушының интеллектісін, дара тұлғалық қабілеттері мен адами қасиеттерін қалыптастыратындықтан, білім философиясының маңызды нысаны болып саналады.

Үздіксіз білім беру жүйесінің қай сатысында болса да, білім алушылардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру мәселелерін жалаң білім берумен жүзеге асыру мүмкін емес. Интеграция пәндердің өзара байланысын оқушы ұғысмына түсінікті деңгейде нақтылы түрде іске асыру болғандықтан, ол тұстастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылым салаларын

біріктіруді қажет етеді. Мысалы, тілді өзге білім, ғылым салаларымен интеграциялап оқытудың жас үрпақтың интеллектуалдық және тұлғалық әлеуетін көтерумен байланысты бірнеше артықшылықтары бар. Атап айтқанда:

1) Интеграциялық білім тілдің әр ұлттың өзіндік ерекшелігін танытатын құндылық екенін танытуға мүмкіндік береді. Бұл бастауыш мектептегі қазақ тілін оқыту үдерісінде қазақ тіліндегі нұсқаларды орыс, ағылшын тілдеріндегі нұсқалармен қарапайым деңгейде салыстырулар жасау арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, тілдердің өзіндік ерекшеліктері болатыны туралы алғашқы түсініктер әр тілдегі түбір сөздерді, қосымшаларды, сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді салыстыру кезінде қалыптасады.

2) Интеграциялық білім аясында ғана тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін көтеруге қатысты бірнеше міндет бір мезгілде қатар жүзеге асырылады: тілдің адам өміріндегі мәнін танытады; мазмұндық тұрғыдан түрленген тапсырмалар оқушының логикасын, ойлау қабілетін және қатысымдық қабілеттерін дамытады; тілдің мәнін, оның дүниетанымдық, экспрессивтік қызметтерін саналы түсінуге ықпал етеді. Бұл бір жаттығу мәтініне байланысты бірнеше тапсырманы кешенді орындуға жолымен іске асырылады. Мысалы, өзіміз ұсынып отырған сөйлесім әрекеті компоненттері бойынша біртұтастықта орындалатын тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім тапсырмалары осыған дәлел. Сол тапсырмалар аясында ақпараттық, тілдік, эстетикалық, мәдени – танымдық құзыреттіліктер өзара бірлікте сабактастырылады да, пәнди менгертудің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттеріне сай қалыптастырылып отырады.

3) «Интеграциялық сабактардың стандартты емес формаларының өзі де тартымды, сондықтан тұлғаның қабылдау, зейін, ес, сөйлеу дағдылары жеңіл қалыптастырылады. Бұл тұста оқушының білімді өздігінен игеруіне жол беріледі. Бұл оку мотивациясын тудыратын оқу-әдістемелік шарттарды ретімен, жүйелі қолдануды, оқушылардың пәнге қызығушылықтарын дамытуға бағытталған тапсырмаларды ірікten алуды талап етеді» [76, б. 6]. Сонымен бірге схоластикалық білім беретін жүйеден тұлғалық-әрекеттік оқыту жүйесіне, білімдік парадигмадан құзыреттілік парадигмасына қарай қошуді қамтамасыз ететін интерактивтік оқыту жолдарын табуды қажет ететін даусыз.

4) Жас үрпақтың өзінің өміріндегі тілдің орнын сезінуі оның тіл туралы дүниетанымы қалыптасқан жағдайда мүмкін болады. Өзінің тілдік білімі мен қатысымдық мәдениетін саналы дамытуға деген ішкі мүдделілілігін оятады. Сол үшін бастауыш баласының өміріндегі жетекші орын алатын оқу әрекетін үйимдастыруда, кез келген жағдаятта өздігінен шешім жасай білу дағдыларын дамыту маңызды саналады. Ол үшін проблемалық оқыту, сын тұрғысынан ойлау стратегияларын орынды қолдану, жағдаяттық, танымдық, практикалық маңызы жоғары жаттығу жұмыстары мен тапсырмаларды тандау – мұғалім үшін үлкен сын.

5) Интеграциялық оқыту бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіндік ізденістерін кеңейтуге өріс ашады. Тілдің қоршаған дүниені танудағы, айналасындағы адамдар әрекетін

бағалаудағы, өзін танытудағы орнын айқындаі алу оқушының пәндік білім нәтижелерінің мәнін түсінуіне, оқуға, дұрыс сөйлеуге деген қызығушылығы мен мұдделілігін арттырудың басты факторына айналады.

Сонымен, тілдік білім мен қатысымдық құзыреттілктерді менгерту үдерісінде пәндерді интеграциялап оқытуды негізге алу оқу мен тәрбиені бірлікте жүзеге асырудың да ең тиімді жолы ретінде саналады. Шынайылықпен астасқан интеграциялық сипаттағы білім мазмұны адам санасында өз ұлттық құндылықтарын құрметтеу сезімін оятып, рухын шындаса, екінші жағынан, қазақ тілінің ішкі тілдік әлеуетін өз деңгейінде тану оны қарым-қатынас құралы ретінде болашақ өмірінде орынды және міндетті қолдануға ұмтылдырып, оның өмірлік қажеттігін мойындағатады. Ең бастысы, білім алушының өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген мұрасын қастерлей біletін ұрпақ ретінде қалыптастыруына мүмкіндік береді. Оқу-білімді өз әрекеті арқылы игеруге деген талпынысын арттырып, интеллектуалдық әлеуетін жетілдіреді. Бұл, әрине, білім беру жүйесіндегі жаһандану жағдайында бәсекелестікке бейім тұлғаны қалыптастырумен және Қазақстанның «Мәңгілік ел болу» идеясын жүзеге асырумен толық ұштасып жатыр.

Корыта айтқанда, қоғамдағы оқыту, тәрбиелеу, еңбек ету мәселелері мен ұлттық мұдденің жақындасуына ықпал ете алатын білімнің ғана мемлекет дамуындағы стратегиялық маңызы қүшіе түсері даусыз ақиқат. Тағылымдық және тәрбиелік қуаты берік білім халықтың болашақ даму бағытын өзі айқындауына жол ашады. Ал бұл мемлекеттік тіл мәртебесін иемденіп отырған қазақ тілінің, тамырын теренін тартып жатқан қазақ философиясы мен қазақ тарихының және өзге де гуманитарлық ғылымдардың қол жеткізген нәтижелерін екшеп, білім берудің әдіснамалық негіздерін айқандауда ескеріліп отыруы заңды. Өйткені «пәннің оқытылу сапасы мен оның дұрыс, заманауи талапқа сай ұйымдастырылуы түпкі нәтижеде болашақ ұрпақтың өз ұлттық мұраларына саналы қатынасын қалыптастырады. Ұлттық ділдің негізін құрайтын мұндай пәндерді мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болашақ ұлт мұрагерлерін дайындаудың, сол жас буынның сыртқы кері ықпалдарға қарсы қүресе алатын рухани иммунитетін қүшейтудің бірден-бір тетігі, тірегі, тіні деп қарау күн тәртібіне өткір қойылуы тиіс. Мысалы, тіл – таным құралы, тіл арқылы адам дүниені танып біледі, барлық білімді сол арқылы игереді. Сондықтан тілді менгертуді көздейтін білім саласы әлемдік тенденцияларға сәйкес өзінің даму бағыттарын белгілеуі тиіс, бірақ олардың барлығы да ұлттың тарихи-мәдени топырағында дамуы керек. Сол себепті тілді оқытудағы талаптар білім мен тәрбие өзегінде қамтыла келіп, жас ұрпақты қалыптастыруда мынадай қағидаларға негізделуі шарт:

1. Тіл – тұлғаның мәдени иммунитетін дамытушы тетік.
2. Тілді үйренудегі міндет – жалаң ережелерді, жекелеген тілдік дағдыларды менгеру емес, тілдің өмірлік мәнін тану арқылы тұлғаның мемлекеттік тілде (қазақтар үшін өз ана тілінде) сөйлеуге деген мұдделілігінің оянуы. Өйткені “жас ұрпақ бойындағы рухтың өшүі – грамматикалық ережелер мен әдебиеттану анатомиясын” құрғақ оқытудың зардабы.

3. Ана тілі – әр адам өмірінің табиғи нормасы.

Бұл әлемдік озық тәжірибеде дәлелденгендей, «пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыру арқылы шешіледі» [66, б. 6]. Онда мемлекеттік тіл мәртебесін иемденіп отырған қазақ тілін рухани мәдениеттің бір бөлігі ретінде оқу-тәрбие үдерісінің түп қазығы етіп алыш, оны білім алушының дара тұлға ретінде дамытылуының, яғни білім жүйесіндегі демократиялықтың, ізгілендірудің, гуманитарландырудың жүзеге асуының бірден-жолы ретінде жүзеге асыруға ерекше мән беру қажеттігі күннен-күнге артып келеді.

Тіл қатысымдық құрал ғана емес, адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі болыш табылады. Тіл – денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы емес, сонымен қатар коннотативті, яғни лингвомәдени, идеологиялық мәні бар құрал. «Әрбір сөзді адам өзінің танымдық деңгейіне байланысты әр түрлі қабылдайды, өйткені сөйлеу оның ой-өрісіне, талғамына, санасына, танымдық деңгейіне байланысты» [77, б. 36].

Философтар адамды түсіну үшін оның дүниетанымын, көзқарасын, идиалдарын, рухани әлемін білу қажет деп санайды. Қазіргі танда «тіл мен мәдениет, этнос» мәселесіне қатысты түрлі ғылым саласындағы зерттеулерде тіл жүйе ретінде ғана қарастырылмай, тіл мен адамның, тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның байланысы терең қарастырыла бастады. Бұрын объективтік жүйе деп танылып келген тілдің субъективтік құрылым ретінде мойындалуы тілдік зерттеулерге тың жол ашты. Соның нәтижесінде тіл білімінің лингвомәдениеттаным, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, этнолингвистика және басқа да салалары кең өріс алыш отыр. Олай болса, тілді мемлекеттің дамуымен сабактастыра оқыту болашақ ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін көтерудің басты шарты болыш саналады. Бұл бүгінгі күні әлемдік кеңістіктегі «Ұлы Дала Елі» имиджін қалыптастыруға мүдделі, «Мәңгілік ел» болудың басты шарты мәңгілік тілді сақтау екендігін білім берудің барлық саласы мен сатысында танытуды көздел отырған тәуелсіз еліміздің болашағы осындай келелі міндеттерді қатар жүзеге асыруды талап етуде. Сондықтан сөз тіркесін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың білім философиясындағы, тіл философиясындағы тұжырымдар негізге алынады.

1.3 Сөз тіркесін оқыту арқылы бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық аспектілері

Бастауыш сынып кезеңі – адам өмірінде ерекше орын алатын, тұлғалық қабілеттерінің негізі қаланатын, рухани болмысына қатысты сапалық өзгерістер дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан да бастауыш білім беру – үздіксіз білім жүйесінің алғашқы басқышы, қын да, күрделі сатысы. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, қоршаған ортаны объективті түрде бақылап, талдау жасауға, көзқарасын қалыптастыруға, ойын дұрыс айтуга, дәлелдеуге, қатысым

мәдениетіне үйретуге бағдарланады. Бұл міндеттердің дұрыс жүзеге асырылуы бастауыш сынып оқушысының психологиялық ерекшеліктерін ескеруге келіп тіреледі. Өйткені «психологиялық ерекшеліктің ескерілуі олардың оқу әрекетін дұрыс әрі жүйелі ұйымдастыруға, сабактың тиімділігін арттыруға оң ықпал ететін факторлардың бірінен саналады. Сол себепті кіші жастағы оқушының білімді менгеруіне, өзінің ортасына тез сіңісп, өзгелермен тіл табыса алуына қажетті қатысымдық дағдыларының қалыптасуына қажетті жағдайлар тудыру үшін осы ерекшеліктерді білу оқу нәтижесінің сапалық деңгейін көтерудің бірден бір тетігі саналады» [76, б. 13].

Зерттеу тақырыбының нысанына алғыншылдықтың қатысымдық құзыреттілігі ұғымы бала психологиясымен тікелей байланысты. Өйткені құзыреттілік оқытудың нәтижесі болса, мотивация – сол нәтижеге жеткізетін бүкіл оқу-танымдық әрекеттің қозғаушысы, тұрткісі мен себебі. «Құзыреттілік» ұғымының алғаш рет психологтардың еңбектерінде көрініп, оқу мотивациясымен байланыста зерделенуі де кездейсоқ емес. Сондықтан оқушының өз әрекетінің мәнін түсінуге, әрекетті орындауға мүдделелік тудыруға әкелеттің мотивация міндетті түрде құзыреттіліктің бастау көзі болып саналады. Бастауыш сыныпта сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың арнағы ұйымдастырылатын оқу әрекетінің үш кезеңін; мотивациялық, әрекеттік және бағалау кезеңдерін негізге ала отырып, олардың аражігі мен ортақ мақсатқа жұмылдырылуының ғылыми-теориялық негіздерін сарапау осы тараудың міндеті болып табылады.

Психолог ғалым Р.Уайттың «Motivation reconsidered: The concept of competence» атты еңбегінде құзыреттілік адамның өзіндік қабілеттері тұрғысында танылып, құзыреттіліктерге адамды әрекетке итермелейтін тұрткілер де жатқызылды. Competent (франц.) – құзыретті, өкілетті, competents (лат.) – сәйкесті, қабілетті, competence (ағылш.) – қабілет (құзыреттілік) деп анықтама берген еді [77, б. 29]. Ал, Дж. Равен құзыреттіліктердің 37 түрін анықтап, оларға жан-жақты түсініктеме берді. Ғалымның концепциясы кейінірек құзыреттіліктердің қалыптасуы мен дамуы, түрлері жөнінде психология, педагогика, әлеуметтену, қоғамтану секілді ғылымдардың зерттеу нысанасына айналды.

Ғылыми тұрғыдан осылай таратылып берілген жаңа көзқарастар кейінірек ресей психологтары И.А.Зимняя [18], А.К.Маркова [19], Л.А.Петровскаялардың [20] еңбектерінде жалғасын тапты. Ғалымдар құзыреттілік ұғымын оқушылардың білімін, тәжірибесін практикада қолдану тұрғысындағы тар мағынада қарамай, құзыреттіліктердің дамуы мен қалыптасуында оқушылардың өзіндік қабілеттері мен мотивтері басты рөл атқарады деген пікірді дәйектеп берді.

«Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқытуды ұйымдастыру үдерісінің ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылып жүр. Оқыту үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктері белгілі бір мәселені шешуде қолдануы деп танылды. Мысалы, Л.А.Петровская «Тілдесімдегі құзыреттілік» атты еңбегінде құзыреттілікті «жеке тұлғаның

өзіндік қабілеттері, қасиеттері» деп анықтама береді [20, б. 87]. Ғалымның бұл пікірі құзыреттілігі қалыптасқан адам ғана жеке тұлға болып саналады дегенге саяды.

Н.Коряковцева құзыреттіліктің қалыптасу үдерісін кешенді турде қарастырады. Құзыреттілік деп «оқушының оқу мақсатына сәйкес өзінің оқу іс-әрекетін басқаруды, соңғы нәтижеге жеткенге дейінгі бүкіл ұйымдастыру және бақылау қабілеттерін» атайды [78, б. 45]. Ғалымның өз еңбегінде құзыреттіліктердің мотивтермен байланысына тән мынадай сипаттарды жүйелеп көрсетеді:

- құзыреттілік ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни, ол оқыту нәтижелерін (білім мен іскерлікті), құндылық бағдар жүйелерін, әдет және т.б. қамтиды;

- құзыреттілік – алынған білім, іскерлік, тәжірибе мен мінез-құлық (тәртіп) тәсілдерін нақты жағдайда, нақты *іс-әрекетке* жүмылдырудагы адамдардың қабілетін білдіреді;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясының идеологиясы жатыр;

- құзыреттіліктер білім беру мекемесіндегі оқу үдерісінде ғана емес, ол әрі қоршаган ортаның әсерімен, яғни қалыпты, қалыптан тыс, қалыпты емес білім алу жағдайында да қалыптасады» [78, б. 51]. Шын мәнінде оқушылардың құзыреттілігі олардың оқу әрекетінің түпкі нәтижесі ретінде бағаланғанмен, оның қалыптасу барысы оқу әрекетінің барлық кезеңдерін, олардың мотивациямен сабактастырын түгел қамтиды.

Ғалым К.М.Арапова құзыреттіліктің қалыптасу кезеңдерінің белгілерін жіктең көрсетеді: «*интегративтік* сипатының болуы, яғни өзіне біртекті немесе жақын келетін білім мен іскерліктерді, мәдениет пен іс-әрекетті жинақтауы; *көпқызыметтік*, яғни оны менгеру құнделікті өмірде әртүрлі проблемаларды шешуге мүмкіндік беруі; *пәнаралық* сипатта болады, яғни әртүрлі жағдаяттарда қолданылады; *интеллектуалдық* үнемі дамуды талап етуі; *көпөлишемдік*, яғни әртүрлі ойлау үдерістері мен практикалық икемділіктерді қамтуы» [79, б. 54]. Осы аталған сипаттардың әрбірінде оқу мотивациясы мен құзыреттіліктің байланысы көрініп отырады. Бір жағынан, жағымды мотив туған жағдайда ғана құзыреттіліктердің дамитыны көрінсе, екінші жағынан, шынайы құзыреттіліктер білім алушын, үйренудің келесі сатасына ұмтылдыруға ықпал етеді, оқудың мәндік сипатын арттырады.

Е.А.Ракитина [80] мен А.В.Хуторский кілттік құзырлардың типологиясын жасап, оларды құндылық-мағыналық, жалпы мәдениеттік, оқу-танымдық құзырлылықтар, ақпараттық, қарым-қатынастық, әлеуметтік-еңбектік, тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзырлары деп жіктеген [81]. Ал, Б.Кенжебеков «құзыреттіліктердің төрт түрін: арнайы, әлеуметтік, жеке тұлғалық, даралық деп бөліп көрсетеді. Оларға жауапкершілік, өзін көрсетуге ұмтылыш, даралыққа құштарлық сезімдері түрткі болатынын» айтады [82, б. 21]. Бұлардың барлығы да оқушының әлеуметтік мотивтерімен ұштасып жатыр.

Г.Ниязова білім беру құзырлары түсінігін анықтап, оның иерархиясын білім беру мазмұнының іштей бөлінуімен байланыстырады. «Метапәндік (барлық пәндер үшін), пәнаралық (пәндер немесе білім беру аймақтары циклі үшін) және пәндік (әрбір оқу пәні үшін) болып бөлінуіне сәйкес үш деңгейлік иерархиясы кілттік құзырлар, жалпы пәндік құзырлар, пәндік құзырлар деп анықталған» [23, б. 4]. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай осылардың ішіндегі пәндік құзыреттіліктер туралы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Психологтардың айтуынша, бастауыш сынып баласының ақыл-ойы жылдам жетіледі. Бұл олардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруда оқу мотивтерін жүйелі түрде дамытып отырудың ұтымдылығын көрсетеді. Окушының алатын әрбір жаңа ақпараты оның ойлау жүйесін дамытуға, қатысымдық қабілеттерін жетілдіруге дұрыс әсер ету үшін бұл жастағы бүлдіршіндердің танымдық қызығушылығын оятатында қызықты әрі пайдалы білімдер өзара сабактастықта ұсынылуы – басты шарт. Өйткені бұл жаста балалардың жүйелі ойлау дағдылары қалыптасуға бейім болады. Ал психикалық жағынан алғанда «бастауыш мектеп оқушысы тез әсерленгіш, ширақ келеді. Оның себебі баланың мектепке келуі, әлеуметтік ортасының өзгеруі, оқу мен ойын әрекеттерінің таңдауға түсүі оған мұғалімнің, ата-анасының алдындағы жауапкершілігін сезіндіре бастайды. Оқу әрекеті – бастауыш сынып оқушысының негізгі әрекеті болып саналады. Бала ендігі жерде міндет деген нәрсені түсіне бастайды. Өзінің міндетін атқару үшін жинақылықтың, тәртіптің, өз еркін бағындыра алушың қажеттігін сезінеді. Сыныпта оқу арқылы ұжымдық санасы қалыптасады» [83, б. 117].

Қазақ тілі сабактарында сөз тіркестерін оқытуда оқушылардың іс-әрекеті деп балалардың бүтіндей ақыл-ой, теориялық білімдері мен практикалық дағдылары арқылы алдына қойылған проблеманы шешу барысында қолданылатын әрекеттер тобын айтамыз. Оқыту барысында дұрыс үйимдастырылған тапсырмалар жүйесі ғана оқушылардың мақсатқа жету керек деген мотивтерін қанағаттандырып, оның басқа психикалық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Себебі «оқушылардың мақсатқа жету тілегін ішкі және сыртқы түйсіктер туғызады, ал орындалатын іс-әрекеттер қимыл түйсіктері арқылы реттеліп отырылады» [84, б. 63].

Ғалым Р.С.Немовтың пікірінше: «түйсіктері арқылы оқушылар сыртқы дүниеден әсер алады, осы әсердің негізінде оған жауап береді» [85, б. 128]. Түйсіктер оқушылардың көру, қабылдау, есту, эмоциялық жай-күйімен тығыз байланысты. Сондықтан дұрыс үйимдастырылған дидактикалық тапсырмалар оқушылардың бірнеше түйсігіне бір уақытта әсер етіп, тілдік материалдарды саналы қабылдауына, түсініуіне, игеруіне ықпал етеді. Бұл үшін сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың көру түйсіктеріне көрнекі құралдарды пайдалану, есту түйсіктерін дамыту үшін аудиоматериалдар немесе мұғалімнің жағымды дауыспен, сазды үнмен сөйлеуі ықпал етеді. Сабактың қызықты өтуі оқушылардың эмоционалдық күйін бей-жай қалдырмайды, оқушылар сабакта белсенділік танытып, өтілген материалдарды талдауға жарыса қатысады.

Мұндай сабактар оқушылардың танымдық қызығушылықтарын туғызады. «Танымдық қызығушылық – оқушылардың сөз тіркестері туралы білімдерді сапалы менгерудің негізгі мотивтің бірі. Оқушылардың таным қабілетін жетілдіру – олардың дамуының алғы шарты. Таным үдерісі – күрделі құбылыс. Таным үдерістері арқылы оқушылар жаңа материалдарды саналы менгеруге талпынады» [86, б. 12]. Сондықтан бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқытуда оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіруге ерекше назар аудару керек. Балалардың таным іс-әрекеттерін орындау арқылы пәнге, сабакқа оқу мотивтері (қызығушылық, ықылас, тілек) артып, баланың түсінігі мен дүниетанымы кеңейіп, ойлау қабілеттері жетіледі. Педагогикалық еңбектерде: «Таным – адам санасын дамытудың негізі. Таным – бұл қоршаған болмыстың, оның элементтерінің белсененді ақыл-ой және көңіл күй іс-әрекеттері мен олардың нәтижесі, яғни білім, жалпыланған теория, заңдар мен ғылыми ұйымдардың санада бейнеленуі» деп анықтама берілген [87, б. 226].

Ғылыми еңбектерде оқушылар ерік күштері арқылы танымдық әрекеттерді жүзеге асыратыны жөнінде: «Таным – әрекет түрлерінің бірі, сондықтан таным барысындағы қыындықтарды жену жөніндегі ерік күші таным әрекетінің мақсатын кімнің алға қоятынына елеулі дәрежеде ықпалды деп жорамалдауға болады», - дейді [88, б. 30]. Ал, ерік күшін баланың өз ішкі мұддесімен байланыстыруши тетіктің ең бастысы тағы да мотив болып саналады.

Психологтардың пайымдауынша, «бастауыш мектеп оқушысының интеллектісі, даралық қабілеттері, әлеуметтік қатынастары өзгеше болады. Оның танымдық белсенелілігі артады, талғамы өседі, қабылдау дағдысы жетіледі, логикалық есі мен ерікті зейіні тұрақтанады» [89, б. 201]. Сондықтан бастауыш сатыда оқушыға қазақ тілінен берілетін білім өмірлік қажетті білімдерінің бастауы болуға тиіс. Онда тіл туралы оқушы дүниетанымын кеңейтуге назар аудару тиімді. Өйткені осы кезеңде олардың қатысымдық құзыреттіліктерінің іргетасы қаланып, баланың бастауыш сатыда менгерген сауаттылық дағдылары одан кейінгі білім беру жүйесінде ғылыми пайымдауларға ұласады. Оқушының тілдік сезімі, танымдық қабілеті дамытылады, ойлау жүйесі шындалады. Демек, таным өрісінің кеңеюі ықылас, тілек, қажеттілік пен қызығушылықтары секілді аса маңызды оқу мотивтерінің тууына тікелей әсер етеді.

Психолог Л.И.Божович «танымдық қызығушылықтың оку әрекетіне, білім алуға, ғылымға деген қызығушылық тудыруда орасан зор қозғаушылық күші бар, яғни ол адамды белсенді танымға ұмтылуға мәжбүр етеді» деп бағамдайды [90, б. 26]. Бұл айтылған тұжырымдар таным мен мотивтік өзара әсерінің өте ықпалды екенін көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық теорияларда қызығушылықты әрекет иесінің дүниеге деген қарым-қатынасының сипаты, мазмұны мен кеңдігі, күші (белсенді, немкүрайды), тұрақтылығының дәрежесі (тұрақты, тиянақсыз), пайымдауы мен терендігінің дәрежесі және т.б. белгілері бойынша бірнеше түрге жіктеледі.

В.В.Давыдов, Б.М.Теплов, П.М.Якобсон және басқа психолог ғалымдардың еңбектеріндегі салыстыра жүргізлген талдауға сүйене отырып, зерттеу жұмысымыздың сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытудағы механизмдері қарастырылды.

Егер бастапқы кезеңнен бастауыш сынып оқушысының өз күшіне, біліміне сенімділігі қалыптастырыла бастаса, оған оқу қындық келтірмейді, ол білген сайын оқуға құштарланып, белсенділігі артады. Ал, керісінше, оқудағы үлгерімі тәмен болып, баланың қиналысы күшіне берсе, ол оқуды, мектепті жек көріп, оқуға ынтасы болмайды, өзін басқалардан тәмен санап, ықыласы жоғалады. Бастауыш кезеңде алған білімнің бүкіл өмірінің іргетасы екенін ескерсек, ондай баланың кейін оқу-білімге қайта бет бұруы өте қынға соғатыны белгілі. Сондықтан бастауыш сынып оқушысына оқу арқылы өзіне қажет көп пайдалы білімді менгеретінін, өзі үшін аса қажетті, маңызды, қызықты нәрселерді игеретінін, олардың барлығының есейгенде үлкен азамат болуға әсер ететінін мұғалім әрдайым еске салып, баланы ынталандыруы тиіс. Ол тек сөз жүзінде емес, әрбір сабакта, әртүрлі тапсырмалар мен жаттығуларды ойластырып, үйлесімді жүргізу арқылы жүзеге асқанда тиімді болады.

Қай жас кезеңінде болсын, білім алу тұлғаның қабылдау қабілетімен тығыз байланысты болады. Өйткені білім атаулы сыртқы ортаны көріп, танып қабылдау, кез келген нысан туралы естіп немесе оқып қабылдау нәтижесінде жинақталады. Сондықтан бастауыш сынып оқушысының психикалық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту мәселеінде осы кезеңдегі оқушының қабылау қабілеттерінің ерекшеліктерін білу маңызды.

Бастауыш сыныпта оқу әрекетінің қызықты болуына баланың қоршаған ортаны тікелей қабылдау, жақын сезіну ерекшеліктерін ескеру ықпал етеді. Олардың жаңаға ерекше құштарлық танытуы, кез келген нәрсені жылдам қабылдауға бейім болуы білім беруде үнемі ескерілуі тиімді. Ол үшін білімнің «жаңа» қырларын таныту маңызды. Сол себепті сөз тіркестерін оқытқанда бала үшін қызықты, тосын мысалдарды келтіріп, олардың көзге елестету, ойша салыстыру дағдыларын дамыту арқылы сабакқа қызығушылығын, берген білімді саналы түрде түсініп менгеруіне ықпал етуге болады.

Бастауыш сынып оқушысының психологиялық ерекшелігі ретінде ұқсас нәрселерді, ұғымдарды дұрыс талдап, жинақтап беру қабілеттерінің әлі толық қалыптаспағандығын атауға болады. Сол себепті сөз тіркестерін оқытуда оларға дайын үлгілерді бере отырып, сол дайын моделдер бойынша ғана сөз тіркестерін құрастырту тиімді саналады. Бұл бағыттағы жұмыс түрлері 2-тaraуда баяндалады.

Бастауыш сынып баласының қабылдау қабілетін дамытуда олардың практикалық дағдыларына басымдылық берген ұтимды. Өйткені бұл кезеңде бала білімді дұрыс қабылдау үшін оны өзі тікелей орындалап, практика жүзінде жасап көруі керек. Сол әрекетінен өзі қанағаттанып, эмоциясын шығара алса ғана білімді дұрыс менгереді. Бұл біздің зерттеу тақырыбымыздың түпкі мақсатымен толық үндес болып саналады. Өйткені бастауыш сынып оқушысы

менгерген сөз тіркестерін өзінің күнделікті өмірінде дұрыс қолдануды үйренгенде ғана қатысымдық құзыреттіліктің қалыптасуына қол жеткізіледі.

Қалыпты оқыту жүйесінде білім құндылық деп саналып келсе, ендігі жерде оқушыны өзгермелі өмірге икемдеп, өзін-өзі дәлелдей алуға, өз пікірін кез келген ортада қорғай алуына, ой-тұжырымын өтімді етіп жеткізе білу, қабілеттерін шындау маңызды рөл атқарады. Демек, білімнің әлеуеттік күш қалпында қалмай, адамның өмірлік дағдыларының өзегі етіп алынуы, біліктілікті ұштаудың тетігіне айналуы қажет деген қағида білім беру үрдісін жаңартудың басты ұстанымы болып саналады. Сондықтан қазір жас ұрпақ қабілеттерін дамыту үрдісінде баланың бойында дара тұлғаға тән дүниетаным, әлеуметтік және адамгершілік нормаларына сәйкес қасиеттерді қалыптастыруға ерекше мән беріле бастады. Эрбір бала өз өмірінің өзегі болатын сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді, шағын мәтіндерді құрау, диалогті өрбіте білу секілді икемділіктерін өз қажеттілігіне сай қолдана білуге дағыландыру бастауыш сатыдан басталады. Оқытуудың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму психологиясына сай болуға тиіс. Алайда, бұдан оқылатын тақырып үнемі оңай, жеңіл-желпі орындалатында болуы қажет деген ұғым тумаса керек. Оқыту үдерісінде шамасы жететін қыыншылықтарды өз күштерімен жойып отыруға оқушыларды мәжбүр еткен жөн. Өйткені қыындыққа кездеспейінше, ойлау белсенділігі артпайды, дамуға қызмет ете алмайды. Ал, керісінше, шамасы жетпейтін қыындыққа кездессе, онда ой тежеледі. Ендеше, бұдан шығатын қорытынды – оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың сөз тіркестері туралы мәліметтер түсінікті, олардың өз беттерімен орындаі алуына лайықты болуы шарт.

«Оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруды, алдымен, оқушылардың жоғары психикалық функцияларын, яғни балалардың конвергентті (салыстыру, талдау, жинақтау, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, қорытындылау, шешім шығару) ойлау қабілеттерін қалыптастыру қажет» [91, б. 54]. Мұның барлығы оқушылардың логикалық ойлауын жетілдіреді. Ал, оқушылардың инвергентті (интуиция, рефлексия, инсайт) секілді продуктивті есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттері мен қиялдарын жетілдіруде дамыта оқытуға негізделген тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін беру оңтайлы. Ол үдеріс ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, қорытындылау, шешім шығару актілерінен тұрады. Оқушылардың конвергентті және инвергентті ойлау қабілеттерін жетілдіруде тапсырмалар арнайы іріктеліп орындағылады. Мысалы, психолог В.В.Давыдов оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту үшін төмендегідей жаттығу жұмыстары мен тапсырмаларды орындаудың тиімділігін атап көрсетеді:

- ережелерді салыстыру, яғни, сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркестерін, атаулы сөйлемдерді, күрделі сөздерді өзара салыстыра отырып, ортақ және жеке белгілерін анықтау;
- мәселені талдау, яғни, сөздердің қалай тіркесіп тұрғанын қарастыру;
- оқылған мәтіннен сөз тіркестерін тапқызу, анализдеу әдісі;

– деректерді қосымша ақпараттармен жалғастыру, синтездеу әдісі [84, б. 107].

Сыныптан сыныпқа жоғарылаған сайын баланың қабылдау деңгейі де өсе түседі. Өзінің алдына мақсат қоюға, өз әрекетін өзі басқаруға үйренеді. Оқыған, тыңдаған ақпараттан өзіне қажетті білімді екшеп алуға дағдылана бастайды.

Бастауыш сынып оқушысының зейінін дұрыс қалдыптастыру да оқу мотивациясын арттырудың бір жолы болып саналады. Әсіресе, еріксіз зейінің дамуы жоғары болатындықтан, балаларға қызықты, тосын, назарын тез аударатын оқу материалдарын ұсыну олардың білімге қызығушылығын тудыруға септеседі. Қызығып оқыған материалдар баланың жадында ұзак сақталады. Ол үшін сөйлеуге үйретуде әртүрлі көрнекі-бейнелі материалдарды шеберлікпен қолданып, баланың логикасын дамытуға, сөздің, берілген білімнің мәнін түсінуіне көңіл берілген тиімді. Түсінгенін өз жадында дұрыс сақтауға, менгерген білімін таныс, бейтаныс жағдаяттарда қолдана алуға дағдыландыру маңызды. Сондықтан кіші жастағы оқушыларға нақты анықтамаларды, ережелерді түсіндіріп я сипаттағаннан гөрі суреттерді кестелерді, диаграммаларды, сызбаларды қолданып үйрету ұтымды. Мысалы, сөз тіркесіне қатысты оқу материалдарын түсіндіргенде суретті сөздіктерді, диаграммаларды, кестелерді, сөзжұмбақ түрлерін қолданудың танымдық та, логикалық та тиімділігі жоғары.

«Бастауыш сатыдағы білім әртүрлі құбылыстардың сыртқы түрін танудан оның ішкі мәнін тануға біртіндеп өте бастайды. Баланың танымдық әрекеттерінде алған білімін ойша жинақтап, өздігінен ой қорытуға, таныған заттары мен құбылыстардың маңызды белгілері мен қасиеттерін ерекшелеп көре білуге алғашқы талпыныстар жасалады. Осының негізінде ғылыми ойлаудың қарапайым дағдылары қалыптаса бастайды. Кіші жастағы оқушының аналитикалық-синтетикалық қызметі көбінде заттар мен құбылыстарды тікелей қабылдауының негізінде көрнекі-әрекеттік сипатта көрініс табады» [92, б. 10]. Бұл ерекшеліктерді сөз тіркесін оқыту арқылы оқушының қатысымдық қызыреттіліктерін қалыптастыру үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын жетілдіру үшін мынадай талаптар ескерілді:

- сөз тіркестерін оқыту мазмұнының оқу үдерісінде проблемалық, дамыта оқыту ұстанымдарына сәйкес құрылуы;
- сөз тіркестерін оқыту мазмұнының оқу бағдарламасында берілген оқу материалынан асып кетпеуі;
- сөз тіркестерін оқыту мазмұнының бағдарлы болуы;
- сөз тіркестерін оқыту мазмұны оқу материалының бірыңғай мазмұнымен тұтас байланыста болуы, әрі оқушының дара-тұлғалық, психологиялық және іс-әрекеттік құрылымының ерекшеліктерін есепке алып іріктелуі;
- сөз тіркестерін оқыту тапсырмаларының қызықты болуы;
- сөз тіркестерін оқытуда оқушылардың зейінін тұрақтандыру.

Бастауыш сынып оқушысының психологиялық ерекшеліктерінің бірі – олардың оқу-әлеуметтік мотивтерінің басым болуы. Мысалы, олар көбінде мақтағанды, өз сыныбының алдында беделді болғанды ұнатады. Бұл ерекшелік

бастауыш сынып мұғалімінің баланың әрбір жақсы ісін жіті қадағалап, ескеріп, үнемі көтермелеп отыруын талап етеді. Бірақ бұл арзан, жалған мадақ түрінде емес, әрбір баланың өзіне тән қабілеттері мен қасиеттерін дұрыс аңғару, ұтымды, ұрымтал сәтті қалт жібермей пайдалану арқылы шешімін табады. Әйткені бастауыш сынып оқушысына сабактың қалай ұйымдастырылуынан гөрі сабакта өзінің жауап беруі, сол жауабының мұғалім тараپынан дұрыс ескерілуі маңыздырақ.

Мұғалім бағасы, мақтау сөзі – оқушы үшін ең үлкен мәртебе. Себебі «бастауыш сынып оқушысының ұғымында мұғалім – ең беделді тұлға, басты үлгі. Бұл, өз кезегінде, бастауыш сынып мұғалімінің барынша әділ, мұқият, білімді, мейірімді болуын қажет етеді. Бірақ шектен тыс асыра мақтау, өтірік көтермелеу бала психикасына кері әсер ететінін де ұмытпаған жөн. Жалған марапат оның өзімшілдігін, өтірікке бейімділігін, ең бастысы, оқудағы үстірттікке жол беруіне әкеліп соқтыратыны сөзсіз. Бастауыш сынып оқушысына білімнен гөрі жоғары баға маңыздырақ болуының себебі: ата-анасы да, сыныптастары да оның білім деңгейін, көп жағдайда, сабакта алған бағасына қарап бағалайды. Осыған орай кіші жастағы оқушының оқуға құштарлығы негізінен әлеуметтік мотивпен байланысты болып келеді» [93, б. 68]. Олар үшін айналасындағылардың мақтауы мен жақсы жетістіктерімен тезірек көзге түсіу маңызды.

Бастауыш сынып оқушысының оқуға деген жағымды мотивациясын тудыру мақсатында оның үлкендермен және өзінің құрбы-достарымен арасындағы қарым-қатынас ерекшелігі де ескерілуі керек. Мәселен, оның топқа сіңісуі мен жаңа әрекет түрі ретінде оқуға мән беруі де осы кезендегі үлкен айырмашылық болып саналады. Және бұл ерекшеліктер оның өзіне қойылатын талаптарды, артылатын міндеттерді дұрыс түсінуіне, сол арқылы олардың мінез-құлышын, ерік-жігерін, өзін-өзі басқара алуына, қызығушылық аясын кеңейту, қабілеттерін дамытуға ықпал етудің жолдарын табуға мүмкіндік береді. Бұл орайда жұптық, топтық, ұжымдық түрдегі жұмыстар тиімді. Оқушылар басқалармен тіл табыса жұмыс жасауға дағылануының негізінде қатысымдық мәдениетке үйренеді. Өзгелерді тыңдауға, өзін тыңдатуға үйренеді. Осы бағыттағы тапсырмалар арқылы бастауыш білім сатысында оқушының адамгершілік қасиеттерінің іргетасы қалана бастайды. Адамгершілік нормаларын игереді, мінез-құлышы түзеледі. Әлеуметтену дағылары дамытылып, тұлғалық қабілеттері жетіледі, қоғамдық ортаға бейімделе түседі.

Оқушының әлеуметтенуінің үлкен пайдасы сол, олардың мінездерінде тұрақтылық пайда бола бастайды. Дегенмен, осы жастағы балаларға тән өзгешелік ретінде олардың импульсивті болатынын да ескерген жөн. Бұл да олардың сыртқы тұртқілердің ықпалына тез беріліп, өз еркін толық игере алмауынан, көп жағдайда үстірт шешім қабылдауынан, еркін жылдам менгере алмауынан туындалап жатады. Осы өз еркін игере алмауы салдарынан бала мақсатына жету жолында болмашы сәтсіздіктерге төтеп бере алмай, тез шегінуге бейім келеді. Ондай кезде оқушының ішкі мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алмай, өз күшіне сенбестік те тууы мүмкін. Бұл оның қырсығуына,

шыдамсыздануына экеліп соғады. Ол үйде айтқаны болып, дегені орындалып отыратын еркетотай балаларға тән. Мұндай балаларға мектептің «қатал» тәртібіне үйрену, оған мойынсұну оңай болмайды. Сондықтан оларға сабакта жағымды эмоция тудыратын жұптық, топтық сипаттағы жағдаяттарды ойлап тауып, үнемі қадағалап отыру керек. Балалардың барлық әрекеті эмоция арқылы тез көрініп қалады. Олар өзінің қуанышын да, ашуын да, қорқынышы мен жеккөрінішін де жасыра алмайды. Олардың эмоциясы да тез өзгермелі болып келеді. Бір күйден екінші күйге жылдам ауысып отырады. Тек алдын-ала дұрыс ойластырылған қызықты әрі проблемадан жол тауып шығуға мүдделіллік тудыратын тапсырмалар олардың білім мен білікті саналы игертуіне ықпал етеді.

«Баланың өзін-өзі бағалау қабілеті де осы кезеңнің өзіндік ерекшелігін ескерумен байланысты қалыптасады. Бұл жастағы балалардың өзін-өзі бағалауы мұғалімнің қоятын бағасына тәуелді болып келеді. Өйткені олар үшін ең маңызды әрекет оқу әрекеті болып табылады. Сол себепті дәл осы жаста балалардың әрекетті өздігінен игеріп, өз бетінше жұмыс жасаудың қолайлы жағдай жасау маңызды» [94, бб. 5-6]. Онда бала үшін өздігінен әрекет етудің тәсілдерін игертуге ден қойылады. Бұл оның әрекеттің жаңа сатысына көтерілуі арқылы өзіне деген сенімділігін күшайте түседі, әрекет иесінің субъектілік қабілеттері дамиды, өзін-өзі бағалау дағдысы жетіле түседі де, өзін өзі басқарудың тетігіне айналады. Ондай деңгейге жеткен бала өзінің әрекетін өзі реттеуге, өзін-өзі бағалауға, барлық жағдайды таразыладап барып ойланып, ақырын әрекет етуге де төселе бастайды.

Баланың мүмкіндігін жете ескермей үнемі төмен бағалау олардың бойындағы өзіне деген сенімділікті әлсіретіп, бірте-бірте ортадан жырақтануға әкеледі. Өйткені басқа балалар да оны сабакта алған бағасына қарап «сыйлайды». Окудағы бұл сәтсіздіктер оның басқа әрекеттеріне де кері әсерін тигізеді. Сол себепті әр оқушының бейімділігін тани алу да педагогтің басты міндеті саналады. Бейімділік – оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Баланың жасырын, тіпті тым терең жатқан қабілеттерінің көрінуіне мүмкіндік жасау тек оқыту үрдісі кезінде мұғалім басшылығымен жүзеге асады. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті балалардың қабілеттің кеңінен өрістете дамытуға өздік және шығармашылық жұмыстарды мақсатты түрде жүргізу ықпал етеді. Мысалы, өздік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары ретінде мыналар ескерілгені жөн:

- оқу тапсырмаларының нақты берілуі;
- жұмысты орындаудың нақты уақытының белгіленуі;
- оқушылардың жұмысты мақсатына қарай дербес немесе жұптық түрде орындауына мүмкіндік берілуі;
- балалардың жұмысты өз еркімен орындауына жағдайдың жасалуы;
- тапсырмалардың шығармашылық сипатының болуы. Сол бейімділікті әрі қарай дамытудың басты қозғаушы тетігі – пәндік және қатысымдық дағдыларды оқушының жеке бас ерекшелігіне қарай игерту.

Бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқытуда оқушылардың тілдік дағдылары мен біліктегі олардың қатысымдық құзыреттіліктерінің сапалы қалыптастыруына маңызды рөл атқарады. Себебі дұрыс қалыптасқан оқу және пәндік дағдылар мен біліктегі оқу сапасын көтеріп қана қоймай, оқушылардың сабака деген түрткілерін арттырады. Бұл тұрғысында педагог - ғалым Б.И.Пинский былай ой топшылайды: «Чем бы человек ни занимался, кем бы он ни работал, успех его действий всегда зависит в значительной степени от имеющихся у него навыков. Не овладев необходимыми навыками, нельзя достигнуть сколько-нибудь успешных результатов в учебной и трудовой деятельности. В процессе овладения навыками человек перенимает опыт других людей, усваивает наиболее рациональные способы и приемы деятельности, накопленные предшествующими поколениями в ходе общественного развития» [95, с. 24].

Демек, оқушылардың тілдік дағдылары мен біліктегі қалыптастыруда мұғалімнің басты міндеті – оқушыны өздігінен кітаптармен және анықтама әдебиеттерімен жұмыс істеуге, өзінің кез келген іс-әрекетін жоспарлап, дұрыстығына көз жеткізіп, саналы орындауға жаттықтыру болып табылады. Қазақ тілі сабағында оқушылар қалыптасқан біліктегі мен дағдыларды кез келген жаңа жағдайда пайдалана алса ғана олардың қатысымдық құзыреттіліктері қалыптасып, тілдесімге деген түрткілері артады. Қатысымдық іс-әрекеттер арқылы оқушылар тілдік зандылықтарды тереңірек танып біледі. Сондықтан оқушылардың тілдік білік пен дағдыларын тиімді қалыптастыру оқыту үдерісінде үлкен маңызды мәселе.

Бірқатар психолог және педагог ғалымдар С.Я.Рубинштейн [96], П.Я.Гальперин [97], Б.Ф.Ломов [98], Н.А.Лошкарева [99], М.М.Рыбникова [100], Р.А.Пономарева [101], Г.К.Селевко [102] және т.б. дағдыны саналы іс-әрекеттің жаттығулар арқылы автоматталған түріне жатқызады.

Бастауыш мектеп оқушысының игерути іс-әрекеттерінің туралы С.Жораева: «Интеллектуалдық және практикалық білік пен дағды қазіргі мектептегі білім мазмұнының бөліктегі қатарына жатады. Оқушы жалпы білім жүйесін, оған жеткізетін іс-әрекеттер, әдіс-тәсілдермен қатар оқу еңбегін саналы орындауға, білім алуға жетелейтін біліктегі мен дағдыларды менгереді. Дағды жаттығудың қайталануы арқылы іс-әрекеттің автоматты түрде орындалуы деңгейі екендігі, кіші жастағы мектеп оқушыларының дағдыларының қалыптасуы олардың қарапайым болса да, алған білімдерінің іс-жузінде пайдалануы деп түсінуі қажет» - , деген пікір айтады [76, б. 9].

Демек, оқушылар тілдік дағдыларды менгеру арқылы, біріншіден, тапсырманы орындау уақытын үнемдейді, екіншіден, арнайы тапсырмалар және жаттығулар арқылы оқу тапсырмаларын дұрыс орындауды автоматтандырады, үшіншіден, оқушылардың саналы іс-әрекеттер орындау әрекеттері қалыптасады.

Қазақ тілі сабактарында сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың сөздерді мағынасына қарай дұрыс қолданылуы мен тіркестіру қабілеттерін

дағдыға айналдыруда профессор Қ.Жарықбаевтың төмендегі қағидалары басшылыққа алынды:

1. Дағдылану үйренумен, жаттығумен, бір әрекетті бірнеше рет қайталаумен, дәл қазіргі әрекетті басынан өткізген адамның бұрынғы тәжірибесіндегі әрекеттерімен байланысып, жүзеге асады.

2. Дағдылануға алғашкы кезде әдейілеп зейін, ерік-жігер, күші жұмсалса да кейін бірте-бірте автоматтану арқылы жүзеге асып отырады. Бірақ, барлық дағдылану автоматизм тәрізді болады деуге болмайды. Кейбір өте қурделі дағдыланулар (мәселен, ақыл-ойымен байланысты) автоматизм түрінде әрекет етпеуде мүмкін.

3. Дағдылану бір қалыпта өзгермей тұратын әрекет емес. Егер адам өзінің әрекетін де, жүріс-тұрысын да, ақыл-ойын да жаттығу, қайталау арқылы атқаратын болса, сол әрекетін басқа әрекеттерге де көшіре алады. Мысалы, адам әр уақытта оң қолымен жазып, сол қолымен еш уақытта жазып көрмесе де, ол сол қолымен де жаза алады [103, б. 108].

Психолог М.Мұқанов оқытуудың көздейтін негізгі мақсаты балаларға білім беру ғана емес, білімді тиісті жағдайда қолдануға үйрету екендігіне тоқтала отырып, «осы оқу үдерісіндегі әрекеттің субъектісі оқытуын баланың өзі болғандықтан, бала бойындағы талпынысты оқытуудың негізгі тірегі етіп алу керек» – дейді [104, б. 81]. Ғалым оқушылардың сабак үлгерімінің төмендігі оқыту әдістемесінің кемістігінен емес, оқу дағдысын қалыптастыруға көніл бөлінбеуінен туатынын атап көрсеткен. Олай болса, бастауыш мектеп оқушысының тілдік және қатысымдық дағдыларын қалыптастыруды оқытуудың технологияларын саралап қолдану қажеттігі туындаиды.

Ғалымдар жаңа оқыту технологияларына тән басты екі ерекшелікті атайды: «Біріншісі: жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғасын дамытуды басты міндет етіп қояды, әрбір оқушының білім алу қажеті мен мүмкіндігіне байланысты өз бетімен білім алу жолын жаңа танымдық әдістер арқылы дағдыландырады. Екіншісі: оқушыға білімді мұғалімнен қабылдаушы объект емес, өз бетімен білім ала алатын, өзін-өзі дамытуға мүмкіндігі бар субъект деп қарап, оқу үдерісін соған лайықтап ұйымдастыруға бет алады» [38, б. 40]. Бұл, әрине, сабактағы оқушының өздік жұмыстарды жасау барысында игерілетін пәндік дағдыларын дамыту арқылы кеңең түседі.

Оқушылардың өзіндік жұмысы – мұғалімнің қажетті нұсқаулары бойынша оқушының оқу жұмысының жеке дара, топтық, жұптық немесе ұжымдық турде орындылатын түрі. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан белсенді ойлау талап етілді. Осының нәтижесінде оқушылар өздігінен бақылауды үйренеді, олар да тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, енбексүйгіштіқ, табандылық, ұйымшылдық, бір-біріне жолдастық көмек беру дағдылары қалыптасады. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты: оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабакта әдістәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауга және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып

отыруы қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабак оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортақ мақсатта жұмыс жасай алу дағдылары дамытылады. Бұл оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін құрайтын бірден-бір қор болып саналады.

Оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру барысында ұсынылатын тапсырмалардың мазмұны мен орындалу тәсілдеріне деген қызығушылықтың тууы оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына оң әсер етеді.

Психолог С.Л.Рубинштейн шығармашылық туралы: «Адамның шығармашылығының өзіне тән ерекшелігі – оның саналы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады. Бұл жағдайда адам алға қойған мақсатына қарай өз ойларын объективті түрде тұжырымдап, оны нақты жағдайда қолдана біледі және адам мен қоршаған орта арасындағы, яғни субъекті мен объектінің нақты бірлігі түрінде көрінеді», – деп тұжырымдайды [105, б. 81]. Ал, Л.С.Выготский: «шығармашылық» деп нәтижесінде жаңа құндылықтар пайда болатын, жаңалық ашатын әрекетті атаған [106, б. 94]. Осы пікірді ары қарай тереңдеткен ғалым Ф.А.Пономарев «шығармашылықты» «даму» ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық түрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа деңгейге көтереді» деп есептейді [107, б. 113].

Педагогика мен психологияда ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне бастауыш сыныптың өзінде-ақ дамыта оқытууды жүзеге асыру арқылы баулуға болатынын (В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Г.В.Занков) дәлелдеді.

Психолог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, оқушылардың шығармашылығын дамыту үдерісінің даму кезеңдерін былайша топтастыруға болады:

1) мәселені түсіну қабілеттілігі – ең алдымен, сөз тіркестерін құрастыруда сөз мағыналарына сын тұрғысынан қарау. Тек өзінің ғана емес, сондай-ақ, өзге адамдардың ойы мен іс-әрекетін түсіну мүмкіндігі. Проблемалық мәселелерді, адамдар қылышы, құбылыстар мен жағдаяттардың шешілуін шынайы сипаттай алу қабілетімен айқындалады;

2) логикалық ойлау мен тұжырымдау қабілеті – сөз тіркестері түрлерін жіктей алу, талдау және жинақтау қабілеті, өз ойын анық жеткізе алу. Түсінік қалыптастыру мен өз ойын жеткізе алу қабілетімен сипатталады;

3) табандылық (мақсаттылық) – алға қойған мақсатқа талмай ұмтылу, кедергілерге қарамай іс-әркет барысында өз мүмкіндіктерін жинақтай алу қабілеті. Баланың барлық іс-әрекеті мен мінез-құлқынан байқалады;

4) өз қызметінің нәтижесіне талап қоюшылық; Перфекционизм – өз іс-әрекетінің түпкі өнімін жоғары талаптарға жеткізуге ұмтылыс. Бала өзі істеп жатқан жұмысын жоғары деңгейде орындағыныша тыным таппайтынымен сипатталады;

5) шешім шығару – түрлі іс-әрекет пен мәселелерді шешуде тосын, жаңа жолдарды таба алу қабілеттілігі. Бала мінез-құлқы, ойындар мен түрлі іс-әрекет барысында көрінеді.

6) нәтиженің дұрыстығын тексеру. Оқушының өзі тұжырымдаған қорытындыларына сын тұргысынан қарауы. Қосымша мәліметтерді енгізуі.

Корыта айтқанда, бұл бөлімде қарастырылға қағидалар бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқытуда оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін кіші мектеп жасындағы балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін білудің және барлық оқыту үдерісін соның негізінде ұйымдастырудың қажеттігін әдіснамалық деңгейде дәйектеуге мүмкіндік берді. Шындығында да, қандай да болмасын оқыту үдерісі оқушының жеке басы қабілеттері мен қасиеттерін дамытуға бағытталады. Демек, оқушының бойында қалыптасқан дағды мен біліктілік, менгерген білімдерінің қатысымдық құзыреттілік түрінде қалыптасуы білім беруде инновациялық үдерістерді жүзеге асыру, оны жаңарту мен тиімділігін арттыру арқылы шешімін табады. Бұл орайда қазіргі таңда оқушыны объект деп қарамай, оны дамушы тұлға ретінде қабылдап, олардың психологиялық ерекшеліктерін жіті зерттеу, оқу-тәрбие жұмысын осы өзгерістерге сай, қазіргі педагогикалық психологиядағы оқушы тұлғасын қалыптастыруға бағытталған жаңа технологиялармен сабактастыра жүргізу – басты талап болып саналады.

1.4 Сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық негіздері

Тәуелсіз еліміздің білім беру саласы дамудың жаңа сатысына көтеріліп отырған қазіргі уақытта әлемдік білім кеңістігендегі жаңа тенденцияларды саралап алу, оқыту үдерісінде білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамыту арқылы олардың өмірлік дағдыларын жетілдіруге басымдылық беруі, тұлғаның бойында құзыреттіліктерді қалыптастыруға дең қою отандық педагогика ғылыминың алдына жоғары міндеттер қойып отыр. Оны шешу үшін білім сапасы мен тұлғаның сапалық көрсеткіштері арасындағы байланыстың негізін табу, оны жүзеге асырудың ұстанымдарын айқындау, жаңа технологиялық бағдарларын белгілеу, оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелеу қажеттігі туындауда. Жаңа талап жаңа ізденістер нәтижесінде отандық ізгі дәстүрлер мен әлемдік озық тәжірибелерді ұштастыру арқылы өзіндік жол табуды қажет етеді.

Білім беру жүйесіндегі реформалар мен жаңашылдық білім беру мазмұнының өзгеруімен байланысты қаралады. Қалыпты жүйеде білім беру мазмұны «оқушыға өзіне дейінгі қалыптасқан адамзат тәжірибесін менгерту» [108, б. 101] деп белгіленсе, тұлғаға бағытталған білім беру жүйесінде білім мазмұны туралы ұғым түбебейлі өзгерді. Жаңа жүйеде басты назарға «оқушының әрекетіне, оның ішкі дүниесіндегі өзгерістер мен даму мәселесіне басымдылық беріледі. Мұнда оқушы тек адамзат жинаған тәжірибені игерумен шектелмейді, оның қабілеттері мен қасиеттерінің қалыптасуы маңызды саналады» [109, б. 169]. Бұл қағидалардан шығатын тұжырым: білім беру үдерісінің ең басты мақсаты: оқушының тұлға ретінде қалыптасуына, оның

өмірлік дағдыларының дамуына жағдай тудыру, белгілі бір құзыреттіліктерді игеруіне мүмкіндік жасау. Олай болса, тұпкі нәтиже ретінде оқушының бойында қалыптасатын әртүрлі құзыреттіліктер белгіленіп, ал білім мазмұны сол мақсатқа сай ұсынылуы қажет.

Білім мазмұнын анықтаудағы аса маңызды бір фактор – қоғамдық-әлеуметтік сұранымды ескеру. Мұндай талап әрбір елдің ұлттық құндылықтарымен, мемлекеттің даму стратегияларымен сабактас анықталады. Бұл, әсіресе, гуманitarлық пәндерді оқыту үдерісінде маңызды міндет деп саналады. Мысалы, қазақ тілі, тарих, әдебиет секілді оқу пәндерінің алдындағы міндет – тек тілдік білім, әдебиет туралы ұфым, тарихи оқигалар туралы фактологиялық білім беру емес, ең алдымен, оқушының бойында ұлттық ділді, ұлттық сананы, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Бұл орайда дәл бүгінгі күні мемлекет дамуының басым бағыттарына тірек етіп алынып отырған «Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл», «Ұлы Дала Елі» идеяларын негізге алу білім беру мен тәрбие мәселесінің өзегі болып отыр.

Білім беру үдерісінде қалыптасқан қағида бойынша оқыту мен оқушыны дамыту үнемі бір тұтастықта қаралып отыруы туіс. Бұл талап мемлекеттік идеология мен білім беру саласының арасындағы өзара сабактастыққа қарай жетілдіріліп отырады. Оқытуды жаңарту жағдайында білім мен талаптың бірлігі туралы Ж.Аймауытовтың мына пікірінің құндылығы жоғары. Ғалым баланың өз ортасында қалыптасып дамитынынын айта отырып: “Тәртіп пен оқыту жақындастып айқасу керек. Жақсылықтың не екенін білу аз, жақсы істі ете алатын ерлік керек. Бұл – оқыту мен тәртіптің істері. Бала әлеуметтік рухында тәрбиеленуі керек. Шәкірт көнілі соққан нәрсеге емес, істеуге міндетті нәрсеге үйретілуі керек. Ол мектеп ережесін құрметтей біліп, әлеумет, мемлекет тілегіне өз тілегін бағындырып үйрену керек”, – дейді [110, б. 34]. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына сөз тіркесін оқыту үдерісінде олардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық негіздерін айқындауда да еліміздің білім беру жүйесіне қойылып отырған талаптар үнемі назарда болады. Оған ықпал ететін аса маңызды факторлар ретінде қазіргі жаһандану үдерісінің ұлттық құндылықтарға ықпалы, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың жаңа шарттары, инновациялық бағдарларды айқындау жолдары, оларды оқыту үдерісіне ендіру мүмкіндіктері алынады. Бұл оқытудың мақсатын оқушының адами сапасын қалыптастыруға икемдеуден бастап білім мазмұнын тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға қарай бейімдеу, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерін субъектінің дамуына онтайландыру, білім нәтижелерін құзыреттіліктер түрінде қалыптастыру мен бағалау жүйесін жасаудың өзектілігін көрсетеді. Бұл жерде оқыту сапасы мен тұлғалық сапа бір деңгейде қарастырылады.

А.В.Хуторскойдың «Современная дидактика» атты еңбегінде білім мен тәрбиенің бірлігіне негізделген оқыту үдерісінде қалыптастырылатын «оқушылардың тұлғалық сапаларының мынадай құрауыштары:

1) когнитивтік (тәндилемдік) сапалары – қоршаған әлемді сезіне алу іскерлігі, сұрақ қоя білуі, құбылыстардың себебін іздеуге үмтүлісі, өз түсінігін немесе түсінбекенін жеткізе алуы және т.б.

2) креативтілік (шығармашылық) сапалары – рухтануы, қиялдауы, ақыл-ой икемділігі, қарама-қайшылықтарды айқын көре алуы, ойлау мен сезу, әрекет ету тұтастығы, болжай алуы; өз пікірінің болуы және т.б.

3) әдіснамалық (ұйымдастырушылық) сапалары – оқу әрекеті мақсатын түйсінуі, және оны түсіндіре алуы; мақсат қоя алуы және оның жетістіктеріне жету жолдарын ұйымдастыра алуы; шығармашылыққа бейімділік; рефлексиялық ойлауы; қатысымдық құзыреттіліктері және т.б.» деп нақтыланып көрсетілген [109, б. 51].

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламасында бастауыш мектепте білім берудің маңыздылығы мен оқытудың басты бағыттары былай деп белгіленген: «Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Осы сатыдағы оқу мен тәрбие оң уәжді қалыптастыруға, оқу қызметін білуі, оку, жазу, санаудың берік дағдыларын үйренуге, тілдің қарым-қатынастық қарапайым тәжірибесіне, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан таныта білуге бағдарланады», - деп белгіленген [110, б. 7].

Бұғынгі таңда отандық білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде, білім беру саласында жүріп жатқан өзгерістер білім жүйесін әлемдік талаптарға сәйкес дамытуды қажет етеді. Қазақстан Республикасында білім саласындағы реформалар бойынша тұлғалық-бағдарлы оқытуға және ізгілендіруге көшу 12 жылдық білім жүйесін енгізумен байланысты қаралады. Сонымен қатар, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру осы жаңа білім жүйесінің басты бағыттарының бірі ретінде қойылды. Қазіргі мемлекеттік стандарттар мен қаулыларда 12 жылдық білім беру жүйесі әдіснамалық тұрғыда оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуге, оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған үрдіс есебінде қарастырылады.

Оқушының ой-өрісін дамыта отырып, алған білімдері мен дағдыларын өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдана алу біліктілігін, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастырудың тиімділігін әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр. Жаңа білім беру жүйесіне көшу –қоғамдағы елеулі өзгерістер мен жаһандық қарым-қатынастың қарыштап дамуына байланысты жаңа тұлғаны қалыптастыруды көздең заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адаптациялық қабілетті тұлға тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында оқушылардың жеке тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат ретінде қойылған. Бұл құжатта игеруі міндетті деп көрсетілген бірнеше құзыреттілік атап көрсетілген. Солардың қатарында жалпыадамзаттық

мәдениет жетістіктерін, қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениетін, ұлттық ерекшеліктерін, адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін, мәдениеттің көптүрлілігін түсінумен, рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болумен өлшенетін құндылықты-бағдарлы құзыреттілік; оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-тәнімдік үдерісін қамтамасыз ететін, өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізінде білімді игеру, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін, өзінің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін менгеру арқылы қалыптасадын когнитивтік құзыреттілік; ақпараттарды өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық обьектілердің көмегімен жеткізуі жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі нәтижесінде игерілетін ақпараттық-технологиялық құзыреттілік; отбасылық, еңбек, экономикалық саяси-қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болудың, әлеуметтік-қоғамдық жағдаяттарда нақты жағдай жасай білудің, шешім қабылдай білудің, түрлі өмірлік жағдаяттарда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білудің, өз бағыт-бағдарын саналы таңдай алудың негізінде қалыптасадын әлеуметтік өзара қарым-қатынас құзыреттіліктері және т.б. бар [111, б. 19]. Аталған құзыреттіліктердің барлығы да қатысымдық құзыреттілікпен тығыз байланысып жатыр. Өйткені кез келген білім мен білік те, функционалдық сауаттылық та, ақпараттық білік те тілдік қатынас мәселесімен бірлікте қалыптасады.

Жаңартылған білім беру жағдайында оқытуудың адамға, тұлғаға бағытталуы, заман талабына сай білім беру мен ұлттық сипаты терең оқутәрбие үдерісін ұштастыру бұл бағыттағы кешенді жұмыстардың гуманистік сипатын арттырады. Осы талап ескерілгенде ғана мектептер мен білім беру мекемелеріндегі ұлттық идеяны көздейтін тұжырымдамалық тұтастықты қамтамасыз ету мүмкін болмақ.

Зерттеу тақырыбына орай бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың білім мен тәрбиенің бірлігіне не негіз болады? деген мәселені зерделеу қажеттігі туыннады. Ол үшін қазақ тілі пәннің өз міндеттерін анықтап алу алға шығарылды. «Біріншіден, бастауыш мектептің алғашқы сатысында оқушылар өздерінің мінез-құлықтарын әлеуметтік ортаға сай тәрбиелейді. Бұл бағытта қазақ тілі сабағы олардың қатысым дағдыларын жетілдіруге тікелей қызмет етеді. Екіншіден, оқу-тәрбие үдерісінде жүргізілетін білімділік тапсырмалар мен тәрбиелік шаралар оқушылардың қоғам сұранысына сәйкес тәрбиеленуіне негіз болады. Қазақ тілі сабағында қолданылатын барлық оқу материалдары оқушылардың ойлауы мен сөйлеу қабілеттерін тығыз бірлікте дамытуға жол ашады. Үшіншіден, мұғалім күнделікті сабактарын жоспарлауда теориялық білім мен практиканы байланыстыруда тәнімдік материалдарды қолданады. Оқушы сабактың білімдік мақсатына сай нақты бір ақпараттар алуға, ой-

қабілеттерін дамытуға, өзінің кіслік позицияларын шындауға қажетті тәрбиелік бағыт алса, мұның қай-қайсысы да оқушы бойындағы тілдік және қатысымдық дағдылардың даму жолымен бірге жүргізіледі» [113, б. 54]. Олай болса, тұлғаны дамытуда қазақ тілі сабактарындағы игерілетін білім мен тәрбиенің ықпалының жоғары екенін дәлелдейді.

Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтардың зерттеу жұмысында мектептегі білім мен тәрбиенің бірлігі терең ашылған. Ғалымдар: «Мектепте тәрбиенің басты міндеттері – теориялық білімді эмперикалық, экологиялық біліммен ұштастыру. Олай болса, әрбір азамат тәрбиеге тікелей қатысы бар адамдар, ұйымдар мен мекемелер тәрбиенің мәнін, міндеттері мен мақсатын жете түсінуі қажет. Осыған орай, тәрбиенің негізгі мақсаттары бойынша тұлғаның рухани және дene қабілеттерін жан-жақты дамытып, эстетикалық талғамдары мен сезімдерін қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу қажет», – деп көрсетеді [114, б. 59].

Әрбір ұлт мектебінің басты бағыты – білім беру арқылы жас ұрпақтың бойында өз ұлтының құндылықтарына деген құрмет сезімін дамыту, ал тіл сабактарында тіл арқылы оқушыға өз халқының қарым-қатынас мәдениетін меңгерту, сөз сөйлеу өнерінің талаптарын білгізу, оны өзінің құнделікті өмір қажетіне сай жұмсау дағдыларын жетілдіру. Бұл жөнінде Ж.Аймауытов: «Тәрбиенің мақсаты – денені күшетіп, ұлттыл қылу болса, мұның жақсы жағы да, жаман жағы да болу керек. Жақсы жағы: бір халықтың ұлттыл адамдары көбейсе, өзі көркейеді. Бір ұлт бақытты болса, сол бақыт сол ұлттың ішіндегі адамдарына да ортақ. Тәрбиенің мақсаты – мінезді түзеу, оқушымен жұмысты өмірмен байланыстыра жүргізу. Адам жанды нәрселердің ішіндегі – ақылдысы, сезімдісі, қайраттысы. Ішіп-жеу жанды нәрселердің бәрінде бар. Адам дүниеде ақылды зат болса, өмір сүрудің де бір ақылды мақсаты болуы керек», - дейді [115, б. 18]. Ұлт болашағын барлай отырып, ғалым бұл жерде ұлттың бақыты оның білім жүйесінде бұрыннан қалыптасқан дәстүрлерін жаңа талаптармен ұштастыруында екенін және ел ертеңін тәрбиелеуде дұрыс жол табатынын тұжырымдап отыр.

Казіргі кезде әрбір сабактың үш мақсаты (білімдік, дамытушылық, тәрбиелік) болатыны туралы қағида берік орнықкан. Біздің ойымызша, қазақ тілі сабакына қатысты алғанда осы үш мақсатта да тәрбие мәселесі сырт қалмайды. Мысалы, біріншіден, қазақ тілінің білімдік мақсатында сол сабакта оқытылатын грамматикалық тақырыпты білгізу білімдік мақсат деп белгіленеді. Егер тілдің өзін ұлттық құндылық деп қарайтын болсақ, онда ол туралы берілетін кез келген мағлұмат, жаңа ақпарат сол құндылық туралы білім мен тәрбиені қатар береді деген сөз. Мысалы, қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің еркшеліктері туралы білімді игеруде оқушы ойында қазақтың ойлау жүйесі, өзіндік ерекшелігі туралы ұғым қалыптасады. Екіншіден, оқытудың дамытушылық мақсатында оқушылардың танымдық, қатысымдық қабілеттерін дамыту көзделеді. Ал, таным да, қатысым да оқушының ой-өрісін, ойлау қабілеттерін, сөйлеу қабілеттерін дамыта келе, нәтижесінде басқалармен тілдесу мәдениетін үйретуге бағытталады. Олай болса, тіл сабактарындағы дамытушылық мақсат та тәрбиеден тыс бола алмайды. Ушіншіден, оку

материалдарының негізінде оқушыларға арнағы тәрбие беру міндеттеледі. Ол да дидактикалық мақсаттағы әртүрлі мәтіндер арқылы жан-жақты тәрбие беру деген сөз. Олай болса, қазақ тілі пәнін оқытудың қандай аспектісіне қатысты болса да, оның педагогикалық негіздерін анықтауда тіл мен тәрбие бірлігінің басымдылыққа ие болуының бір себебі осында деп тұжырымдауға болады.

Бастауыш мектептегі қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік мәселелерін жан-жақты зерделеген ғалым С.Рахметова қазақ тілі сабактарында қолданылатын оқу мәтіндерінің оқушыларды тәрбиелеудегі міндеттерін жан-жақты таратып көрсетеді:

- идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;
- дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;
- балаларды, жас өспірімдер мен үлкендердің үлгілі, ерлік істерімен, еңбектерімен таныстыру арқылы қоғам иглігіне адал ниетпен еңбек етуге, адамгершілікке, бір-бірін сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу;
- Отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты жайлыш материалдармен танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқай біліп, теңдесі жоқ сұлулық пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;
- балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта тусу;
- халықтардың бостандық, бейбітшілік үшін жүргізген қаһармандық күрестерімен таныстыра отырып, отанды сую, бейбітшілік пен халықтар достығы рухында қалыптастыру;
- саналы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету;
- еңбекке қызығуға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу» [116, б. 24].

Демек, бастауыш мектепте қазақ тілі сабактарында сөз тіркестерін оқыту үдерісі әрі тіл туралы білім беруге, әрі оқушылардың адамгершілік, инабаттылық, эстетикалық, отаншылдық және т.б. қасиеттерін дамытуға бағыттала жүргізіледі. Сондықтан қазақ тілі сабактарында сөз тіркестерін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін меңгерту жұмыстарының мақсаты білім мен тәрбиенің бірлігіне сүйеніп, тұпкі нәтижеде оқушының әртүрлі қабілеттерін мақсатты түрде дамытудан тыс бола алмайды.

Бұл орайда «тұлға» және «ортап» ұғымдары біртұтастыққа ие болады. Білім беру сатылары өскен сайын оқушы тұлғасында да өзгерістер, жетілдірулер қатар жүріп, өзгеріп отырады. Бұл үдерісте білім мазмұнын іріктеуде нақты мақсат қойылады да, оның тұлғаны қалыптастыруши ортанды құрауы талап етіледі. Бір-бірімен үйлесім тапқан білім беру мен тұлға дамуының аспектілері айқындалып, педагогикалық, психологиялық, философиялық, әдістемелік қағидаларға сай оқушының танымдық, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға көңіл бөлінеді.

Бұл мақсатқа жету үшін сөз тіркесін оқытуда төмендегі бағыттар бойынша жаттығу жұмыстары мен тапсырмалар орынданату тиімді:

1. Оқушылардың танымдық ойлау қабілеттерін арттыру бойынша:

а) сөз тіркестері туралы ақпараттарды өз сөзімен түсіндірту, қарапайым кестелер құрату;

ә) сөз тіркестерін басқа тілдік және қатысымдық бірліктермен, атап айтқанда, тұрақты тіркестермен, атаулы сөздермен, күрделі сөздермен салыстыру;

б) нақыл сөздерді, шешендік сөздердегі сөз тіркестерін талдата отырып, оқушылардың сөз мәдениеті, ұтқыр сөйлеу, мәнді сөйлеу туралы түсініктерін жетілдіру.

2. Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша:

а) сөз тіркестерімен байланысты ережелерді қолданыру мақсатында түрлі логикалық тапсырмалар, интеллектуалды ойындар ұйымдастыру;

ә) ғылыми пайымдау қабілеттеріне қажетті қарапайым ойлау, ой қорыту дағдыларын дамыту үшін қарапайым жоба жұмыстарын орындау;

б) тақырып бойынша ақпараттар іздеу, табу, одан өзіне қажеттісін талғап алуға баулу арқылы зерттеу жұмыстарының әліппесін игерту.

3. Оқу материалдары арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бойынша:

а) тілі жеңіл, мазмұны қызықты тақпақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштарға сүйеніп, қалаған сөз тіркестерін қолданып, өздігінен өлең шумақтарын құрауға үйрету;

ә) тосын сөз тіркестерін қолданып, шағын мәтіндер құрату;

б) ұсынылған тақырыптар бойынша нақты сөз тіркестерінің негізінде әңгіме айтқызу, қызықты жағдаяттарға диалог құрғызу.

Жоғарыда аталған жұмыстарды орындау үдерісінде бастауыш сынып оқушысының білімі тереңдейді, теориялық материалды саналы ұғынады да, сол білімді практикалық тұрғыдан өз бетінше қолдануға төсөледі. Мысалы, сөз тіркестерімен байланысты ережелерді қолданыру мақсатында әртүрлі логикалық тапсырмалар іріктеліп алынып, олар оқушының өз пікірін айту, серігінің сұрақтарына жауап беру, оған сұрақ қою, пікірлірін талдау және т.б. дағдылары жетіледі. Ал, мұғалім шебер үйымдастырған жағдайда интеллектуалды ойындар бала тілін дамыту ерекше рөл атқарады. Ал, шығармашылық жұмыстардың қай-қайсысы да баланың сөйлеу тілін дамытуда, сөйлесім қабілеттерін арттыруда баға жетпес жұмыстар болып саналады. Ұсынылған тақырыптар бойынша нақты сөз тіркестерінің негізінде әңгіме айтқызу, қызықты жағдаяттарға диалог құрғызу соның білім мен тәрбиені үштастырудың басты әдістер деп саналады.

Қазақ тілі сабағында сөз тіркестерін оқытуда оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру және оларды тәрбиелеу мақсаттары төмендегідей жұмыстар аясында кешенді түрде жүзеге асырылады (кесте1):

Кесте 1 - Бастауыш мектеп оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудағы кешенді жүйе бірлігі

Сөз тіркесін оқыту мақсаты	Оқу ресурстары	Қатысымдық құзыреттілік дағдылары
Тұлғаның интеллектуалдық қабілеті мен логикалық ойлаудың дамыту	Танымдық материалдар: грамматикалық ережелер, көрнекі құралдар, логикалық тапсырмалар	Талдау, сипаттау, түсіндіру (айтылым, жазылым, тілдесім)
Ізгілікке, адамгершілікке тәрбиеу	Халық мұралары	Оқу, талдау, жаттау (оқылым, жазылым, тілдесім, ойталқы)
Эстетикалық тәрбие беру	Көркем шығармалар, суреттер	Талдау, жарыс, сурет салу (тындалым, оқылым, жазылым, тілдесім, айтылым)
Шығармашылықта баулу, сойлеу мәдениетін қалыптастыру	Қызықты тақпақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, оқу мәтіндері	Мәтіндерді «түзету», мәтін құрау, өлең жазу (жазылым, оқылым, айтылым, тілдесім)
Оқушылардың әлеуметтендіру	Сюжетті мәтіндер, бейне-, аудиотаспалар	Топтық және жұптық, ұжымдық тапсырмалар (жоба жұмысы, жазылым, тілдесім)
Ұлттық құндылықтарды таныту	Ұлттық дүниетанымға негізделген оқу мәтіндері, қолөнер бүйімдары, суреттер, викториналық сұрақтар	Талдау, сипаттау, суреттеу, бағалау (тындалым, айтылым, жазылым, оқылым, тілдесім)

Жалпы білім беретін мектептерде жетілдірілген білім мазмұнын менгертуде жаңа сапалық өзгерістерге қол жеткізу оқушылардың әлеуметтенуінің құралы, олардың оқу әрекеттерінің негізін қалауы тиіс. Ол үшін оқушының танымдық қабілеттерін, жалпы пәндік іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға ден қойылады. Өйткені онсыз ешқандай құзыреттілік қалыптаспасы анық. Бұлардың «сапалық деңгейін көтеру үшін оқушының қызығушылықтары мен мүдделерін ескеру, білім көлемін сыйыптарға толық ойластырып бөлу, білім мазмұнындағы оқушы өміріне қажеттігі жоқ компоненттерді ығыстыру, білімнің жеке тұлғаны дамытуға қолайлы ету шарттарын ендіру талаптары орындалуы шарт» [117, б. 14]. Бастауыш сатыдағы сөз тіркесіне қатысты теориялық материалдарды беруде де осы талаптар толық ескерілуі керек. Жоғарыда айтылғандай, сөз тіркесін ғылыми тұрғыдан емес, функционалдық тұрғыдан үйрету көзделеді. Сөз мағынасын түсіну, одан сөз тіркесін жасай алу, сол тіркесті сөйлеу әрекетінің тақырыбына, мақсатына, жағдаяттың ерекшелігіне қарай дұрыс әрі орынды қолдануға төсөлдіру бастауыш сатыдағы білім көлемі мен оқыту әдіс-тәсілдерін, формаларын дұрыс таңдауды қажет етеді.

Білім сапасын арттыру үдерісінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану – оқыту мәселесімен бірге жасасып келе жатқан өзекті мәселелердің бірі. Себебі дұрыс

ұйымдастырылған оқыту үдерісі – білім жүйесін сапалы ететін бірден бір жол. Бұл қазіргі таңда оқыту технологияларымен байланысты қаралады.

Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – міндettі деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету. Сондықтан да қазіргі таңда отандық әдіскерлердің пайымдауынша, «оқытудың жаңа технологиялары ғылымның бір саласы ретінде педагогика ғылымының құрамына енеді. Оқытудың жаңа технологиялары – тарихи жағынан дамыған, жетілген, теориялық негізі қалыптасқан, белгілі бір ғылыми жүйеге келген ғылым. «Оқытудың жаңа технологиялары» пәнінің зерттейтін объектісі, мақсаты, зерттеу әдістері қалыптасқан жүйесі бар. Оқытудың жаңа технологиялары, ең алдымен, оку үдерісін қалай басқаруға болады, соңғы мақсатты нәтижеге қалай жетуге болады, нені үйрету керек, қандай тиімді әдістәсілдер арқылы үйретуге болады деген мәселелерді қарастырады» [118].

Оқытудың жаңа технологиялары аясында білім беру үдерісіндегі тиімді әдіс-тәсілдер мен амалдар, білім менгертудің әдістемелік жолдары кешенді түрде қамтылады. Жоғарыда аталған оқушының қоршаған ортаға саналы көзқарасын қалыптастыру, азаматтық белсенділіктерін тәрбиелеу міндettтері дәл осы оқыту технологияларын жаңарту, тұлғалық-бағдарлық негізде ұйымдастыру жағдайында ғана жүзеге асады. Өйткені қазір тәжірибеде қолданылып жүрген «сын тұрғысынан ойлау, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, ақпараттық технология, коммуникативтік технология, модульдік оқыту, деңгейлік оқыту және т.б. көптеген технологиялар мектеп тәжірибесінде сыналған ең тиімді оқытудың әдістері мен тәсілдерін кешенді турде пайдалануға мүмкіншілік тудыруды қөздейді» [119, б. 16].

Жалпы педагогикалық технология туралы мәселелер XX ғасырдың соңғы ширегінен бері қарай әлі күнге дейін көптеген тартысты пікірлер туғызып келеді. Сол себепті ғылыми ортада «педагогикалық технология» терминін түсіну мен қолдануда бірізділіктің жоқтығы анықталып отыр. Аталған мәселеге қатысты анықтамаларды жинақтар болсақ, педагогикалық технология дегеніміз – алға қойған міндettтерді орындау үшін таңдап алынған оқытудың формасын, әдісін, оку тәсілдерінің тиімділігін және ағымдық нәтижелерді тексеру мен бағалау мақсатындағы оку үдерісін біртұтас басқарудың жүйесі. «Педагогикалық технология – оқыту, тәрбиелеу және дамыту шарттарының міндettі жиынтығын тудырушы, білім берудің біртұтас концептуалды негізі, мақсаттары мен міндettтері төңірегінде біріккен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара байланыстағы тәсілдері, формалары мен әдістерінің жүйесі» дей келе, Е.Полат педагогикалық технологияның құрылымы концептуалды негізден, оқытудың мазмұндық бөлігінен, үдерістік бөлімнен тұратынын дәйектейді [120, б. 71].

Қазіргі таңда басымдылыққа ие болып отырган интерактивтік сипаттағы жаңа оқыту технологияларын бастауыш сыныптағы қазақ тілін оқыту үдерісінде пайдалануда ескерілуі тиіс ерекшеліктер бар. «Атап айтқанда: 1) бұл технологияларда тіл үйренушінің тілдік тұлғасын дамытуға бас назар аударылатындықтан, оқушылардың оку мотивтері мен құзыреттілік

денгейіне байланысты өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту көзделеді де, оған оқушылардың бірлесіп жұмыс жасауына қолайлы әдістер арқылы дағыландырылады; 2) қалыпты жүйедегідей білім алушы оқыту үдерісіндегі белсенділігі төмен, тек орындаушы денгейіндегі объект емес, өз бетімен білім ала алатын, өзін-өзі дамытуға мүмкіндігі бар субъект деп саналады да, тілдіоқыту үдерісін соған лайықтап ұйымдастыруға көніл бөлінеді; 3) жаңа педагогикалық технология пәнді оқыту үдерісінің тұтастығын көздең жүргізілетіндіктен, оқыту жүйесінің барлық құрауыштары, атап айтқанда, тілдік тақырыпты оқытуудың мақсаты, білім мазмұны, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдері, күтілетін нәтижелері мен оларды бағалау нормалары бірдей қамтылады» [121, б. 93].

Бастауыш мектептегі қазақ тілін оқыту үдерісіне жаңа технологияларды енгізу андрагогикалық, акмеологиялық, аксиологиялық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Ол дидактикалық және психологиялық ұстанымдарды жүзеге асыруға жағдай жасайды. Атап айтқанда, баланың оқутанымдық мотивтерін қалыптастыруға, оқу материалын логикалық түрғыдан саналы менгеруге, ортамен тіл табыса жұмыс жасау дағдыларының қалыптасуына, сөйтіп қатысымдық құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне оң ықпал етеді. Мысалы, проблемалық оқыту технологиясы бойынша жүргізілетін кешенді жұмыстар реті мынадай: мұғалім сөз тіркесі туралы білімді дайын күйінде ұсынбай, оқушылардың алдына міндет (проблема) қояды, тақырыпқа қызықтырады және оның шешу әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Ал оқушылар мұғалімнің тікелей басшылығымен немесе дербес, жұптық, топтық жолмен мәселенің шешімін табудың жолдарын қарастырады, яғни болжам жасайды, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін белгілейді әрі талқылайды, дәйектейді, нәтижелерін талдайды, пікірлеседі, дәлелдейді.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде белгілі бір технологияға ғана сүйену қаншалықты тиімді? деген сұрақтың жауабын әдіскер-ғалым Ж.Дәuletбекованаң пікіріне сүйеніп айтар болсақ: «Оқыту технологияларының барлығының мақсаты оқушының бойындағы түрлі қабілеттерді жетілдіре отырып, оның жалпы тұлғалық қасиетін қалыптастыру болғандықтан, олар белгілі бір нұктelerde үнемі тоғысып отырады. Оқыту әрекетін біртұтас құрылым деп қарасақ, оқыту технологиялары сол бүтінді құрайтын аса маңызды элементтер болып саналады. Олардың өзара тәуелділігін түсіну, қажет жерінде тоғыстыра, тоқайластыра қолдана білу мұғалім шеберлігіне келіп тіреледі. Сондықтан да болса керек, “технология” ұғымының қазақ тіліндегі баламасы “шеберлік” деген мағынамен толық сәйкестенеді. Ал шеберлік дайын “рецептімен” сабак берумен өлшенбейтіні көміл. Шеберлік өз мақсатына қарай озық ұлгілерді өзара қиюластырып, өзара үйлестіріп, сабактың, пәннің түпкі мақсатына бағындырып, ұтымды пайдаланудан көрінері сөзсіз. Ал қазақ тілін оқытуда көзделетін құзыреттіліктерге қол жеткізу үшін әр сабак барысында оны жетілдіріп, дамытуға ең ыңғайлы, ең ұтымды әдіс-тәсілдерді, формаларды оңтайлы қолдану әдістемелік сауаттылықты қажет етеді» [122, б. 19].

Олай болса, бастауыш сатыда сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру жүйесін сөйлеу және қабылдау деп екіге бөліп қараған дұрыс болар. Себебі әдіскер ғалымдардың негізін қалаған қатысымдық-жекешелендірілген тәсілде тілді қатысым құралы ретінде оқытудың қатысымдық бағыттылығы айқын көрінеді. Ол қатысымдық мазмұнды іріктеу проблемасын тұтас шешуге арналған идеялар жүйесіне сай ережелерден, фактілерден, мәліметтер мен практикалық ұсыныстардан тұратын маңызды концептуальды негіздердің бірі болып табылады. Қатысымдық біліктілік сөйлеушілерден тыс қарала алмайды. Себебі адамға кез-келген қызметке өзіндік, жалпыға ортақ тілдесу ережелерімен сәйкес келетін жаңа ұфым-түсініктерді қосу тән.

Қатысымдық құзыреттілік оның иесінің шығармашылық тіл қызметі үшін потенциал болып табылады. Әрбір оқушының есінде сақталатын сөздердегі семантикалық компонентті оның интелектуалдық дүниесін білдіру және қабылдау ретінде қарастыру керек. Семантикалық таңдау жасай отырып, сөйлеуші сөйлемнің белгілі семантикалық құрылымдарына немесе қайтадан құра алатындарға әр уақытта сенімді болады. Соңғылары жағдаяттарда әлеуметтік-қатысымдық мағына алып, ойлаған ықпал әсерін көрсетеді, егер де қатысымдық біліктілік динамикалық тудырушы (өнімді, генеративті) жүйе болмаса, мазмұнды менгеруде және оны айту тәсілдеріндегі вариантық, жаңалық, шығармашылық тілдесу де болуы мүмкін емес. Бірақ қатысымдық біліктілік потенцияларын қолдану оқушының өзіне байланысты. Себебі ол қоғамдық-қатысымдық қызметте оның орындаитын әлеуметтік рөлдеріне негізделеді.

Мұғалім сабак барысында оқыту әдістерін, формаларын, техникалық құралдарды орынды қолдана білсе, оқушының білімді игеруі қарқынды жүреді. Дұрыс іріктелген әдіс тек оқушының білімді игеруіне ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар оның сөйлесімдік, ізденімдік, шығармашылық қабілеттерін де арттырады. Осылан орай оқыту барысында қандай әдістер тиімді, қай әдісті қай әдістен кейін қолдану қажет деген мәселе – тақырыпты оқытудағы өзекті мәселесінің бірі. Оқыту әдістерді пайдалану мұғалімнің алдына қандай оқыту мақсатын қойғанына байланысты. Сол себепті А.Байтұрсынұлы «әдістің жақсы, жаманы, немесе ескі, жаңасы болмайды. Әдістердің тиімділігі оны қай жерде қалай қолданылуына байланысты» деген болатын. Олай болса, оқыту әдістерін жинақтауда, анықтауда мұғалім мен оқушының арасында қандай іс-әрекеттің орындалатыны, мұғалім оқушының қандай қабілетін жетілдіретіні маңызды рөл атқарады.

Ғалымдар әдісті мұғалім мен оқушының арасындағы белгілі бір нәтижеге жету үшін җұмсалатын іс-әрекеттер деп санайды. Мысалы, М.Ж.Арстанов, П.И.Пидкастый және Ж.С.Хайдаровтар «...методы обучения – это упорядоченные основы взаимосвязанных и взаимообусловленных деятельности преподавания и учения, направленных на достижение целей образования. Именно этим метод как система регулятивных принципов отличается от формы организации обучения, представляющей собой не что

иное, как способ организации устройства и проведения учебных занятий»,,- дейді [123, с. 32]. Ал, Е.Я.Голант «әдіс оқушыларға тек білім берумен шектелмей, сонымен қатар олардың дүниетанымын, дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруға қызмет етуі керектігін» айтады [124, б. 65]. М.А.Данилов және Б.П.Есипов еңбегінде де осы пікірмен сабактастық бар. Олар: «Методы обучения есть способы работы учителя и руководимых им учащихся, с помощью которых достигается усвоение последними знаний, умений и навыков, а также формирование их мировоззрения и развитие познавательных сил», – дейді [125, с. 51]. Бұл пікірлер әдістердің сабак мазмұнымен, мақсатымен және дәл сол сабактағы оқушының бойында қалыптасуы тиіс дағдыларды нақты ажыраты білумен байланысты іріктелуі тиіс екенін көрсетеді.

И.Я.Лернер әдіс пен мақсаттың бірлігіне ерекше назар аудару қажеттігін негізден берді. Галым: «метод обучения — система целенаправленных действий учителя, организующих учебную деятельность учащихся, ведущую, в свою очередь, к достижению целей обучения», - дейді [126, с. 83]. М.И.Махмутов [127], И.И.Ильясов және Н.А.Галатенколар «әдіс-тәсілдердің әртүрлілігі оқыту талаптарының жоғарылауынан» деген пікір түйеді [128, б. 21].

Келесі ғалымдар тобы (В.П.Беспалько, Н.И.Кондаков, Н.А.Хохлов және т.б.) әдісті белгілі бір ақпаратты, білімді менгерту үшін әдейі үйымдастырылған дидактикалық амал ретінде қарастырады. Демек, әдісті тиімді пайдалану арқылы оқушылардың технологиялық және практикалық дағдылары мен біліктірін саналы қалыптастырып, дамытуға болады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде жаңа технологиялар арқылы оқыту мәселесі М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Б.Тұрғынбаева, Ж.Қараев, Қ.Қадашева, Ж.Кобдикова, Н.Оразахынова, Ж.Дәuletбекова, Р.Рахметова, Н.Құрманова және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған.

Демек, әдіс дегеніміз – оқыту мақсаты мен міндеттеріне орай оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін саналы үйымдастыратын және олардың технологиялық дағдылары мен біліктірін дамытуда мұғалім жүргізетін іс-әрекеттер жиынтығы. Ал, тәсіл – әдістің элементтері, құрамдас бөлшектері, сол әдісті қолданудың амалдары.

Әдістерді классификациялауда да ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Дегенмен, зерттеу нысаны мен мақсатына сәйкес, солардың ішінен сөз тіркестерін оқыту үдерісінде бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуда пайдаланылатын ең тиімді деген үш әдіс іріктелді: қатысым әдісі; интерактивті әдістер, сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдістері. Бұл әдістерді ғана тандаудың себебі: басқа әдістердің барлығына үйітқы болу, оқушының сөйлеу әрекеті компоненттерін біртұтас қамти алу, әсіресе, тіл сабактарында өзге әдістерді бір мақсатқа шоғырландыра алу мүмкіндіктерінің кеңдігінде. Тәжірибе барлық әдістерді бір-бірімен тығыз байланыста қолдану нәтижелі болатынына көз жеткізілді.

Қатысымдық әдіс – тілді жалаң занұлықтар түрғысынан меңгертуге емес, тілдік қарым-қатынас жасауға үйретуді көздейтін әдіс. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қатысымдық әдістің теориялық және әдіснамалық негіздерін ғылыми түрғыдан алғаш рет қарастырған ғалым – Ф.Ш.Оразбаева. Ғалым қатысымдық әдістің анықтамасын: «Қатысымдық әдіс – тілдік қатынас теорияларын іс жүзінде асыруши барлық іс-әрекеттер мен тәжірибелердің жиынтығы», – деп тұжырымдайды. Ғалым қатысымдық әдістің өзіндік белгілеріне мыналарды жатқызады:

1. Қатысымдық әдіс оқыту үдерісінде кем дегенде екі адамның арасындағы тығыз қарым-қатынастың, белсенді іс-әрекеттің жүзеге асуы нәтижесінде болады.

2. Қатысымдық әдіс үйретуші мен үйренушінің бір-бірімен пікір алмасуын, тіл арқылы сөйлеуін қамтамасыз ете келіп, адам мен адамның өзара түсінуіне жол ашады.

3. Қатысымдық әдіс оқушы мен оқытушының әрқайсысының өзіне тән міндеттерді бөлек алып, ал олардың алдына қойған мақсаттарының ортақ болуын талап етеді.

4. Қатысымдық әдіс оқыту жүйесіндегі бірнеше тиімді тәсілдерді, амалдарды біріктіреді.

5. Қатысым әдісінің басты белгісінің бірі – тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру.

6. Қарым-қатынас құралы тілдің өзін қалай қолдану керек, сол жөнінде оқытылады, яғни сол тілде сөйлеу үйретіледі. Онда сөйлесім әрекетінің тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім секілді түрлери кешенді қамтылады» [4, б. 227].

Қазақ тілі сабактарында сөз тіркестерін оқытуда қолданылатын қатысым әдісі арқылы оқушылар өзара пікірлесуге, сөйлесуге, өз пікірлерін дәлелдеуге үйретіледі. Сондықтан қатысым әдісі арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктері жан-жақты жетіледі. Қазақ тілі сабактарында сөз тіркестерін менгертуде қолданылған қатысым әдісінің тағы бір ерекшелігі – оқушылар сабак барысында өз ойларын, сезімдерін жеткізуде түрлі ым-ишараптарды, сөйлеу типтері мен интонацияларын, бет-әлпетін өзгерту, сөздерді әмоционалдық қызметіне қарай орынды қолдану жолдарын үйренеді.

Интерактивті әдістер. Интерактивті оқыту – таным әрекетін үйымдастырудың арнаулы формасы. Оның мақсаты – оқу үдерісінің өнімділігін арттыратын, оқушының ақыл-ой мүмкіндіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру. Оқытудың интерактивті моделін қолдану өмірлік жағдаяттарды қолдануды, рөлдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесіп шешуді көздейді. Мұнда оқу үдерісінде белгілі бір тұлғаның немесе идея иесінің үстем болуына жол берілмейді. Белсенді оқыту әдістері сыныпты танымдық әрекетке тұтас жұмылдыратын оқу үрдісін үйымдастыруға жол ашады және бастауыш сыныптарда оқушыларды біліммен қаруландырып, дағдылар мен біліктерді қалыптастыруды тиімді әдіс. Интерактивті әдіс ұфыны оқушы-оқушы, оқушы-мұғалім арасындағы өзара әрекет ету бейімділігін

білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, жансыз затпен) сұқбаттасу режімінде болады.

Демек, «интерактивті оқытуда өзара әрекет ету жүзеге асырылады. Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады: білім субъектілерінің бір мағыналық қеңістікке келуі; күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық қеңістікке қосылу; тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды тандауда келісушілік; жақын эмоциялық жағдайларда сол күйге бірге түсіу, тапсырмаларды қабылдау мен жүзеге асыруда үндес сезімдерді бастан кешу» [129, б. 37].

Интерактивті әдістердің мәндік сипаттамасы – бұл субъектілер әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысуышылардың өзара эмоционалдық, рухани бірігуі. Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну үдерісіне толыққанды қатысуышылар болады, олардың тәжірибесі оку танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. «Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтің белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагог тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады» [130, б. 41].

Интерактивті әдістер пікірді, қатынастарды, міnez-құлық машығын қалыптастырады. Бұл әдіс, әсіресе, бастауыш мектеп оқушыларына мәтіндерді сөз тіркестеріне талдау жасауда сабак үстінде еркіндік беруімен құнды. «Сабакта оқушылар бір-бірімен тығыз танымдық, қатысымдық байланысқа түсіп, белсенді іс-әрекеттер жасап, өтілген материалдарды және алдарында тұрған тапсырмаларды ұжым болып шешеді, бірін-бірі оқытады, үйретеді» [131, б. 37].

Интерактивті әдістердің ішінен «Синектика», «Ойға шабуыл» әдістерінің тиімді екені тәжірибеде байқалды. Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық, интерактивтік әдістер арқылы оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын тәрбиелеу мүмкіндіктері кеңейтілді. Оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуде маңыздылығы жоғары сөз тіркестерінің ережелерін үйрету негізінде тапсырмалар мен жаттығулар түзілді. Ол тапсырмалар оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруге, олардың өзіндік шешім шығаруына, тапсырмада тұрған проблеманы өздігінен шешуге баулиды.

Сын тұрғысынан ойлау технолоиясының моделдеу стратегиялары. Лингвистикалық модел зерттеу нысанының қасиеттерін бойына сақтай алуы қажет. «Теориялық жағынан алғанда модел мәтіннің ұзақтығына да, сөйлемдер санына да шек қоймайды. Сондықтан да лингвистикалық моделдің формальді пішінде болуы, оның мүмкіндік шегін барынша ұлғайтуға жағдай жасайды» [132, б. 27]. Кез келген лингвистикалық модел математикалық терминдермен, ал оның түсінігі тілдік терминдермен бейнеленеді. Лингвистика мен математиканың жақын келетін түстары да кездеседі. Сондықтан табиғи тіл

құрылымын сипаттауда қолданылатын математикалық әдістің негізгісі де осы моделдеу әдісі. Сонымен бірге құрылымдық лингвистикада басқа да әдістер молынан қолданылады: аксиомалық, формальдау әдістері мен жиындар теориясы және функциялар теориясы т.б.

С.Хоккет: «Айқындалған ережелер жүйесі грамматикалық сипаттау моделін құрайды және бұл модел тілдің грамматикасын зерттейді, нәтижелерін тұжырымдайды. Қанша түрлі мағынадағы сипаттау болса, соңша түрлі модел болады...», – дейді [133, б. 2]. Хоккеттің «Екі модел» атты мақаласы және Хомскийдің «Тілді сипаттаудың үш моделі» деген мақалалары тілдік құрылымдарды моделдеудің түрлеріне арналған аса құнды ғылыми еңбектер деуге болады. Сөз тіркесін оқытуда моделдеуді қолданудың тиімділігі баланың санасында сөз тіркестерінің зандалықтарын жинақтауына көмектесуіне көрінеді. Сөз тіркесі моделі оның дыбыстық алгоритмі мен нақты мағынасына тәуелді емес. Мысалы, мына моделді алайық: **NUM + S** (сан+зат). Бұл модел бойынша жүздеген сөз тіркесі жасалытын болғандықтан, олардың әрқайсысының жекелеген мағынасы мен айтылу ерекшеліктеріне осы моделдегі сөз тіркесі үшін мағыналық жағына үйлесімділік тапқан сын есім мен зат есімнің тіркесі жасалады. Мысалы, көк аспан, алтын сағат және т.б. Мұндай сөз тіркестері синтагмалық қатынаста жасалады. Сөз тіркестерінде сөздер белгілі бір байланысу тәсілі арқылы өзара байланысқа түсіп, одан синтаксистік қатынас туыннатады. Мұның барлығы синтагмалық тізбекке енген сөз тіркесінің өзіндік бір жүйе сияқты құрылатынын көрсетеді.

Біздің зерттеуімізде әр стиль бойынша алынған сөз тіркестеріне 38 морфологиялық дерек белгі-код тағайындалды. Бұл моделдер А.Жұбановтың еңбегінен алынды. «Моделдің негізі – **сөз тіркесі** (СТ): S – бастауыш; Р – баяндауыш; At – анықтауыш; Ob – толықтауыш; Ad – пысықтауыш» [134, б. 26].

Ғалымдар «сөз тіркесін моделдер арқылы оқыту оқушылардың білімін ғана емес, сонымен қатар олардың тілдік дағдылары мен құзыреттіліктерін арттыратынына» баса мән берген. Сөз тіркесін моделдеуге үйрету барысында «оқушыларға м о д е л ь туралы түсінік беріліп, жалпы ұғым қалыптастырып, одан ерекше ұғымға келе алатын болуға, ал одан жеке ұғымға жете алуына қажетті тәсілер логикасы қолданылады» [135, б. 45]. Д.Б.Эльконин грамматиканы оқыту барысында моделдеуді қолдану туралы айта келе, «тілдегі ішкі қасиеттер мен қатынастарды тікелей бақылауға мүмкіндік болмаған жерде моделдеу арқылы көз алдымызға келтіруге мүмкіндіктер ашылатындығын» атап өтеді [136, б. 38]. Бастауыш мектепте моделдеу арқылы сөз тіркесінің түрлі қасиеттері, атап айтқанда, құрамы, байланысу жолдары, сөздердің мағыналық үйлесімділігі, сөз тіркесінің сөйлем құру жолы, сөйлем мүшесі болу қызметі қарапайым деңгейде танылады. Тілдік бірліктерді менгертуде сөздің мағыналық, мәндік ерекшеліктерінің моделін жасату мен талдату жолы аса тиімді болатыны жөнінде Э.Сепир, Л.Тенъер, Ж.Абдильдиннің тұжырымдары басшылыққа алынды [137-139].

Қазақ тіл білімінде сөз тіркестерінің сандық тұрғысын алғашқы болып таныған ғалым – Қ.Молдабек. Ғалым мәтіндердегі сөз тіркестерін санауды әдістемелік тұрғыдан пайдалы жағын ғана қарастырған. Дей тұрсақ та ғалымның енбегіндегі мәліметтер қазақ тілі мәтіндеріндегі сөз тіркестерінің қолданылуы жөнінде толықтай мағлұмат береді [140, б. 104].

Бастауыш мектепте сөз тіркестерін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруды басшылыққа алынатын дәстүрлі дидактикалық ұстанымдар: ғылымилық, қатысымдық, жүйелілік, өмірмен байланыс ұстанымдары, оқушының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру негізге алынды.

Бастауыш мектептің қазақ тілін оқыту әдістемесін ғылыми түрде зерттеген С.Рахметова, Г.Уәйісова, Ә.Жұмабаева және т.б. әдіскер-ғалымдар жоғарыда аталған оқыту принциптеріне: сөз мағынасын ол бейнелейтін болмыспен салыстыру, семантикалық-мағыналық немесе лексикалық парадигма, тіл табиғатына зейін қою, сөздің мағынасын түсіну, тілдік сезімге сүйену және оны дамыту ұстанымдарын басшылыққа алуды ұсынады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен өзіндік ерекшелігіне байланысты мынадай арнайы ұстанымдар: теория мен практика бірлігін нығайту, тілдік білім пен қатысымдық біліктірін қалыптастыру, оқыту үдерісінде сатылы-сабактастықты сақтау, оқушының өзіндік көзқарастары мен дүниетанымын жетілдіру, оқушылардың сөйлеу мәдениетіне мән беру, тілді таным құралы ретінде менгеру белгіленді.

Теория мен практиканың бірлігін нығайту ұстанымы бойынша оқушыға ұсынылатын дидактикалық материалдар мен теориялық ережелердің мазмұны сөз тіркесіне қатыстымен өзгерту, мен олардың құрылымына сәйкес келуі ескеріледі. Мұнда «білім – өмір» байланысына басымдылық беріледі. Оқушы менгерген білімдерін нақты өмір жағдаяттарында қолдануға үйретіледі. Мысалы, эвристикалық әдіс арқылы оқушылардың тез ойлануына, шешімдерді қысқа уақытта табуына мәжбүрлік туғызатын дербестік, жұптық, топтық сипаттағы өздік және шығармашылық тапсырмалар іріктеліп алынады. Мұндай сабактарда оқушылар тілдік білімдерді тез менгеріп, стандартта көрсетілген оқыту дағылары мен біліктірін қажетті жағдайда өмірде пайдалана алады.

Проблемалық және интерактивтік әдістер арқылы оқушылардың шешімді дұрыс табу қабілеттері арттырылып, логикалық ойлауының жетілуіне, оқушылардың **тілдік білім мен қатысымдық біліктірін қалыптастыруды** тілдік деректерді пайдалану арқылы менгерген білімдерін өмірлік дағыға айналдыру көзделеді. А.Байтұрсынұлы “Сөз дұрыстығы - әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс қүйінде жұмсалуы. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгеретін жалғау, жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптең, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек”, - дейді [3, б. 48]. Олай болса, бастауыш сынып оқушысы әдеби тіл

нормаларының әліппесін сауатты меңгеруі үшін алған теориялық білімін қатысымдық тұрғыдан қатар меңгеруі тиімді

Интерактивті әдістер арқылы бастауыш сыныптағы оқушылар бір-бірімен тығыз қатысымдық байланысқа түсіп, белсенді іс-әрекеттер жасап, өтілген материалдар бойынша ұсынылған тапсырмаларды ұжым болып шешеді, бірін-бірі үйретеді, нәтижесінде балалардың тілі дамып, метафориялық, бейнелі сөйлеуі жетіліп, қиялы өркендейді. Оқушылардың мұндай әдістер арқылы олардың қатысымдық құзыреттіліктерінің дамуына жол ашылады.

Оқыту үдерісінде сатылы-сабактастықты сақтау ұстанымы оқушы менгеретін білім мен біліктердің жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай дамытылып отыруына құрылады. Сөз тіркесіне байланысты тілдік материалдарды менгертуде пайдаланылатын деректер сабактастырыла беріледі. Практикалық жұмыстардың жаттығулар түрі төрт сатыға бөлініп берілді: а) танымдық жаттығулар – оқушының қазақ тілі сабағында өтілген теориялық білімдерді менгертуде, жаңа материал туралы негізгі оку білік, дағдыларын қалыптастырып, жаңа материалды саналы қабылдап, оны терен түсінуіне дағдыландырады; ә) интелектуалдық жаттығулар оқушылардың тілдік білімдерін дамытуға арналып, менгерген білімін жүйелеуге, тіл туралы мәліметтерді жинақтауға, қазақ тілі сабағында жаңа білімді менгертуде қолданылды; б) ойын жаттығулары оқушылардың өтілгентапсырмаларды қызығып орындауға, сабакты қызықтыруға арналса; в) шығармашылық жаттығулар оқушыға сөз тіркестері тапсырмалары арқылы проблемалық мәселе туғызып, оны өздігінен шешім қабылдай отырып орындауға дағдыландырады. Мұндай жаттығулар жүйесінің сатылы-сабактастығы оқушылардың мәтінде берілген түрлі жағдаяттарды шешуде дұрыс шешім қабылдау дағдысын қалыптастырып, продуктивті ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Оқушының өзіндік көзқарастары мен дүниетанымын жетілдіру ұстанымы бойынша оқушыларға білім дайын турде берілмей, олардың ізденуін, шығармашылық ойлаудың дамытуға бағытталады. Оқушының ата-анаасымен, достарымен, қоршаған ортадағы басқа да адамдармен қарым-қатынас жасай білуде тілдің орны мен рөлін, дұрыс, мәдениетті сөйлеудің мәнін түсінуіне көмектесетін дидактикалық мәтіндер: халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларынан алғынған үзінділер мен танымдық мәтіндердің мазмұнын талдату, диалогтік, полилогтік тапсырмаларды орындауда барысында ортамен тіл табыса алушың маңызын сезіндіру арқылы оқушылардың тіл туралы дүниетанымы, өзіндік көзқарасы қалыптасуына мүмкіндік туғызылады. Сонымен қатар қазақ тіліндегі сөз тіркестерін орыс, ағылшын тілдеріндегі нұсқалармен салыстыра оқыту да балалардың тіл туралы алғашқы дүниетанымын қалыптастыруға алғышарт туғызады.

Оқушылардың сөйлеу мәдениетіне мән беру ұстанымы бойынша бастауыш сынып оқушысына қазақ тілі сабағында сөз әдебі талаптары менгертіледі. Белгілі бір жағдаятта тілдесудің, сөз саптаудың тәртібі мен ережелерін сақтауға үйрету көзделеді. Бастауыш сыныптарда сөз тіркестерін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі – оқушыда сөз әдебі туралы ұғым

қалыптастырумен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан сөз әдебі нормаларын, қалыптасқан қағидаларды менгерту, сыпайы да әдепті сөйлеуге төседіру. Сондықтан әрбір сабакта оқушының сөз бостандығын, ой еркіндігін сезінуіне, өз пікірлерін ашық та айқын айта алуына жағдай жасау арқылы олардың сөз мәдениеті дағдыларын қажетті дәрежеде менгертуге ден қойылады. Бастауыш сынып мұғалімі бұл ұстаным бойынша оқушыда, біріншіден, басқа біреудің айтқан сөзін тыңдалап, дұрыс ұғу, екіншіден, өз ойын бүкпесіз, жасқанбай, анық әрі дәл жеткізе білу, үшіншіден, оқулықтағы материалдар мен көркем әдебиеттерді оқып, түсіну, төртіншіден, өзінің ой-пікірін толық жазып жеткізу, бесіншіден, тілдік қарым-қатынаста сөйлеу әдебін сақтау дағдыларын қалыптастыруы қажет. Оның аспектілері осы тақырыптағы зерттеу жұмыстарымызда жан-жақты қарастырылды [141-146].

Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісінде сөз тіркесіне қатысты оқу материалдарын менгертудің түпкі нәтижесі оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, оның сан салалы педагогикалық, әдістемелік мәселелері теория мен практиканың бірлігінен туындаиды, арнайы зерделенген осындай әдіснамалық негіздер басшылыққа алынады.

Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін анықтау мақсатында ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар мен зерттеу нәтижелері мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:


1. Үздіксіз білім беру жүйесінің ең маңызды сатысы – бастауыш мектеп кезеңі болғандықтан, ең алдымен оқушының тұлғалық қабілеттерінің негізін қалауға, баланың рухани болмысына тән сапалық өзгерістерді дамытуға назар аудару қажет. Бұл орайда оқушылардың тілдік білімінің нәтижесі ретінде олардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытудың мәні зор. Ол үшін сөз тіркесінің білім мазмұнын, көлемін, деңгейі мен күтілетін нәтижелерді сабактастықта анықтау қажет.

2. Бастауыш мектепте сөз тіркесін оқыту үдерісінде баланың қоршаған ортаны объективті түрде бақылап, талдау жасауына, көзқарасын қалыптастыруға, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, қатысым мәдениетіне үйретуде сөз тіркесіне қатысты білім мен біліктерді ұштастыруда лингвистикалық дүниетаным қалыптастыруға ерекше мән бірілуі тиіс. Бұлтілді оқытуда білім философиясындағы жаңа бағыттарды терең зерделеп, оқыту үдерісінде басшылыққа алушы қажет етеді. Онда тілді оқытудың құндылықтық бағдарын күшету талаптары алға шығарылады.

3. Білімді саналы менгертудің басты шарты – бастауыш сынып оқушысының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру. Кіші жастағы оқушының білімді саналы менгеруіне, өзінің ортасына тез сіңіспіп, өзгелермен тіл табыса алуына қажетті қатысымдық дағдыларының қалыптасуына қажетті жағдайлар тудыру үшін сөз тіркесін оқытудың мотивациялық аспектілерін күшету оку нәтижесінің сапалық деңгейін көтерудің де бірден бір тетігі саналады.

4. Бастауыш сыныпта сөз тіркесін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруды арнайы педагогикалық ұстанымдар негізінде ұйымдастырып, инновациялық технологиялар мен тиімді әдістерді талғай білу – білім беру жүйесіндегі қазақ тілі пәнінің жалпы пәндік және жеке пәндік қызметтеріне сай жетекші рөлді иемденуінің, оқушының шынайы өмірлік дағдыларын қалыптастырудың тетігі саналады.

5. Сөз тікестерін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың біз ұсынған жаңа моделі (№2 сурет) – кешенді жүргізілген зерттеудің түпкі нәтижесі. Ол білім сапасын арттыруға ықпал етеді.



Сурет 2 - Сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық моделі

2 СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

2.1 Сөз тіркесін оқыту мен оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықта берілу жайы

Ана тілін оқыту үдерісі қарым-қатынастық, мәдени-танымдық және әлеуметтік қажеттіліктерді дамытуға бағытталғандықтан, бастауыш мектепте оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру осы пәннің білім мазмұнын анықтайтын базалық-нормативтік құжаттар мен оқу-әдістемелік кешендерде нақты тұжырымдалып негізделуіне байланысты екендігі даусыз.

Әр кезеңдегі білімнің мазмұны мен мәні сол кездегі заманауи талаптардан туындастындықтан білім беру жүйесінің сипаты да оны реттеуші ресми құжаттар негізінде өзгеріліп, жаңартылып, толықтырылып отырады.

Еліміз егемендік алған алғашқы жылдары бастауыш мектептегі «Қазақ тілі» пәнінің жалпыға міндетті білім стандарты мен оку бағдарламалары, қазақ тілі оқулықтары дүниеге келді. «Жаңа буын оқулықтары» деген атауға ие болған төл оқулықтар мен нормативтік-құжаттар бүгінгі күнге дейін бірнеше дүркін жарық көріп, білім саласындағы өзгерістерге байланысты мазмұндық, құрылымдық, әдістемелік түрғыдан үнемі жетілдірілуде. Бастауыш меткептегі «Қазақ тілі» пәнінің жалпыға міндетті білім стандартында ана тілін оқытудың мақсаты мен міндеттері, білім мазмұны, оқушылардың білім мазмұнын игеру арқылы қол жеткізілетін дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар анықталды. Сол құжаттардың негізінде қазақ тілі оқулықтары дайындалды.

Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндігін анықтау мақсатында Білім стандартының мазмұнына талдау жасалды. Талдау білім мазмұны оқушылардың тілдік білімнің нәтижесі ретінде олардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуға, тұлғалық – рухани болмысын жетілдіруге, сөз тіркесін оқытудың мотивациялық тетіктерін күшетуге, сөз тіркесін оқыту арқылы қатысым мәдениетін дамытуға тұғыр болуы тиіс деген қағидаға сүйеніп жасалды.

Бастауыш мектептерге арналған «Қазақ тілінің» оқу бағдарламасы 2-4-сыныптарға арналып дайындалған. Бағдарламада пәнді оқытудың мақсаты «оқу және жазу дағдылары қалыптасқан, алғашқы тілдік мағлұматтарды, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін менгерген, алған тілдік білімдерін өмір жағдайларында қолдана біletін жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау» деп белгіленген [147]. Стандарттағы білім мазмұнын игерту арқылы бастауыш мектеп оқушыларының:

- дұрыс, түсініп және мәнерлеп оқуы, жазу дағдыларын қалыптастыру;
- тілдік қарапайым түсінік, орфографиялық, пунктуациялық біліктілік қалыптастыру;
- сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) менгерту және сөйлеу жанрларын әр түрлі жағдайларда қолдана білуге үрету;

- алғашқы тілдік фактілерді танымдық нысан ретінде меңгерту, оларды талдау, салыстыру, топтау және жинақтау дағдыларын қалыптастыру;
- тілдік материалдар негізінде теориялық білім беру арқылы оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамыту;
- оқушылардың сауатты, көркем жазу дағдыларын жетілдіру;
- диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
- өздігінен мәтін құру, өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізе білу дағдыларын жетілдіру;
- оқушының бойында адами құндылықтарды: қайырымдылық, сүйіспеншілік, елжандылық, имандылық қасиеттерін дамыту» көзделеді (...).

Бағдарлама құрылымы: «Түсінік хат. Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері. Оқу көлемінің жүктемесі. Оқу пәнінің вариативті бөлігі» атты 2-4-сыныптарға арналған ортақ білімдерден және әр сынып бойынша жіктелген: «Оқу пәнінің базалық мазмұны», «Оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптардан» тұрады.

Сөз тіркесі синтаксистік бірлік болғандықтан, талдау барысында бастауыш мектепте синтаксистен берілетін білім мазмұнының берілу жүйесі қарастырылды (кесте 2).

Кесте 2-Бастауыш мектепте синтаксистен берілетін білім мазмұны

Сынып ТАР	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1	2	3	4
Сағат саны			
8 сағат		20 сағат	16 сағат
Бастауыш мектепте синтаксис саласы бойынша ұсынылған білім мазмұны	<p>Сөйлемнің анықтамасы. Мәтіннен сейлемдерді ажырату.</p> <p>Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем. Сөйлем түрлерінің айтылу интонациясын байқату.</p> <p>Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері (нұкте, сұрау, леп белгісі).</p> <p>Сөйлемдегі сөздердің байланысы. Сұрақ бойынша сөйлемді кеңейтіп жазу (екі</p>	<p>Сөйлем туралы 2-сыныпта берілген білімді тиянақтап бекіту.</p> <p>Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) есту бойынша ажырата алу машығын жетідіру.</p> <p>Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері.</p> <p>Сөйлем түрлерін пайдалануға қолайлы жағдай (ситуация) жасау.</p> <p>Сөйлем мүшелері.</p> <p>Сөйлемнің түрлаулы және түрлаусыз мүшелері.</p>	<p>Сөз тіркесі.</p> <p>Сөйлемге қатысты берілген білімді қайталап, жинақтау: сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері; сөйлем мүшелері; сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш; сөйлемдегі сөздердің байланысы.</p> <p>Жай сөйлем және құрмалас сөйлем. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі.</p> <p>Сөйлемнің дара және құрделі мүшелері.</p>

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
	сөзден тұратын сейлемді үш сөзді етіп құру).	<p>Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш, олардың байланысы. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сзықша.</p> <p>Жалаң және жайылма сөйлем. Үлгі, сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрау. Екі жай сейлемнен тұратын құрмалас сейлемдермен таныстыру, тыныс белгісіне көніл аудару. Жалаң және жайылма сөйлем. Қаратпа сөз, оның тыныс белгісі.</p>	<p>Сейлемнің бірыңғай мүшелері.</p> <p>Жалғаулықсыз қолданылған бірыңғай мүшелі сейлемдер, олардың тыныс белгілері.</p> <p>Қыстырма сөз, олардың тыныс белгісі.</p>

Салыстырмалы кестеден байқалғандай, оқушылардың жас ерекшелігі мен тілдік ұғымдарды түсіну дәрежесіне қарай 2-4 сыныптарда синтаксистік ұғымдар біртіндеп құрделеніп, дамыта оқыту ұстанымы бойынша жүйеленген. Бұл оқушының жүйелі ойлауын, тиянақты білім алудың қамтамасыз етеді. Мысалы:

2-сыныпта: Сөйлем және оның түрлері;

3-сыныпта: Сөйлем мүшелері. Сейлемнің тұrlаулы және тұrlаусыз мүшелері. Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш. Жалаң және жайылма сөйлем. Қаратпа сөз.

4-сыныпта: Сөз тіркесі. Жай сөйлем және құрмалас сөйлем. Сейлемнің бірыңғай мүшелері. Қыстырма сөз.

Біздің зерттеу жұмысымызға өзек болып отырған сөз тіркесі синтаксисі 4-сыныпта оқытылады.

Бағдарламаның «Оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар» бөлімінде синтаксистік білімдерді менгерген оқушының орындай алуды тиіс әрекеттер жүйесі былайша берілген:

- сейлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерін біледі (2-сынып бойынша);
- сейлемді сөйлем мүшесіне талдай алады; мәтіннен қаратпа сөздерді таба алады;
- тұрақты сөз тіркестерін өз тәжірибесінде пайдалана алады (3-сынып бойынша);
- сейлемнің тұrlаулы (бастауыш, баяндауыш), тұrlаусыз мүшелерін және бірыңғай мүшелерін, жалаң және жайылма сөйлем түрлерін, сөз тіркесін біледі;
- жай сөйлемге синтаксистік талдау жасайды;
- жай сөйлемді құрмаласқа айналдырады;
- мәтіннен қыстырма сөздерді табады (4-сынып бойынша).

Оку бағдарламасын зерделеуде байқағанымыз: оқушылардың білім, білік, дағдысына қойылатын талаптар жүйесін айқындау барысында тілдің теориялық жағын, **грамматикалық білімдер** жиынтығын игертуге басымдылық беріліп, **практикалық білік-дағдыларды, қатысымдық құзыреттілікті** дамытуға негіз болатын сөйлесім әрекетінің түрлері: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім әрекеттеріне жете мән берілмегендігіне көз жеткіздік.

Бастауыш мектепте қатысымдық дағдылар негізінен қазақ тілі сабактарын оқыту үдерісінде қалыптасады. Сондықтан қазақ тілінің базалық-нормативтік құжаттарында айқындалатын білім мазмұны мен оқушы бойында қалыптасуы тиіс деп күтілетін дағды-біліктеге қойылатын талаптар оқушыны дара тұлға ретінде қалыптастыруға, өзінің ана тілінде ауызекі және жазбаша тілде сауатты сөйлеуге үйретуге, айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға, тындаған және оқыған ақпаратты түсінуге, өзінің ойын жеткізуғе қажетті қатысымдық құзыреттілікті дамытуға бағытталғаны ләзім.

Сөз тіркесін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін анықтау мақсатында бүгінгі күні қолданыстағы 4-сынып оқулығына талдау жасалды. Атап айтқанда, «Синтаксис әлеміне саяхат» бөлімінің «Сөз тіркесі» тақырыбында оқушының лингвистикалық дүниетанымын кеңейтетін теориялық білімнің берілуіне, теорияны практикалық түрғыдан бекітуге арналған жаттығулардың жүйеленуіне, қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болатын тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалардың оқулықта берілуіне назар аударылды.

Окулықта «Сөз тіркесінен» берілетін білім көлемі 10 бетті қамтиды [151, бб. 60-70].

Оқулықта «Сөз тіркесі» тақырыбы ой шакыру сұрақтарынан бастау алады:

1-тапсырма. Суреттерге қара. Қарбыз сөзі мен үлкен қарбыз сөзінің жұбын салыстыр. Магыналарына, сөз санына назар аудар. Сонда не байқадың? (60-бет) Бұл тапсырманың мақсаты: қарбыз бен үлкен қарбыз деген сөздерді салыстыру арқылы, біріншіден, қарбыз сөзі жалғыз сөзден, үлкен қарбыз сөзі екі сөзден тұратына балалардың көздерін жеткізу, екіншіден, суретті көз алдына елесту арқылы оқушылардың танымдық уәждеріне түрткі жасау деп болжауға болады.

2-тапсырма. Бағанның екі жағындағы сөздерді салыстыр.

may, биік; семіз, қой; оқушы, жеті; тез, кел; директор, мектеп *биік тау, семіз қой, жеті оқушы, тез кел, мектептің директоры*

Бағанның оң жағындағы сөздердің байланысын сұрақ қойып анықта. Бұл бағандардың сөздердің бағанның оң жағындағы сөздерден өзгешелігі неде? (60-бет).

Бұл тапсырманың мақсаты: біріншіден, алғашқы бағандағы жеке-жеке сөздердің келесі бағанда бір-бірімен мазмұндық жағынан үйлесім тауып

тіркескенін, екіншіден, бір сөздің екінші сөзге бағынышты, тәуелді болып тұрғанын түсіндіру.

Жоғарыда аталған ой шақыруға арналған тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар жаңа мазмұнды жеңіл әрі еркін түсінеді, сабактың тақырыбы мен мақсатын мұғаліммен бірге ашуға талпынады. «Қалай ойлайсындар?» деген сұрақты ортаға тастау арқылы оқушылардың бұған дейінгі білімдерін еске түсіре отырып, жаңа тақырыптың мазмұнымен ұштастыруды көздейтін ой шақыру әдісі оқулықта оң көрініс тапқан.

3-тапсырма. Сөз тіркесін оқып мағынасын түсіндір.

Жібек орамал, өзеннің жағасы, жуас ат, сөздің мағынасы, қалың қарагай, керең сарай, оқушының құралы, Жәнияның әжесі, ауыр жүк.

– Екі сыңары да зат есімнен жасалған тіркестерді бағанның сол жағына, бірінші сыңары сын есімнен, екінші сыңары зат есімнен жасалған тіркестерді бағанның оң жағына жаз.

– Өзің қалаған тіркестерді қатыстырып үш сөйлем құрастырып жаз.

– Сөйлемдегі сөздердің байланысын сыйбамен көрсет.

Бұл тапсырманы орындаудан күтілеттін нәтижелер ретінде мынадай дағдыларды бөліп көрсетуге болады:

– біріншіден, оқушылардың сөз тіркестеріне мағыналық талдау жасау арқылы сөздік қорын молайту;

– екіншіден, сөз тіркесетерінің құрамындағы екі сөздің мағыналық үйлесімділігін түсінуді қаматамасыз ету;

– үшіншіден, сөз тіркесінің занылышын, синтагмалық және синтаксистік қатынасын таныту;

– төртіншіден, сөз тіркесінің сөйлем құру мүмкіндігін көрсету, бесіншіден, сөздердің байланысын сыйбамен көрсете отырып көру арқылы есте сақтату қабілеттерін дамыту.

4-тапсырма. Мақалды оқып, жатқа жаз.

Отірік сөз өрге баспас.

– Осы сөйлемдегі сөз тіркестерін сыйбамен көрсет. Сөз тіркестерін дұрыс тапқаныңды дәлелден көр.

Берілген тапсырма жаттау, сөз тіркесін сыйба түрінде рәсімдеген арқылы оқушының есте сақтау қабілетін дамытып, сөздердің тіркесімділігін дәлелдей алуға үйретуді талап етеді.

Ана тілі ретіндегі «Қазақ тілі» пәнін оқытуда тілдік білімдердің маңызы зор, өйткені ол оқушының лингвистикалық дуниетанымын кеңейтіп, өз ойын жүйелеуге, жинақтап жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан грамматика қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды бөлшегі ретінде қарастырылады. Алайда ана тілі бойынша менгерген грамматикалық жүйе туралы ережелер мен ұғымдар туралы білімдер оқушының қатысымдық құзыреттілігінің деңгейін көтере де, көрсете де алмайды. Ана тілінде өз ойын жеткізудің тілдік амалдарын дұрыс қолданыруға үйретіп, коммуникативтік дітін орындана алған жағдайда қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Оқулықта сөз тіркесін менгертуге жалпы саны 30 тапсырма берілген. Тапсырмалар екі деңгейде: шығармашылық тапсырмалар және терең ойлау тапсырмалары деп жүйеленген. Соның ішінде 14 терең ойлау тапсырмалары, 12 шығармашылық тапсырма, ал 4 тапсырманың (№5, 61 б.; №7, 61 б.; №13, 62 б.; №30, 67 б.) деңгейі анықталмаған. Тапсырмалар ішіндегі жекелеген сұрақтарға ақпараттық ізденіс деген шартты белгі көрсетіліп, 7 тапсырманың тұсына қойылған. Тапсырмалардың жіктеме атавы қандай критерийлерге сүйеніп анықталған деген сұрақ туындаиды. Себебі кейбір тапсырмалардың деңгейі әртүрлі болғанмен, шарты бірдей. Мысалы, 4-терең ойлау тапсырмасы «Сөз тіркестерін сыйзамен көрсет» десе, 11 - шығармашылық тапсырмада да «Сөз тіркестерінің байланысын сыйзамен көрсету» талап етіледі. Немесе терең ойлау тапсырмасы деп көрсетілген 5 -тапсырма мен шығармашылық деп берілген 18, 27 - тапсырмалардың шарты сөз тіркестерінің екінші сыңарын қай сөз табынан жасалғанын анықтауды мақсат етеді. Сол секілді терең ойлау тапсырмасы деп көрсетілген 12 - тапсырма мен шығармашылық деп берілген 19, 27 (бір шарты) - тапсырмалар бір сарынды, сөз тіркестерін толықтыруды, сөз тіркестерін тауып жазуды, сөз тіркесін аяқтап жазуды талап еткен. Біздің ойымызша, терең ойлау мен шығармашылық деген сөздердің мағынасы бір-бірінен соншалықты алыс емес. Шығармашылық әрекет – оқушының (терең) абстрактілік ойлауын, шығармашылық әлеуетін көрсететін, таным көкжиегін іске қосатын үдеріс. Олай болса, шығармашылық тапсырмалар, әдетте, жоғары қындықта орындалып, оқушының терең ойлауын, қиялының шарықтауын қажет ететін тапсымалар жүйесінен құралады. Сондықтан шығармашылық және терең ойлау тапсырмалары деген атаулар түрлі деңгейдегі тапсырмалардың мазмұнын бере алмайды деп түйіндеуге болады.

Біз теориялық бөлімде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруды сөз тіркестерін жүйелі, сатылы-сабактастық ұстаным негізінде оқыту мен сөйлеу әрекетіне үйретуді бірліктे үйимдастырудың маңыздылығын атап өтілген болатын. Сол себепті қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастырудың басты тетігі ретінде сөйлесім әрекетінің түрлері: - тыңдалым; - оқылым; - жазылым; - айтылым;- тілдесім біртұтас жүйеде кешенді түрде берілу деңгейі қандай? деген сұраққа жауап алу үшін осы бағыттағы тапсырмалардың оқулықта берілу ұстанымын анықтауға назар аударылды (кесте 3).

Кесте 3 - Сөйлесім әрекетіне негізделген тапсырмалар жүйесі

Тыңдалым байланысты тапсырмалар	Әрекетіне берілген	Оқылым әрекетіне байланысты берілген тапсырмалар
1		2
№6. Сұхбатты екеуара түсініп оқындар.		№1. Сөз тіркесін оқып, мағынасын түсіндір. №4. Сөз тіркестерін сыйзамен көрсет. Сөз тіркестерін дұрыс тапқанынды дәлелдеп көр.

3 – кестенің жалғасы

1	2	
	<p>№5. Бірінші сыңары сан есімнен болған сөз тіркестерін тап.</p> <p>№15. Жұмбақтағы сөз тіркесін тауып, кестеге орналастыр.</p> <p>№19. Сөздерді оқы. Олардың әрқайсысына сөз тіркесінің бірінші сыңары болатын сөздерді тауып, сөз тіркестерін тауып жаз</p> <p>№6. Сұхбатты екеуара түсініп оқындар.</p> <p>№4. Мақалды оқып, жатқа жаз.</p> <p>№24. Өлеңді оқып, жатқа жаз.</p>	
1 тапсырма	8 тапсырма	
Айтылым/оқылым әрекетіне байланысты берілген тапсырмалар	Жазылым әрекетіне байланысты ұйымдастырылған тапсырмалар	Тілдесімге байланысты тапсырмалар
<p>№10. Сөз тіркестерін оқып, мағынасын түсіндір.</p> <p>№14. Сызбага қарап, сөз тіркестері туралы қорытынды жаса.</p> <p>№16. Сөз тіркестерінің мағынасын сұрақ қою арқылы анықта.</p> <p>№17. Сөз тіркестерін оқып, олардың әрбір сыңарына сұрақ қой, мағыналарын түсіндір.</p> <p>№20 Берілген сөз топтарының сөз тіркестерін екенін кестені пайдаланып дәлелде.</p> <p>№24. Толтыр сөзінің сыңарын тап. Бұл сөздің сөз тіркесіндегі негізгі мағынаны білдіретін сөз екенін дәлелде.</p> <p>№8. Толықтыр. Сөз тіркесі деп...</p>	<p>№12. Әр қатардағы осыған үқсас сөз тіркестерін толықтырып жаз.</p> <p>№21. Күн сөзімен қандай сөз тіркесін құрауға болады? Бару сөзімен ше? Құраған сөз тіркестерінді жаз. Сөз тіркесінің бірінші сыңарының қызыметін анықта.</p> <p>№22. Керекті жеріне тиісті қосымшаларды қойып, сөз тіркесін толықтыр.</p> <p>№3. Өзің қалаған тіркестерді қатыстырып, үш сөйлем құрап жаз.</p> <p>Сөз тіркестерінің байланысын сыйбамен көрсет.</p> <p>№15. Жұмбақ шешуіндегі сөздердің біреуімен мәтін құрастыр.</p> <p>№ 18. Бірінші сыңары сын есімнен болған бес сөз тіркесін жаз.</p> <p>№19. Сөздерді оқы. Олардың әрқайсысына сөз тіркесінің бірінші сыңары болатын сөздерді тауып, сөз тіркестерін тауып жаз.</p> <p>№23. «Сүйінші сұрау» тақырыбына мәтін құрастыр.</p> <p>№26. Бағанның екі жағындағы сөздерден сөз тіркесін құрап жаз.</p> <p>№ 27. Көп нұктенің орнына тиісті сөзді қойып, сөз тіркесін аяқтап жаз. Сөз тіркестерінің қай сөз табынан жасалғанын анықта.</p> <p>№28. Өзің қалаған сөз тіркестерімен сөйлем құрап жаз.</p> <p>№ 29. Суретке қара. «Бәйге» тақырыбына әңгіме құра.</p> <p>№4. Мақалды оқып, жатқа жаз.</p> <p>№24. Өлеңді оқып, жатқа жаз.</p>	
Барлығы: 7 тапсырма	14 тапсырма	0 тапсырма

Салыстырмалы кестеден байқағанымыздай, тыңдалым әрекетіне арналған тапсырмалар – 0,1%; оқылым әрекетіне арналған тапсырмалар – 26%; айтылым әрекетіне арналған тапсырмалар – 23,5%; жазылым әрекетіне арналған тапсырмалар – 50%, тілдесім әрекетіне арналған тапсырмалар – 0% құрайды. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі құрауышы сөйлесім әрекетінің түрлері оқушы мұддесімен ұштасып, олардың өмірлік қажеттіліктеріне айналғанда ғана қатысымдық дағдыларды дамыту мүмкін болады.

Оқушынының өз ойын тиянақтап, дұрыс жеткізуге төсөлдіруде мәтіннің рөлі үлкен. Р.Базарбаева «өз ойын байланыстырып ауызша және жазбаша жеткізуге үйретуде оқушыларға сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисін білу жеткіліксіз. Олай дейтініміз, өз ойын айту немесе жазу жеке сөйлемдерден ғана емес, ол бір-бірімен логикалық және грамматикалық байланысқа түсken сөйлемдер бірлігі болып табылатын тұтас мәтіннен тұрады» дейді [148, б. 8]. Біз жоғарыда бастауыш мектеп оқушысының білім деңгейіне қарай сөз тіркесі, сөйлем, мәтін үнемі бірлікте алынуы тиіс деп ой түйген болатынбыз.

Ана тілін оқытуудың бастапқы сатысында өмірдегі құбылыстарға жақын мәтіндер, айналадағы өмірге қатысты диалогтармен жұмыс істеу арқылы оқушының қатысымдық құзыреттілігі дамиды. Аталған факторлар есепке алынбаса, оқушылардың сөйлеу әрекеті олардың шынайы сезімінен, ойынан, қызығушылығынан айырылады, яғни сөйлесім әрекетіне күш беруші көзі жоғалады. Біз құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық бөлімінде жаңа білім мазмұнын түсіну, менгеру, бекіту үшін берілетін мәтін мазмұн жағынан құнды, оқушының қунделікті өмірімен байланысты, қатысымдық бағытта ұсынылуы маңызды екенін айтқан болатынбыз. Сол себепті оқулықта оқушы жасына лайықты қатысымға бағытталған мәтіндер көрініс табуы тиіс. Аталған талаптарды ескере отырып, біз оқулықта берілген мәтіндерге оқушыны қатысымға жетелеуі, жағдаятқа негізделуі, танымды дамытуы және ақпарат беруге бағытталуы тұрғысынан талдау жасадық (кесте 4).

Кесте 4 - Оқулықтарда берілген мәтіндердің бағыттары

Сыныптар	Қатысымға бағытталған мәтіндер	Жағдаятқа негізделген мәтіндер	Танымдық мәтіндер	Ақпараттық бағыттағы мәтіндер
4-сынып	0,1 %	0%	3%	0%

«Сөз тіркесі» тақырыбын менгертуде қатысымдық мәтіндер 0,1 %-ды (61-бетте берілген сұхбат), жағдаяттық мәтіндер 0 %-ды, танымдық мәтіндер 3%-ды (62-беттегі қысқа өлең, 63-беттегі жұмбақ және 67-беттегі өлең), ақпараттық мәтіндер 0 %-пайызды құрайды. Талдау нәтижесінде «Сөз тіркесі» тақырыбын менгертуде тұтас мәтін берілмегеніне көз жеткіздік. Мәтін жоқ болса баланы қалайша жүйелі, толыққанды сөйлетуге болады? Тапсырмалардың мазмұны бір-бірімен байланыссыз сөз тіркестері мен сөздерден құралған. Сөз тіркесін оқыту арқылы сөйлемге жетелейтін тапсырмалар, сөйлемнен мәтін құрауға

апаратын тапсырмалар жоқ. Сөз тіркесі тақырыбындағы 30 тапсырманың үшеуі ғана сөйлем құрауға арналған: №3. Өзің қалаған тіркестерді қатыстырып, уш сөйлем құрап жаз. №11. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құрап жаз. №28. Өзің қалаған сөз тіркестерімен сөйлем құрап жаз. Ал мәтін құрауға үш тапсырма ұсынылған: №15. Жұмбақ шешуіндегі сөздердің біреуімен мәтін құрастыр. №23. «Сүйіни құрау» тақырыбына мәтін құрастыр. № 29. Суретке қара. «Бәйге» тақырыбына әңгіме құра. Оның өзінде мәтін құрауға қажетті тірек сөздер немесе оқушыға бағыт беретіндай талаптар көрсетілмеген. Мұндай жағдайда оқушыларың қатысымдық құзыреттіліктегі жүйесіз, стихиялық түрде бей-берекет қалыптасады. Оқулықта теориялық білімді бекітуге арналған тапсырмалар мол қамтылған. «Күні бүгінге дейін қазақ тілін оқытуға лингвистикалық түрғыдан қарау басым болып, тілдік білім жүйесін білу басты мақсаттардың бірі болып келеді» [42, б. 35]. Алайда жалаң теориялық білімге негізделген тапсырмалар тәжірибемен бекітілмесе, оқушының тұлғалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға қауқарсыз болады. Сондықтан тілдік білім мен қатысымдық дағдының байланысы теңдей етіп алынып отырылуы тиіс.

Қорыта келе, оқушының қатысымдық құзыреттілігін дамытуға негіз болатын сөйлесім әрекетінің түрлері пән стандарты мен оқу бағдарламасында жеткілікті деңгейінде көрініс таппаған. Қазақ тілін оқытудың түпкі нәтижесі ретінде тұжырымдалған білім, білік, дағдыға қойылатын талаптарда оқушының сөйлеу дағдыларын жетілдіруден гөрі, грамматикалық білімдерді менгеруіне баса назар аударылған. Себебі олардың негізіне пәндік құзыреттерді қалыптастыратын пәндік-бағдарлық тұжырымдама салынған.

Оқулық – мұғалімнің оқу үдерісінде басшылыққа алатын негізгі құралы. Оқулықтың тілдік және әдістемелік бөлігі тілдік білім берудің міндеттерін шешіп, оқушылардың тілдік тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ететін тұтас мазмұнды мәтіндермен толықтырылуы тиіс. Әсіресе, жеке тұлғалық қасиеттерді есепке алатын жағдаяттарға құрылған комуникативтік мәтіндер оқушылардың шынайы тілдесімге түсін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар оқулықты қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға өзек болатын сөйлесім әрекетінің түрлеріне негізделген кешенді тапсырмалар жүйесімен толықтыруда кезек күттірмейтін өзекті мәселе деген тұжырым жасалды. Біздің зерттеу жұмысымыз осы мақсатты көздей отырып, қазіргі қолданыстағы бастауыш сыныптың «Қазақ тілі» оқулықтары мен оны менгерту әдістемесін жетілдіруге мүмкіндік беретін жүйелі тапсырмалар кешенін түзуге арналды. Диссертацияның келесі тармақшаларында бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін арттырудың әдістері, оқыту технологиясы, тапсырмалар жүйесі, тұтас мәтіндермен кешенді жұмыс түрлері ұсынылды.

2.2 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері мен жаттығу - тапсырмалар жүйесі

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарында негізгі құзыреттіліктердің бірі ретінде коммуникативтік құзыреттілік белгіленген [149]. Сондықтан зерттеу жұмысының тілдік білім, қатысымдық білік, сөйлеу дағдыларының жиынтығы ретінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мектепте қазақ тілін оқытудың әр сатысында ескерілетін жетекші әрекеттердің бір болуы тиістілігі ескерілді.

Бастауыш сыныпта қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастырудың әдістемеліккешені оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытуға жол ашатын оқу-әрекетін ұйымдастыруды қажет етеді. Оқу-әрекетін ұйымдастыру мұғалімнің шеберлігі мен білімді менгертудің ұтымды әдіс-тәсілдерін тандауына байланысты. А.Байтұрсынұлының: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жаңына нұр құя алады» деген сөзі мұғалімнің ізденісі мен ұтымды әдістәсілдерді қолдана алуы білім сапасын арттырудың кепілі болады деген ойымызды бекіте түседі.

Оқыту әдістері – белгілі бір оқу міндеттерін шешуге бағытталған іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы. Әдістер оқытуда нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін бірнеше тәсілдердің бірлігі арқылы іске асып, төмендегідей қызметтерді атқаруы міндетті деп қарастырылды:

- білімділік қызметі (сауатты қолданылған әдістер жаңа технологиялық біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға, қоршаған орта, табиғи құбылыстар, өмір заңдылықтары және т.б. туралы білім қалыптастыруға мүмкіндік тудыруы);
- мотивациялық қызметі (оку үдерісінде қолданылатын әдістердің жаңа білім алуға деген қажеттілікті қалыптастыруға және білік, дағдыны жетілдіруге бағытталуы);
- дамытушылық қызметі (ана тілі сабактарында ерекше шығармашылық атмосфераны құруға және психологиялық қолайлы жағдай туғызуға бағытталған отырып, оқушының ойлау, сөйлеу, дағдыларын дамытуы);
- тәрбиелік қызметі (тілдің адам өміріндегі мәнін түсіну арқылы оған деген құндылықтың қарым-қатынасты қалыптастыруы, тіл арқылы тәрбие алуы, сыныпта әртүрлі топтық, жұптық, дербестік тапсырмаларды орындау нәтижесінде адамгершілік қағидаларын, қарым-қатынас мәдениетін игеруі).

Қойылатын талаптар үдерісінің түрлі деңгейінен шығып жүрген оқытуудың әдістерін жіктеуде ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Сол себепті жұмыс барысында мұғалімдердің іс-тәжірибесінде кең тараған әдістерді жіктеу классификациясына тоқталып өткенді жөн көрдік:

Жиырмасыншы ғасырдың басында әдістер екі түрге жіктелген:

1. Мұғалімнің жұмыс істеу әдістері:
 - мұғалім сөзі;
 - түсіндіру;

- сұқбаттасу (әңгімелесу);
- 2. Оқушының жұмыс істеу әдістері: жаттығу; өзіндік жұмыс.

Бұл жүйеде, көріп отырғанымыздай, репродуктивті әдістерді қолдануға басымдылық берілген.

ХХ ғасырдың ортасында мұғалімдер арасында кең тараған П.И.Пидкасистыйдың әдістерді жіктеу классификациясы былай болды:

1. Сөздік әдіс:

- әңгіме;
- түсіндіру;
- сұқбаттасу;
- дискуссия;
- лекция;
- кітаппен жұмыс.

2. Көрнекілік әдіс:

- иллюстрациялық әдіс;
- демонстрациялық әдіс.

3. Практикалық әдіс:

- жаттығу;
- лабораториялық жұмыс;
- практикалық жұмыс.

Ғалым әдістерді жіктеуде оқушылардың дағдылары мен біліктерін дамытуда жетекші рол атқаратын практикалық әдістерге ерекше назар аударған.

Кейінгі кезеңде Г.И. Щукинаның:

1. Білім игеруге арналған әдістер:

- ауызекі сөйлеу (түсіндіру, әңгіме, лекция);
- сұқбаттасу (эвристикалық әңгіме);
- кітаппен жұмыс;
- диспут;
- лабораториялық жұмыс (ізденімдік әдіс);

2. Игерілген білімді бекітуге және дамытуға арналған әдістер:

- ұлгі бойынша жаттығу;
- вариативтік жаттығу;
- практикалық жұмыстар;
- шығармашылық жұмыстар.

С. П. Барановтың жіктемесі:

1. Білімді игеру деректемесі бойынша:

- сөздік;
- көрнекілік;
- практикалық;
- өзіндік жұмыстар.

2. Мұғалім іс- әрекетінің формалары бойынша:

- білім беру әдістері;
- оқыту әдістері.

3. Ой қорытындысы бойынша:

- индуктивтік;
- дедуктивтік.

4. Танымдық белсенділігі мен ойлау іс- әрекетінің түрлері бойынша:

- репродуктивтік;
- түсіндірмелі;
- проблемалы- ізденімдік;

шығармашылық болып, бөлінген. Мұнда оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеттестігі негізінде жүзеге асырылатын әдістер ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, дағдылары мен біліктерін дамытуға арналған әдістерге де назар аударылған.

Біз жұмысымыздың теориялық бөлімінде бастауыш сыныптарда сөз тіркесін оқытуда қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастырудың ұтымды әдістері ретінде қатысым әдісі, интерактивті әдістер, сын түрғысынан ойлау технологиясының әдістері аталған болатынбыз. Бұл әдістер ана тілін оқытудың білімділік, мотивациялық, дамытушылық, тәрбиелік аспектілерін шоғырландыра алуымен қатар оқушылардың өзара әрекеттесуіне, сөйлесім әрекеті негізінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыратын жұптық, топтық, ұжымдық оқыту формаларын орынды қолдануға жол ашатыны тәжірибе барысында дәлелденді.

Сөз тіркесін оқытуда қатысым әдісіне негізделе отырып дайындалған тапсырмалар сөйлесім әрекетінің түрлерін кешенді қолдану нәтижесінде қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға оң ықпал ететіні анықталды.

Сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша қатысымдық құзыреттілікті дамытуға арналған тапсырма үлгілері дайындалды.

Кесте – 5. Тапсырма. Жұптық жұмыс. Сыныптағы оқушыларды «Басыңқы» және «Бағыныңқы» деп жұпқа бөлеміз. Жұптарға сөз тіркестері жазылған кеспе қағаз таратылады

Ағаш үй	Үйлі адам
Үлкен әпке	Әпкемнің кітaby
Қалың орман	Орманды жер
Кеше келді	Келген адам
Тәтті алма	Аламалы бақ
Жаңа киім	Киімнің түймесі
Қалың кітап	Кітаптың тысы
Үлкенді сыйлау	Сыйлы қонақ
Сұлу қыз	Қыздың көйлегі

АЙТЫЛЫМ

Берілген сөз тіркестерінің құрамындағы тірек сөздер мен оның мағынасын нақтылаушы сөздерді анықтандар.

АЙТЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ. ТІЛДЕСІМ

Бірінші бағанда берілген сөз тіркестерінің қара қаріппен жазылған сынары неге басыңқы екенін түсіндіріндер. Екінші бағанда ол сөздердің неге басыңқы болмайтынын дәлелдендер. Оқушылар дәптерге жазып түсіндірді.

ЖАЗЫЛЫМ

Берілген сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрандар.

Тапсырманың мақсаты:

- сөз тіркесінің құрамындағы тірек сөз бен оның мағынасын нақтылаушы сөзді ажырата алуға дағдыландыру;
- оқушыларды сөз тіркесінің басыңқы сынарымен таныстыру;
- сөздерді дұрыс байланыстырып үйренуге, сөйлем құрауға дағдыландыру;
- жұпта жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру;
- оқушылардың ойлауы мен тілін дамыту.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- сөз тіркесінің құрамындағы тірек сөз бен оның мағынасын нақтылаушы сөзді айырады;
- басыңқы және бағыныңқы сынарын ажыратып үйренеді;
- сөз тіркесі сынарының басыңқы, бағыныңқы болу себебін дәйектеп айтады, өз ойын жеткізеді;
- жүйелі ойлап, өз сөзін дұрыс жеткізеді.

АЙТЫЛЫМ

2-Тапсырма. Тақтага мәтін ішінен бір сөйлем жазылды: Біз қозы бағып жүргенде ойындар үйымдастырдық.

1. қозы бағып
2. бағып жүргенде
3. жүргенде ойындар
4. ойындар үйымдастырдық
5. бағып ойындар
6. бағып үйымдастырдық

Айтылым. Оқушыларға сұрақ:

- 1) Барлық жұптағы сөздер бір-бірімен мағыналық және грамматикалық жағынан байланысып тұр ма?
- 2) Мағыналық жағынан байланысып тұрған жұптарды оқындар.
- 3) Ондай жұптар қалай аталады? (сөз тіркесі)
- 4) Бастауыш пен баяндауыш ештеңеге бағынбайды. Олар тең дәрежелі.

БАСТАУЫШ + БАЯНДАУЫШ = СӨЙЛЕМ.

ТЫҢДАЛЫМ. ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Ұжымдық жұмыс. Мәтінмен жұмыс. Оқушылар мәтінді тізбекпен оқиды.

Жайлауда

Жазды мен ауылда өткіздім. Біздің ауыл жайлауга мамырдың аяғында көшіп келеді.

Біздің жайлаудың аты – Сырт.

Мұнда біз басқа болыстардың көптеген ауылдарымен кездестік. Таныс емес балалар көп болды. Кейін біз олармен шомылғанда, таймен жарысқан кезде жиі кездесіп, танысып алдық. Мен бірнеше баламен достастым. Біз бір-бірімізге ауылға бардық. Қозы бағып жүргенде ойындар үйымдастырық. Кейде кешке қарай біреуіміздің ауылында ұзак ойнайтыныбыз. Қосшы мейрамында бірге болдық. Жидек теруге бардық. Жазды өте көнілді өткіздік. Сендер жазды қайда өткіздіндер? Жазда не істедіндер? Өздеріңнің жазғы өмірлеріңнен сурет салындар.

Mұхтар Әуезов

АЙТЫЛЫМ. ТІЛДЕСІМ

Топтық жұмыс. «Қатені тап» ойыны. Үш топқа мәтін ішінен алынған сөйлем және сол сөйлемдегі сөз тіркестерінің жұптары жазылған үлестірмелі қағаз таратылады.

1-топ. Берілген сөз тіркестерінің ішінен сөз тіркесі болмайтын жұптарды табындар. Олар неге сөз тіркесі бола алмайтынын дәлелдендер.

ЖАЗДЫ МЕН АУЫЛДА ӨТКІЗДІМ.

мен ауылда
ауылда өткіздім
жазды ауылда
жазда мен
мен өткіздім

БІЗДІҢ АУЫЛ ЖАЙЛАУҒА МАМЫРДЫҢ АЯҒЫНДА КӨШІП КЕЛЕДІ.

Біздің ауылда
ауылда жайлауга
жайлауга мамырдың
мамырдың аяғында
аяғында көшіп келді
көшіп келді
ауыл көшіп келді
жайлауга көшіп келді

2-топ. Берілген сөз тіркестерінің ішінен сөз тіркесі болмайтын жұптарды табындар. Олар неге сөз тіркесі бола алмайтынын дәлелдендер.

МҰНДА БІЗ БАСҚА БОЛЫСТАРДЫҢ КӨПТЕГЕН АУЫЛДАРЫМЕН КЕЗДЕСТИК.

мұнда біз
біз басқа
басқа болыстардың

болыстардың көптеген
көптеген ауылдармен
ауылдармен кездестік
біз кездестік
мұнда кездестік
болыстардың ауылмен
көптеген кездестік

3-топ. Берілген сөз тіркестерінің ішінен сөз тіркесі болмайтын жұптарды табындар. Олар неге сөз тіркесі бола алмайтынын дәлелдендер.

ТАНЫС ЕМЕС БАЛАЛАР КӨП БОЛДЫ.

таныс емес
таныс балалар
балалар болды
көп болды
атынс емес балалар
таныс емес болды
таныс болды

КЕЙІН БІЗ ОЛАРМЕН ШОМЫЛҒАНДА ТАНЫСЫП АЛДЫҚ.

кейін біз
біз олармен
олармен шомылғанда
шомылғанда танысып
танысып алдық
біз танысып алдық

МЕН БІРНЕШЕ БАЛАМЕН ДОСТАСТЫМ.

1. бірнеше баламен
2. баламен достастым
3. бірнеше достастым

Тапсырманың мақсаты:

- сөз тіркесінің мағыналық байланысын жете түсіндіру;
 - кездейсоқ сөз жұптарының сөз тіркесі бола алмау себебін ұғындыру;
 - сөз тіркесінің құрамындағы тірек сөз бен оның мағынасын нақтылаушы сөзді ажырата алуға дағдыландыру;
 - оқушыларды сөз тіркесінің басынқы сынарымен таныстыру; сөздерді дүрыс байланыстырып үйренуге;
 - топта жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру;
 - бір-бірімен тіл табыса алуға баулу;
 - оқушылардың ойлауы мен тілін дамыту.
- Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- сөздер бір-бірімен мағыналық тұрғыдан байланысса ғана сөз тіркесі бола алатынын біледі;
- сөз тіркесінің құрамындағы тірек сөз бен оның мағынасын нақтылаушы сөзді айырады;
- басыңқы және бағыныңқы сыңарын ажыратады;
- сөз тіркесі сыңарының басыңқы, бағыныңқы болу себебін дәйектеп айтады, өз ойын жеткізеді;
- жүйелі ойлап, өз сөзін дұрыс жеткізеді;
- топта жұмыс істеп, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істейді.

ОҚЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ

«Жайлауда» мәтінін оқындар. Мәтіннен сөз тіркестерін табындар. Олардың басыңқы және бағыныңқы сыңарын анықтаңдар.

Тапсырманың мақсаты:

- сөз тіркесінің құрамындағы тірек сөз бен оның мағынасын нақтылаушы сөзді ажырата алуға дағдыландыру;
- оқушыларды сөз тіркесінің басыңқы сыңарымен таныстыру;
- сөздерді дұрыс байланыстырып үйренуге;
- топта жұмыс істеп, бір-бірімен тіл табыса алуға тәрбиелеу;
- ойларын жинақтап, жүйелеп айтуға машықтандыру.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- мәтінді оқып, сөйлемдердің құрамындағы сөз тіркесінің таба алады;
- басыңқы және бағыныңқы сыңарын ажыратады;
- сөз тіркесі сыңарының басыңқы, бағыныңқы болу себебін дәйектейді;
- топта жұмыс істеп, бірінің пікірін бірі тындалап үйренеді;
- ойларын жүйелеп жеткізеді.

АЙТЫЛЫМ

Жеке жұмыс.

Мәтіннің соңында берліген сұрақтарға жауап ретінде 7-8 сөйлемнен тұратын мәтін құрастырып айтындар.

Сендер жазды қайда өткіздіңдер? Жазда не істедіңдер?

Тапсырманың мақсаты:

- оқушылардың ойын жүйлеуге, оны ауызаша дұрыс жеткізе алуға дағдыландыру;
- оқушының сөйлеу тілін дамыту.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- өз әрекетін сипаттап, баяндайды;
- ойын еркін жеткізеді.

ЖАЗЫЛЫМ

Жұптық жұмыс.

Әр қайсысың «Жазғы демалыстағы бір күнім» тақырыбына сурет салындар.



Сурет 3

Сурет салып болған соң, жанындағы оқушымен суреттерінді алмасындар. Сурет мазмұнына сай сөз тіркесін құрап жазындар. *Ұлғи:* суға түстік, досыммен бардым.

Тапсырманың мақсаты:

- оқушылардың қиялын, ой-өрісін дамыту;
- қиялындағы нәрсені көзіне елестету арқылы, шығармашылық қабілетін дамыту;
- ана тілінің сурет өнерімен байланысын көрсету;
- есте сақтау қабілетін дамыту, сурет бойынша тірек сөздерді анықтауға, сөз тіркесін дұрыс құрастыруға үйрету.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- сабакқа ынтасы артты, сурет мазмұны бойынша тірек сөздерді анықтап үйренди;
- сурет бойынша сөз тіркесін дұрыс құрап үйренді;
- есте сақтау қабілеті дамыды.

ЖАЗЫЛЫМ.

Топтық жұмыс. Топтағы оқушылардың суреттеріне сай құрастырылған сөз тіркестерін пайдаланып, баяндау мәтінін қурандар.

Мениң жазғы демалысым қызықты өтті. Мен құрбым Алуамен бірге аквапаркке бардым. Аквапаркте балаларға арналған ойын түрлері көп. Біз суға түстік. Мен жақсы жүземін. Алу да жақсы жүзеді. Судан шығып, күнге қызыдырындық. Күн ыстық болды. Тәтті сусын іштік.

Тапсырманың мақсаты:

- сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құрауға үйрету;
- сөйлемдердің мазмұнын бір бірімен байланыстырып, жүйелі мәтін құрастыруға дағдыландыру;
- сауатты жазу дағдыларын дамыту;
- топта жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- сурет бойынша сөйлем, мәтін құрауға дағдыланды;
- топта жұмыс жасау дағдылары дамыды.

ТІЛДЕСІМ

Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырып, диалог құрындар. *Ұлғі*:

- Сен жазғы демалысты қайда өткіздің?
-
- Сендердің ауылдарың жайлауға қай кезде көшіп келді?
-
- Жайлаудың аты қандай?
-
- Онда кімдермен кездестіңдер? Балалардың бәрін танисың ба?
-
- Қозы бағып жүргенде не істедіңдер?
-
- Жазғы демалысың қалай өтті?
-

Тапсырманың мақсаты:

- оқушыларды мәтін мазмұнын меңгеруге жетелеу;
- сұрақтарды дұрыс ұйымдастыра алуға жетелеу;
- тілін дамыту, тілдесім дағдыларын жетілдіру.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырып үйренді;
- бір-бірімен сөйлесу, сұрақ беріп, жауап тындау мәдениті дамыды.

«Етістік» тақырыбында сөз тіркесі туралы білімдерін кеңейту мақсатында жүргізілген сабак үлгісі.

Сабактың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі


Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, сабакқа қажетті құрал-жабдықтарды даярлау, қағаз, қалам. Оқушылардың зейінін сабакқа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау

Үйге берілген 6 жаттығу тексеріледі, алдыңғы сабакта өткен етістіктің ережелерін сұралады.

Әр кезеңді орындау барысында оқушыларға түрлі-түсті дәңгелекшелер беріледі. Көк түсті дәңгелекше – 5, жасыл – 4, сары – 3 - ті білдіреді.

III. Жаңа сабақ




Сурет 4

Болымды етістік іс-әрекеттің жүзеге асуын білдіреді. Мысалы: құл, жаз, кел.

Болымсыз етістік болымды етістікке – **ма**, - **ме**, - **ба**, - **бе**, - **па**, - **пе** жүрнақтары арқылы жасалып, іс - әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіреді. Мысалы: **ерінбे**, **бұзба**, **жұлма**.

Кітаппен жұмыс. 37 – жаттығу. 176 бет.

Етістіктерге тиісті жүрнақтарды қосып оқы. Олар қандай етістіктер екенін айт.



Сурет 5

IV. Жаңа сабакты қортындылау: Ребусты дұрыс шешсең, мақал шығады.



Бұл ребустың жауабы:
Малыңа сүйенбе, Арыңа сүйен.

Сурет 6

1-жаттығу. Берілген тірек сөз тіркестерін пайдаланып, жағдаят ойлаңдар.
Жағдаяттың жоспарын жасаңдар. Диалог құрындар.
Дүкенде, алу, бару, сату, сұрау.

2-жаттығу. Берілген сөздердің тіркесім талаптарын анықтап, жақшаны ашып, сөз тіркесін құрандар. Жақшадан неліктен сол жүрнақты таңдағандарынды түсіндіріндер.

1. Дүкен ... (бару, алу, сату, ашу, жабу).
2. Нан ... (жеу, жабу, сату, алу).
3. Кітап... оқ... (-тан, -пен, -сыз, -у, -ған).

3-жаттығу. Мәтіннен болымды және болымсыз етістіктерді табындар.
Төмендегі кестені толтырындар.

KY3 КЕЛБЕТИ

Ел жайлаудан қайтты. Шоғыр-шоғыр қалың мал жай қозғалады.
Беталысы - қоңырқай көкжиек. Ат үстіндегі кісілердің әңгімесі солжайлыш.
Ұзын кекілді кербез куренің үстінде шалқая отырган қарт сөзді маза бермей келе жатқан бөгелектерге бұрды.

-Дегенмен бөгелектер ат жалынан асқан жоқ, биылғы қыс жайлыш болар,- деп еді, шоқша сақалды қарт қостай жөнелді.

-Иә, өрмекшінің торы да бұталардың төменгі сабағына керіліпті. Бұл да жақсылықтың нышаны...

-Енді жылқы шайнап тастай ма, тастамай ма, соны да қадағалау керек,- деп қостады әкем.

-Жеген шебін илеп тастаса, онда шөптің уытты болғаны. Қыстың жүғымсыз белгісі осыдан байқалады.

Көш тау етегіне еңкейгенде қыз-бозбалалар сылдырап ақсан бұлаққа бұрылды. Сол тұста қарақат, мойыл мөлдіреп, қызыл-сары долана моншақтай тізіліп тұр. Таңқурай мен бұлдірген уылжиды.

Біз бұлақ жақтан дүркірей шауып жотаға шыққанымызда ымырт үйірілген еді. Күздің кешкі қоңыр самалы мандайды шымырлатады. Қураған шөптің, отырықшы ауылдың өзгеше иісі танауды жыбырлатады. Жол үстінде келе жатқан біз Үркердің туғанын көріп, қуандық. Өйткені жүлдyzға қарап маусымның сипатын болжайды. Тұнге қарай қой күзеттік, үйықтамадық. Таң алдында жарқырап туған Шолпанды көрдік. Әдеттегіден биіктеп, шақырайып тұрса-қыс қатты болады дейді.

Күзеуге келген соң күзем қырқылды. Жұн сабап, киіз басу басталды. Ауылда бұл думанды әрекет. Эйелдер әндептіп отырып сабаумен жұн сабайды. Біз: «Қой басты, қой басты» деп, киіз тебеміз. Сол кезде төбеден тыраулап тырналар өтеді. Қыздар: «Келесі көктемге дейін сау болындар» деп, қайтқан құстарға қолбұлғайды. Біз жайдақ атқа міне салып, бір белді асырып салып қайтамыз. Бел астындағы егіс даласынан тракторлар тізбегі көрінеді. Ел-ырысы-алтын дәннің алдағы қамын жасап жүр.

Күз маусымы қарқынды еңбекпен, думанды қызықпен өтіп жатыр.

Сөз тіркестері	Болымды етістік	Болымсыз етістік

V. Үйге тапсырма:

180 беттегі 53 - жаттығу. Болымды, болымсыз етістіктің ережесін жаттап келу.

Бағалау

Көк, жасыл, сары, түсті дөңгелекше арқылы оқушылардың білімін бағалау.

Жаттығудың мақсаты – зейін қоя білуге үйрету арқылы оқушылардың тілін дамыту және адами құндылықты бағалай білуге тәрбиелеу.

Жаттығудың тиімділігі – жаттығуды орындау арқылы оқушылардың сөздік қоры мен тілін дамытуға, мәтін түрлерін ажыратып білуге мүмкіндік туады.

Жаттығу нәтижесінде – оқушы өзіндік пікірін, көзқарасын, айтар ойын ашық, анық жеткізуге дағдыланады.

Бастауыш сыныпта сөз тіркесін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында дайындалған тапсырмалар қатысым әдісі негізінде жүйеленді.

Бұл тапсырмаларда екі оқушы жұп болып, үш-төрт оқушы топ болып, өзара қарым-қатынасқа түсіп, мұғалімнің бағыт беруімен ортақ мақсатқа жетуде өзара бірлесіп жұмыс жасайды. Тапсырмаларда сөз тіркесі туралы ұфым беріліп қана қоймай, олардың сөйленістегі қызметіне, практикалық жағына көп мән берілді. Сөйлем құрауға негіз болатын сөз тіркесінің ішкі байланысы мен мәні, ойды жеткізу барысындағы байланысу жолдары, қолданылу амалдары, сөйлеуде алатын орны үнемі назарға алынып отырды.

Тұлғаның дайын күйінде алған білімнен гөрі өздігінен ізденіп, белсенді әрекет ету нәтижесінде алған білімі жадта ұзақ сақталатыны белгілі. Оған Конфуцийдің «Естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, қолмен істегенімді меңгеремін» деген сөздері тірек етіп алынды. Ізденісті талап етпей дайын күйінде берілген білім жаттау, қайталау, есте сақтау дәрежесінде қалса, өздігінен іздену арқылы алынған білім Блум таксономиясының барлық деңгейіндегі әрекеттердің дамуын жүзеге асырады. Яғни оқушы жаңа білімді түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейіне дейін көтеріледі. Сөз тіркесін оқытуда оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру оқу үдерісінде мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеп, әр сабак сайын тапсырмаларды оқушының ойына, танымдық, әлеуметтік мотивтеріне қозғау салатындағы детальдармен толықтыруын, оқытудың жаңа әдістерін қолдануын қажет етеді.

Педагогикалық қарым-қатынас – білім беру үдерісіндегі оқу, тәрбие, тұлғалық-дамытушылық міндеттерді мұғалім мен оқушының бірлесіп шешуіне бағытталған қарым-қатынас жүйесі. Оқу әдебиеттерінде педагогикалық қарым-қатынастың үш түрі кездеседі: авторитарлық, демократиялық, анахиялық. Авторитарлық қарым-қатынаста оқу-әрекетін үйымдастыруға, сыныптағы әр оқушының әрекетіне қатысты мәселелерді оқытушы өзінің жеке субъективті пікірі түрғысынан шешеді. Мұндай жұмыс стилі бұйыру не болмаса шектен тыс қамқорлық жасау формасында жүріп, оқыту әрекетінің нәтижесін субъективті түрде бағалауга әкеледі. Бұл білім беру философиясының мәні адамды бірден-бір негізгі құндылық деп танып отырған бүгінгі күні болашақ ұрпақ тәрбиесін басқа арнаға бұратын қауіпті мәселе. Ресей ғалымы А.Тубельский «Демократически воспитанный человек — это не тот, который делает то, чего хочет, а тот, который может сам ставить себе границы. Границы хорошего и плохого, границы поведения в разных ситуациях, границы между знанием и незнанием» - деп, демократиялық бағыттың еркінсу емес, керісінше, жаман мен жақсының, білімділік пен білімсіздіктің ара жігін аша алатын адам тәрбиесімен бірлікте қарайды. Білім берудің авторитарлық формасы тұлғаға ғана емес, оның

тәндырыштың қабілеттеріне әсер ететін болғандықтан, білім үшін деген қағиданының үстем болуын дәріптейді.

Анархиялық стильде педагог оқу-әрекетіне толыққанды қатыспай, өз қызметін формальды түрде атқаратындықтан, сабакқа дайындалуға көніл бөлмей, оқушыға салғырт қарайды. Мектеп өміріне, оқушының білім алуды мен тәрбие ісіне толыққанды араласпайды, жанашырлық білдірмейді.

Аталған қарым-қатынас түрінің екеуінде де педагог пен оқушының қарым-қатынасында сенімсіздік пайда болып, мұғалімнің үстемдігі басым болады.

Білім алушыларды педагогикалық үдерістің толыққанды субъектісі деп танитын ынтымақтастыққа құрылған демократиялық стиль түрінде педагог оқушының тұлғалық-эмоционалдық дамуына жіті көніл бөледі. Оқу үдерісіне қатысты шешім шығаруда оқушылардың көзқарасымен санаңып, олардың алға қойған мақсатына, мүмкіндігі мен жетістігіне, қажеттілігіне түсіністікпен қарайтын педагогтың көрсеткіштері өз әріптеріне қарағанда төмендеу болуды мүмкін. Алайда, мұғалім мен оқушының арасындағы өзара сенімге құрылған әлеуметтік-педагогикалық ахуал оқушылардың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай туғызады. Жоғарыда аталған педагогтің жұмыс істеу тәсілдері күнделікті оқу үдерісінде аралас жүреді. Оқушылардың өзін-өзі дамытуына, оқуға ынтасын ашуына мұғалімнің жұмыс стилімен қоса сабакта әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдануды да әсер ететіні сөзсіз. Ондай әдістердің бірі –интербелсенде әдістер.

Интербелсенде әдіс – оқушыны қалыпты оқу жағдайынан шығаратын, тұлғаға бағдарланған білім беру идеясымен толықтай үндесетін заманауи әдіс.

Интербелсенде оқыту әдісінің мақсаты:

1. Орта қалыптастыру тұрғысынан:

- оқушының қазақ тілі сабағында менгерген білік-дағдылары мен жетістіктері өз әрекеттерінің жемісі екендігін сезіндіру;
- қазақ тілі сабағында оқушылардың бір-бірімен еркін пікір алмасуына, шығармашылық орта қалыптастыруға мүмкіндік тудыру;
- білімді дайын күйінде ұсынбай, бағыт беру арқылы өздерін іздендіру.

2. Әрекетке үйрету тұрғысынан:

- қажетті білім, білік, дағдыны өзінің ізденуі, әрекеттенуі нәтижесінде қол жеткізетіндігіне көздерін жеткізу;
- оқушылардың өздігінен белсенде әрекет етуіне қолайлы жағдай жасап, білімді игеру әрекеттерін ұйымдастыру;

3. Өмірмен байланыс орнатуда білімді игеру үдерісін ұйымдастыру жолдары:

- барлық оқушылардың бірлескен таным үдерісіне белсенде араласуына жол ашу;
- әр оқушын өз тәжірибесін ортага салып, сыйыптастарымен бірлесіп талқылауға, ой бөлісуге, пікірлесуге мүмкіндік жасау;
- өз білімдерін өздерді жинақтап, құрастыра алғатындей орта қалыптастыру.

Интербелсенді әдістің мақсаттарын жүйелеуден байқағанымыздай, бұл әдістің негізіне тұлғаға бағдарлап білім беру идеясы салынған. Бұл әдісте оқушының қандай нәтиже көрсетуінен ғері сол нәтижеге жету барысындағы жасаған әрекеттері маңызды. Сондықтан біз өз жұмысымында сөз тіркесін оқытуда оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруды интербелсенді әдісті тиімді деп саналып, тапсырмалар жүйесі дайындауға көніл бөлінді.

Интерактивті тапсырмалар жүйесін жеке-жеке сөз тіркестері мен сөйлемдер түрінде емес, біртұтас мәтіннің төнірегінде ұйымдастырып, сөйлесім әрекетінің түрлерін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім әрекеттерін кешенді қамту көзделді. Себебі қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру сөйлесім әрекетінің түрлеріне арналған тапсырмаларды кешенді түрде жүйелі орындау барысында ғана қалыптастаратыны ескерілді.

СӨЗ ТІРКЕСІ Мәтін: ҚҰЛЫН

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Ана grammansы шешіндер. Интерактивті тақтаға төмендегі сөздер жазылады (сөз, сөйлем, сөз тіркесі).

Сұрақ ой шақыру мақсатында жалпы сыныпқа арналады.




Сурет 7

ОҚЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің ерекшелігін ашатын сөздерді анықтап, ретімен жазындар.

Тапсырма жалпы сыныпқа арналып, сонында тексеріледі. Интерактивті тақтаға төмендегі сөйлемдер жазылады.



Сурет 8

Тапсырмалардың мақсаты:

- сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің бір-бірінен айырмашылықтарын түсіндіру;
- жартылай дайын жауапты ортаға тастап, оқушылардың өздеріне шешім шығарту;
- оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушы:

- сөз, сөз тіркесі және сөйлемнің бір-бірінен айырмашылықтарын түсінеді;
- идеялардың басын біріктіріп, айтылған ойларды жүйелеп, тиянақтап айтады.

АЙТЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тақтада не жазылған? Тақтаға сөйлем жазылады.

Диалогтік оқыту тәсілімен берілген сұрақтар жалпы сыныпқа арналады.

Менде **күрен құлын** болды.

Сұрақ: Тақтада не жазылған? (сөйлем) Осы сөйлемді өздерің құрастырган алгоритм бойынша талдандар. (Бұл сөйлемде құлын туралы айтылады; грамматикалық негізі күрен құлын)

Сұрақ: Сөйлем неден тұрады? (сөздерден)

Сұрақ: Осы сөйлемдегі «күрен құлын» сөзіне назар аударындар. Қатар тұрған екі сөзді сөз тіркесі деп айтуға бол ма? (болады)

Сұрақ: Неге? Сөз тіркесі туралы өздерің құрастырган алгоритмді қараңдар. Соны басшылыққа алып, осы сөз тіркесі туралы не айтуға болады?(бұл сөз тіркесінде жай құлын ғана емес, оның қандай екендігі нақтыланады (қандай?) күрен)

Сұрақ: Ондағы басынқы және бағынынқы сөзді анықтап, дәлелдендер. (басынқы - құлын, бағынынқы - күрен. Негізгі сөзден бағынынқы сөзге сұрақ қойылады, құлын → қандай? → күрен. Бағынынқы сөз басынқы сөздің мағынасын нақтылап тұрады)

Сұрақ: Осы сөз тіркесін дәптерлеріңе жазындар және осы сөйлемде тағы қандай сөз тіркесі бар екенін табындар. Сонымен сөз тіркесі деген не екен? (Бір-біріне бағына байланысқан кем дегенде екі толық мағыналы сөздердің тобын сөз тіркесі дейміз)

Тапсырманың мақсаты:

- оқушыларға идея тастап, қорытындыны өздеріне жасату;
- дәйектеп айту дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- идеяларды жинақтап, өздігінен шешім шығарады;
- сөз тіркесінің ерекшеліктерін түсінеді;
- басынқы және бағынынқы сөздерді анықтайды;
- ережені өзі құрастырады, қатысымдық дағдысы дамиды.

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінге ат қойындар.

Менде күрең құлын болды. Ол жабайы құлын болатын. Мен ағамнан үйретіп беруін сұрадым. Ағам келіспей жүрді. Сонда шешем ағама:

- Құлынды үйрету керек. Ахмет қыста жақсы оқыды. Енді өзінің құлынына мінсін, - деді.

Біз құлынды ұстауга бардық. Ағам оның мойнына шалма тастады. Құлын шошына үркіп, арқанды сүйрете шауып кетті. Көп ұзамай ол жылқыга келіп, ағам қайта шалма салды. Енді құлын босанып кете алмады. Ағам ақырындан келіп құлынды жүргендеп, жылдам мініп алды. Құлын секіріп тулай бастады.

Ол ағамды жыққысы келді. Бірақ ағам оның үстінде мықты отырды. Кенеттен құлын шаба жөнелді. Көп ұзамай олар көрінбейкетті. Кешке қарай гана ағам келді. Ауыздықтан құлынның екі езуі қанап кетіпті. Ол түгелдей терге малыныпты. Бірақ ол енді тіптен жуасыған, енді оған мініп алуға болады.

Сендерде құлын бар ма? Сендердің құлындарыңды кім үйреткенін айтыңдар.

M.O.Әуезов

Тапсырманың мақсаты:

- мәтінді зерделей, зерттей оқуға үйрету;
- таныс, таныс емес ақпаратты ажырата алу дағдысын дамыту;
- өзінің білмейтіндерін және не білгісі келетіндерін анықтауға дағдыландыру.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы:

- мәтінді түсініп, байыппен оқиды;
- назары бір жерге шоғырланды;
- сөз тіркесінің ерекшеліктерін түсінді, баянқы және бағыныңды сөздерді анықтады;
- ережені өзі құрастырады, қатысымдық дағдысы дамиды.

ОҚЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтіннен сөз тіркестерін тауып, кестеге жазындар: S+S, Adj+S, Num+S

Кесте 6

1-жұп	2- жұп	3- жұп	4- жұп
S+S	Adj+S	S+V	Num+S
шешем ағама	жабайы құлын	құлынды үйретіп	беруін сұрадым
құлынның езуі	күрең құлын	ағамнан сұрадым	екі езу

Тапсырманың мақсаты: мәтінді тағы бір назар салып оқытып, мәтін ішінен сөз тіркестерін тапқызу. Сөз тіркесі құрамында болатын сөздердердің қандай сөз таптарынан болатынын көрсету.

Тапсырма орындау *нәтижесінде* окушы:


- мәтіннің мазмұнын жете түсінеді;
- сөз тіркесін іздеу нәтижесінде назары тұрақталады;
- байыптылық қасиеті қалыптасады;
- сөз тіркесін құрайтын сөздердің қандай сөз табынан келетінін біледі.

Ескеретін бір мәселе бастауыш сыныптарда моделдеудің алғашқы дағдылары, элементтері ғана беріледі. Ал мектептің негізгі және бейіндік сатыларында бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, оқушының ой қорыту, ой түю дағдыларын дамыту мақсатында қолданылып, сапалы білім нәтижесіне қол жеткізуге он ықпал етеді.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Анықталған сөз тіркестерінің байланысын сыйбамен көрсетіндер. Бағыныңқы, басыңқы сыңарын табындар.

қандай?



жабайы құлын

Тапсырманың *мақсаты*: сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің басыңқы-бағыныңқы сыңарын сұрақ беру арқылы анықтату. Өз ойын жеткізуде тірек сыйбаларды пайдалану дағдысын қалыптастыру.

Тапсырма орындау *нәтижесінде* окушы: сөз тіркесінің басыңқы және бағыныңқы сыңарын сұрақ қойып анықтай алады. Ойды тірек сыйба арқылы жеткізеді.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінде қара қаріппен берілген сөздердің синонимін табындар, оларды пайдаланып сөйлем құрандар.

Өтіндім, көзді ашып жүмганиша, көзден таса болды.

Тапсырманың *мақсаты*: сөздердің мағыналарын сәйкестендіре алуға, синонимдерін табуға, бейнелі сөйлеуге үйрету (тілін дамыту).

Тапсырма орындау *нәтижесінде* окушы: сөздердің синонимдерін табу арқылы сөздік қорлары кеңейіп, оны өзі сөйлегенде (басқа жағдайда) қолдануға дағдыланды.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Сөз тіркесі» тақырыбына синквейн жазындар.

Бірінші жол - бір сөзден тұратын тақырыптың атауы, зат есім

Екінші жол - тақырыпты не затты сипаттайтын екі сын есім

Үшінші жол - автордың көзқарасын білдіретін үш етістік

Төртінші жол - тақырыптың мағынасын ашатын төрт сөз (ой)

Бесінші жол - бірінші сөздің синонимі

1. Сөз тіркесі

2. мағыналы, толық

3. бағынады, байланысады, анықтайды

4. бағына байланысқан екі сөз

5. Сөз тіркесімділігі

Тапсырманың мақсаты: синквейн құрастыру арқылы сөз тіркесінің ерекшеліктерін өздеріне тиянақтату.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы: синквейнді құрастыру нәтижесінде сөз тіркесі ұғымы туралы тиянақты білім қалыптасты.

ТІЛДЕСІМ

9-тапсырма. «Кел, ойланайық» ойыны. Тақтадан сөйлем мен сөз тіркесін оқындар.

Тақтада жазылған:

Мені көктемнің қөңілді тамшылары мен жарқыраған күні қуантады.

қөңілді тамшылары, жарқыраған күні, тамшылары қуантады, күні қуантады.

Сурет 9

Сұрак: Сөз тіркесі аяқталған ойды білдіре ме?

Жауап: Сөз тіркесі аяқталған ойды білдірмейді.

Сұра: Сөз тіркесін сұраулы не бұйрықты мағынада айтуға бола ма?

Жауап: Сөз тіркесі сұраулы не бұйрықты дауыс ырғағымен айтылмайды.

Сұрак: Сөз тіркесі сөйлем құрамына ене ме?

Жауап: Сөз тіркесі сөйлем құрамына енеді.

Сұрак: Сөз тіркесінің құрамындағы екі сөз тең байланыса ма?

Жауап: Сөз тіркесінің құрамындағы екі сөз тең байланыспайды, біріне-бірі бағына байланысады.

Сұрак: Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің мағынасы бола ма?


Жауап: Сөз тіркесіндегі сөздердің толық мағынасы болады.

Тапсырманың мақсаты: ойын түрінде жүргізілген сұрак-жауап әдісі арқылы сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің ерекшеліктерін және олардың бір-бірінен айырмашылығына оқушылардың көздерін жеткізу.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы: оқушылар сөздің, сөз тіркесінің және сөйлемнің ерекшеліктерін мен олардың айырмашылықтарын түсінді, сөз тіркесі туралы білімдерін бекітті.

ЖАЗЫЛЫМ. ТІЛДЕСІМ

10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Диаграмманы толтырындар. Диаграмманы пайдаланып, сөз тіркесінің анықтамасын шығарындар.



Сурет 10

Тапсырманың мақсаты: топта жұмыс істеу арқылы бірінің-білімін бірі толықтыруға жағдай тудыру, алдындағы айтылған түсініктер мен ақпараттарды жинақтап ой қорытуға дағдыландыру. Өз ойларын жүйелі жеткізуге үйрету.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы: сөз тіркесінің ерекшеліктері, құрамы туралы бұған дейін айтылған білімдерін жинақтап, өздері ой қорытты. Ойды сызбаға жүйелеп түсіріп үйренді.

Сөз тіркесін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында жаттығулар жүйесі дайындалды.

Жаттығулар үш бағытта жүйеленді:

- Танымдық - талдау жаттығулар;
- Рефлексиялық жаттығулар
- Ойын жаттығулары

1. **Танымдық - талдау жаттығулары** - теориялық білімді менгертуде жаңа материал туралы оқушылардың негізгі оқу, білік, дағдыларын қалыптастырады. Теориялық білімдерді бекітіп, ізденімдік-зерттеушілік міндеттерді шешеді. Өзіне таныс объекті туралы жан-жақты ақпараттар жинақтайды, тілдік өзгерістерді айқындайды. Танымдық жаттығулар жеке тұлғаның сана сезімін, өмірлік ұстанымдары мен танымын қалыптастырады. Оқушылардың дүниетанымын кеңейтуді мақсат етеді.

1-жаттығу. Берілген сөздердің тіркесім талаптарын анықтап, жақшаны ашып, сөз тіркесін құрандар. Жақшадан неліктен сол журнақты тандағандарында түсіндіріндер.

1. Нұр... жүрек... (-лы, -дай, -пен, -сыз, -тің).
2. Ақ... бет... (соң, дейін, -шыл, -дау, -тен).
3. Кітап... оқ... (-тан, -пен, -сыз, -у, -ған).

2-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріндер. Жауаптарында берілген тірек сөздерді қолданындар.

Жаңуяңда неше жан бар? Сен нені жақсы көресің? Сен нені жақтырмайсың? Кіммен доссың?

3-жаттығу. Берілген сөз тіркестерінің бағыныңқысы мен басыңқысына сұрау қойындар. Екеуінің орнын ауыстырып сөз тіркесін жасандар. қандай өзгерістер пайда болғанын бақылап, сұрау қойып, тұжырымдарынды дәптерге жазындар.

Алтын қасық, қасық алтын, темір жол, тас жол, жылы жүрек.

4-жаттығу. Берілген ситуацияға назар салып, түсініп алындар. Берілген тірек-сөз тіркестерін қосып, осы ситуацияға жоспар құрындар.

Дүкенде, алу, бару, сату, сұрау.

5-жаттығу. Берілген сөз тіркестерінің синонимдерін тауып, қасына жазындар. Олардың мағыналық және тұлғалық айырмашылықтары болса, соларға талдау жасандар.

6-жаттығу. Берілген сөз тіркесіне байланысты мынадай тапсырмалар орынданадар:

- 1) сөз тіркестеріне грамматикалық сипаттама беріндер;
- 2) сөз тіркестерін синонимдерімен ауыстырындар;
- 3) жаңа сөз тіркестеріне грамматикалық сипаттама беріндер;
- 4) сөз тіркестерінің және оларлың синонимдерінің салыстыру барысында ерекше көрінетін белгілерін көрсетіндер.

Қара бала, қара жол, қара жүрек, қара көңіл

7-жаттығу. Берілген бір топ сөз тіркесін түсініп оқып алындар. Осы сөз тіркестеріне қандай мәтіннің тақырыбын атар едіндер?

Алтын қасық, қасық алтын, темір жол, тас жол, жылы жүрек.

8-жаттығу. Мәтіннен мына моделдердегі сөз тіркестерін тауып, оларды бағандап көшіріндер.

1. Adj+S; 2. S+S3. Num+S

9-жаттығу. Берілген сөз тіркесіндегі басыңқы мүшенің жалғауына формасы мен мағынасы бойынша талдау жасандар.

1. Нұр... жүрек... (-лы, -дай, -пен, -сыз, -тін).
2. Ақ... бет... (соң, дейін, -шыл, -дау, -тен).
3. Кітап... оқ... (-тан, -пен, -сыз, -у, -ған).

10-жаттығу. Сын есім формасы сөз тіркесінің қай орнында келеді және неліктен? Мысалдар келтіріндер.

11-жаттығу. Басыңқы орында сын есім келгенде, Қандай процестер жүретініне бақылау жасап, синтез жасандар.

12-жаттығу. Төменде берілген сөз тіркестеріне байланысу тәсілдеріне қарай жіктеу жасандар.

Қара бала, қара жол, қара жүрек, қара көңіл

13-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін байланысу түрлеріне қарай жіктеңдер.

14-жаттығу. S+V моделіндегі сөз тіркесін құрандар. Осы сөз тіркесін қосып, жалаң сөйлем құрандар. Берілген модел мен жалаң сөйлемге салыстыру жасап, тұжырымға келіндер.

15-жаттығу. Берілген сөз тіркестері түрлендіруге, өзгертуге келе ме? Бақылау жасап, әрбір жасалған әрекеттеріне жазбаша сипаттама беріндер.

16-жаттығу. Көп нұктенің орнына өздерің бір етістік тауап, сөз тіркесін құрандар. Неліктен сол сөзді таңдағандарыңа түсінік беріндер.

17-жаттығу. Берілген етістіктерді қосып сөз тіркестерін құрандар. Олармен сөйлем құрастырындар.

18-жаттығу. Берілген таблицаны есімді және етістікті сөз тіркестерімен толықтырындар. Есімді және етістікті сөз тіркестеріне қысқша сипаттама беріндер.

19-жаттығу. Num+S моделіне 12 мысал келтіріндер. Ішінде өзгертуге келетініне бақылау жасап, неліктен өзгерту жасауға болатынын түсіндіріндер.

20-жаттығу. S+S моделіне 12 мысал келтіріндер. Сөз тіркестеріне байланысты мынадай тапсырмалар орындаңдар:

- олардың синонимдерін анықтаңдар;
- оларды Adj+S моделіне өзгертуге болатыны байқап көріндер;
- берілген моделдің мағынасын анықтаңдар.

Мысалы, танымдық талдау жаттығулары қолданылған сабактардан үлгі келтірейік. З - сыныпта «Етістік» тақырыбына жеті сағат берілген. Енді осы сабактарға келейік.

1-жаттығу. Берілген екі бағандағы сөздерді байланыстырып, сөз тіркесін құрандар. Ол сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрандар.

Кесте 7

Сөз	Сөз	Сөз тіркестері
1. Жәнібек	батыр	
2. баса	көктей	
3. қарсы	бірігіп соғысайық	
4. екі	Қол	
5. келе	жатқан	
6. қалың	қолмен	
7. жаугершілік	дәстүр	
8. қалың	Қол	
9. қалың	жонғар	
10. әуелгі	айқас	
11. қарсы	көтеріледі	
12. ойлана	Келіп	
13. жекпе-жекке	шығару	
14. үстем	болып	

2-жаттығу. Берілген әріптерден сөздер құрандар. Ол сөздерді тағы басқа сөздермен тіркестіріп дәптерлеріне жазындар.

А, о, ы, к, е, т, н, ш, п, с, қ.

3-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін оқып шығындар. Оларды мағынасына қарай екі топқа ажыратындар. Эр топқа атау беріндер.

Қалың орман, жақсы бала, көрікті қала, шебер адам, ұзын кісі, ұзын жол, алыс жер, сұлу қыз.

(Екі топты мысалы «Табиғат» және «Адам» деп атауға болады).

4-жаттығу. Берілген сөз тіркестері мен оның төменгі жағында берілген тақырыптардың қайсысы сәйкес екендігін анықтап, дұрыс орнына қойындар.

Қалың орман, жақсы бала, көрікті қала, шебер адам, ұзын кісі, ұзын жол, алыс жер, сұлу қыз.

(Екі топты мысалы «Табиғат» және «Адам» деп атауға болады).

5-жаттығу. Жеміс-жидектерді және олардың түстерін естеріңе түсіріп дәптерге жазындар.

Мысалы: *Қызыл алма, сары қауын т.б.*

6-жаттығу. Берілген үлгі бойынша төмендегі атауларды одан әрі жіктеңдер.

Мысалы: *раушан – ғұл - өсімдік;*

Күшік – ит – үй жануары – жан-жануар.

7-жаттығу. Тексті оқып шығып, мазмұнын әңгімелендер. Алғашқы екі сөйлемдегі бастауыштың қандай сөздермен байланысып тұрғанын сызықпен өрнектеп көрсетіңдер.

Мысалы: *алтын күз.*

Ел жайлаудан қайтты. Шоғыр-шоғыр қалың мал жәй қозғалады.

Беталысы-қоңырқай көкжиек. Ат үстіндегі кіслердің әңгімесі солжайлы. Ұзын кекілді кербез қүренің үстінде шалқая отырған қарт сөзді маза бермей келе жатқан бөгелектерге бұрды.

-Дегенмен бөгелектер ат жалынан асқан жоқ, биылғы қыс жайлы болар,- деп еді, шоқша сақалды қарт қостай жөнелді.

-Иә, өрмекшінің торы да бұталардың төменгі сабағына керіліпті. Бұл да жақсылықтың нышаны...

-Енді жылқы шайнап тастай ма, тастамай ма, соны да қадағалау керек,-деп қостады әкем.

-Жеген шебін илеп тастаса, онда шөптің уытты болғаны. Қыстың жүғымсыз белгісі осыдан байқалады. Көш тау етегіне еңкейгенде қызбозбалалар сылдырап аққан бұлаққа бұрылды. Сол тұста қарақат, мойыл мөлдіреп, қызыл-сары долана моншақтай тізіліп тұр. Таңқурай мен бұлдірген уылжиды. Біз бұлақ жақтан дүркірей шауып жотаға шыққанымызда ымырт үйірілген еді. Күздің кешкі қоңыр самалы мандайды шымырлатады. Қураған шөптің, отырықшы ауылдың өзгеше іісі танауды жыбырлатады. Жол үстінде келе жатқан біз Үркердің туғанын көріп, қуандық. Өйткені жүлдізға қарап маусымның сипатын болжайды. Тұнге қарай қой күзеттік, ұйықтамадық. Таң алдында жарқырап туған Шолпанды көрдік. Әдеттегіден биіктеп, шақырайып тұрса-қыс қатты болады дейді.

Күзеуге келген соң күзем қырқылды. Жұн сабап, киіз басу басталды. Ауылда бұл думанды әрекет. Әйелдер әндеп отырып сабаумен жұн сабайды. Біз: «Қой басты, қой басты» деп, киізтебеміз. Сол кезде төбеден тыраулап тырналар өтеді. Қыздар: «Келесі көктемге дейін сау болындар» деп, қайтқан

құстарға қол бұлғайды. Біз жайдақ атқа міне салып, бір белді асырып салып қайтамыз. Бел астындағы егіс даласынан тракторлар тізбегі көрінеді. Ел-ырысы-алтын дәннің алдағы қамын жасап жүр. Күз маусымы қарқынды еңбекпен, думанды қызықпен өтіп жатыр.

8-жаттығу. Төменде берілген сөздерге түсініктеме беріндер.

Қыс, көктем, жаз, күз.



Сурет 11

9-жаттығу. Берілген таблицаға қажетті сөз тіркестерін толтырындар.

Үйдис-аяқтар	Оқу құралдары	Киім-кешектер

10-жаттығу. Берілген өлеңнің соңғы сөздеріне қарай отырып, өлең үйқасын шығарындар:

- барғанда,
- алғанда.
- көріпті,
- қалғанда.

11-жаттығу. Берілген зат есім сөздердің алдына қажетті сан есім сөздерді тіркестіріп жазындар. Сан есім тіркеспейтін сөздер бар ма? Оларға неге тіркеспейді? Ойларынды дәлелдендер.

Өзен, көл, жұлдыз, бұлт, жаңбыр, аспан, су.

Қалың орман, жақсы бала, көрікті қала, шебер адам, ұзын кісі, ұзын жол, алыс жер, сұлу қыз.

12-жаттығу. Төменде берілген сөз тіркесінің құрамындағы әрбір сөзді құрамына қарай талдандар.

Қара бала, қара жол, қара жүрек, қара көңіл

13-жаттығу. Төменде берілген екі қатардағы сөздердің өзара мағыналары сәйкес келетіндерінен сөз тіркесін құрастырындар.

Кесте 8

Сөз	Сөз	Сөз тіркестері
1. алтын	Жүрек	
2. жылы	Қасық	
3. темір	Үлкен	
4. ай	Он екі	
5. күн	Жексенбі	
6. әке	Тұған	
7. шеше	Мамыражай	
8. ата	Қария	
9. қалың	Қол	
10. әуелгі	Кезенде	
11. қарсы	Тұру	
12. ойланған	Қарау	
13. жекпе-жекке	Шығу	
14. үстем	Болу	

Жаттығудың мақсаты – оқушыларға тапсырмаларды түрлендіре оқытуарқылы, қызығушылықтарын қалыптастыру.

Жаттығудың тиімділігі – жаттығуды орындау барысында оқушылар етілген тақырыпты менгереді.

Жаттығудың маңызы – оқушы өзінің білімін практикада дұрыс қолдануға дағдыланады.

2. Ойын жаттығулары – Ойын түрінде берілген сөзжұмбактар, метаграммалар, анаграммалар, жұмбақтар оқушылардың өлкे туралы білімін дамытып қоймай, ізденімдік қабілеттерін дамытады, оқушылардың өлкетану материалдарын қызығып орындауына, қызығушылықтарын артыруға арналды. Ойын түрінде берілген түрлі жаттығулардан құралған сөзжұмбактар, метаграммалар, анаграммалар, жұмбақтар оқушылардың өлкे туралы білімін дамытып қоймай, сонымен қатар олардың ізденімдік қабілеттерін де нығайтады. Оқушылар мәтінді жалғастыруға, өлең құрастыруға, өз пікірін айтып, дәлелдеуге, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуге үйренеді. «Қазақ тілі» сабактарында ойын жаттығуларын қолдануда сөз тіркестері арқылы

оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруда төмендегідей мақсаттар қойылды:

1. Оқушыларды сөз тіркестері деректерінен ақпараттар білуге қызықтыру;
2. Оқушылардың ойын жаттығулары арқылы тілін, сөздік қорын дамыту;
3. Сөз тіркестері деректерінен менгерген дағдылары мен біліктерін пәнаралиқ байланыстарда, сыныптан тыс жұмыстарда орынды пайдалануға мишиқтандыру;
4. Оқушылардың ізденімдік қабілеттерін дамыту.


Мысалы, Тіл дамыту сағатында ойын жаттығулары қолданылды:

Көлденеңінен:

1. Қызылорда облысының ауданы....
2. Бұл дүниеде адамға туған тілі, туған жері -
3. Асан Қайғыға халық арасында берілген есім....
4. Халық арасында күйлері кең тараған күйші...
5. Қызылорда облысындағы теңіздің атауы....
6. Ғарыш айлағының атауы....
7. Ертедегі әйел патша....
8. Кен орны....
9. Сыр елінде орналасқан ертедегі қала...

Tігінен

Облыс атауы...



«Сиқырлы шаршы» ойыны

Шығыс шынары
Тарих беттері
Тәуелсіздік- елдігім
Шығыс шынары – 30

20	30	40
20	30	40
20	30	40

- *Жергілікті жерде өсемтін шөптерді атаңдар-* (жалбыз, жусан, адыраспан)
 - Шығыс шынары – 20
 - *Төл тәңгеміздің дизайнның жасауышы ? (Ағымсал Дүзелханов)*
 - Шығыс шынары – 40
 - «Халқымнан айналайын еркелеткен», *деп үнемі ризашылығын айтатын қанаарман әнші? (Роза Багланова)*
 - Тарих беттері – 20
 - *Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен жерлес батырларымызды ата?*
(Нази Илисов, Жәлел Қизатов, Үрмаш Тұктібаев, Счастнов Владимир Михайлович)
 - Тарих беттері – 30
 - Ұлы жеңістің 65 жылдығына орай жерлес батырларымыз туралы көп мәліметтер жинадық. Қәне, кім айтады?*
(жерлес батырларымыздың ерліктері туралы 3-4 бала жауап берді)
 - Тарих беттері – 40
 - *Fani Mұратбаев кім? (Бұкіл қазақ жастарын ұйымдастыруышы, комсомол)*
 - Тәуелсіздік елдігім – 40
 - *Н.Ә.Назарбаевтың қандай сәті бейнеленген? Сайдтан көрсету-* (Ант беру, ұлықтау сәті)
 - Тәуелсіздік елдігім – 30
 - *Қазақстан өзінің тәуелсіздігін қай жылды алды? (1991 жыл)*
 - Тәуелсіздік елдігім – 20
 - *Біздің тілегіміз? (Бейбітшилік)*
 - Үйге сөзжұмбақ құрастыруға тапсырма берілді.

Ойын жаттығулары қолданылған сабак үлгісі.

Ойын мақсаты: Оқушылардың дыбыстар жөнінде білімін бекіту.

Ойын ұзақтығы: 5 минут

Ойын кезеңдері: Ойын бір кезеңнен тұрады.

Ойын ережесі: Оқушылар төмендегі көп нұктенің орнына дыбыстарды жазып, сөз жазады.

Ойынның тиімділігі: Оқушылардың сөздердің мағыналарын түсіну дағдылары жетіледі.

«Жоғалған әріп» ойыны.

...ор,лық,ота, та....а, ... оран,ол.

Ойын мақсаты: Оқушылар буындардан сөз құрайды, осы арқылы олардың сөздердің мағыналарын түсіну дағдылары дамиды.

Ойын ұзақтығы: 5 минут

Ойын кезеңдері: Ойын бір кезеңнен тұрады.

Ойын ережесі: Оқушылар төмендегі буындардан сөз жазады.

Ойынның тиімділігі: Оқушылардың сөздердің мағыналарын түсіну дағдылары жетіледі.

Тақырыбы:

Құрамында «Б б» әрпі бар сөз тіркестері

Сабактың мақсаты: Оқушыларға «Бб» әрпі бар сөз тіркестерін әр түрлі формада оқытып, үйрету, түсінік беру.

Сабак түрі: Арасас сабак

Әдісі: көрнекілік, сөзжұмбақ.

Пәнаралық байланыс: Қоршаған орта т.б.

Қолданылатын технология: деңгейлеп оқыту технологиясы.

Сабак барысы:

I Алғашқы ұйымдастыру бөлімі:

- Сәлеметсіндер ме, балалар!?

Балалар, бүгін біз «Бб» әрпінен жасалған сөз тіркестерімен жұмыс істейміз. Келіндер, бәріміз үй тапсырмасын талдайық.

II Үй тапсырмасын қайталау.

1. Жаттығуларды тексеру, талдау.

2. Жаңылтпаштарды қайталау.

3. Өткен сабактағы «Әә»-ден келетін сөз тіркестерін талдап шығу.

III Жаңа сабак

Бүгінгі таңдаған әрпіміз: «Бб». Яғни, бұл сабакта да «Бб»-дан келетін сөз тіркесін құрау үшін әртүрлі жаттығулар мен ойындар орындаймыз.

Балалар, «Бб» дыбысымен сендерді таныстыратын болсам, «Бб»-дыбысы шүғыл, ұяң, ерін дауыссызы. «Бб» дыбысы әліпбиде 3-орында тұрады. Қане, бәріміз бірге алфавитті еске түсірейік.

I Кім көп біледі?

1. «Бб» дыбысынан басталатын сөздерді теріп жазып, мысал келтіру.

2. Білгішбектің хаты.

– Балалар, біз Білгішбектен хат алдың. Ол өзенге барып, балық аулапты.

Жинаған балықтарының атында «Бб» дыбысы бар екен. Ол сендерден көмек сұрайды. Қандай балықтар екенін айтып жіберейік.

(бекіре, табан, алабұға, камбала....)

Ұқастық

Балық (салық, халық)

Бала (дала, сала, қала, шала)

Баға (саға, жаға, таға, қоға, қарға)

II Әңгіме жүргізу.

– Сенің атың кім? (Бақыт)

– Нешінші сыныпта оқисың? (бірінші, бесінші)

– Сен қайда бардың? (базарға, баққа)

– Сен не сатып алдың? (балық, банан)

– Неше банан алдың? (бір, бес)

– Бүгін аптаның қай күні? (бейсенбі)

– Өскенде кім болғың келеді? (биші, бухгалтер)

Яғни, балаларға осы сұрақтарды қойып, жауап бергенде тек «Бб»-дан келетін сөз тіркестермен жауап беру керек екендігін айттылады.

Ал, енді «Әріп және сөз» ойынын ойнайық.

Жоғалған әріп.

...ор,лық,ота, та...а, ... оран,ол.

Бұындық лото.


Бұындардан сөз құра: ба, бұ, бо, ран, қа, та, рік, лық, нан.

(жауабы: балық, бота, берік, боран, бақа, банан, бұқа, таба, балық, бұта).

Артық сөзді тап:

1. Бар, бор, баш, бос, бес, бет. (жауабы: артық сөз баш, себебі ондай сөз жок)
2. Бір, бала, шыбық, қала. (жауабы: артық сөз қала, себебі, сөз жок)
3. сөзді соңынан оқы: тықаб. (жауабы: бақыт)

III Сөзді тап: «Бостандық» ойыны.



1. Балалардың жақсы көретіні....

2. Ертегідегі нан.

3. Ін қазып өмір сүретін тышқан түрі

4. Суда тіршілік етеді

5. Адамға қонады...

Сөзден тер. Бауырсақ

(жауабы: бауыр, ау, ая, ар, ара, қас, бақ, ауа, ауыр, ақ, ас, аса, қар, сак, қуыр, рас, сау...)

Яғни, бұл «бауырсақ» деген сөзден кім көп сөз тіркестерін құраса, сол ең тапқыр деп есептелінеді.

IV Енді, осы «Бб»-дан келетін «бауырсақ» сөзінен келетін «Бауырсақ» ертегісін оқимыз.

Содан кейін сендермен осы ертегі бойынша көріністі ұйымдастырайық. Кімнің сөзінде «б» дыбысы бар сөз тіркестері жиі қолданылса, сол жеңімпаз болады.

Сабакты бекіту.

«Бб» әрпінен келетін сөз тіркестерін қайталау. Бестік тапсырмалар.

Багалау. Үйге тапсырма беру.

Сабақтың тақырыбы: Мәтін

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Мәтін туралы берілген түсінікті кеңейту, мәтіндегі азат жолдың рөлін байқату, мәтінге сөйлем қосып толықтыру, тақырып бойынша мәтін құрастыра білуге үйрету.

Дамытушылығы: Оқушылардың тілін дамыту, грамматикалық сауаттылығын арттыру, байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру, сөздік қорын молайту.

Тәрбиелігі: Сауатты сөйлеуге, әдемі көркем жазуға, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақты өткізу әдісі: Ойын

Сабақтың көрнекілігі: Оқулық, сюжетті суреттер, тест сұрақтары, перфокарталар, ребус.

Сабақтың түрі: Арапас сабак.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- Балалар, бүгін сендер күндеңіден де көркемсіндер! Сендерді әдемі етіп тұрған үстілеріңе киген ұлттық киімдерің.

- Бізде қазір қай сабақ? Сендер ақын, жазушылардың қазақ тілі, яғни біздің ана тіліміз туралы жазған өлеңдерін білесіндер ме? (2-3 оқушыға айтқызу)

– Ана тілін ұмытса, Анасына қарар ма? Ел дәстүрін жоғалтса, еліне жақын болар ма?- демекші, бүгін мен сендерге ұлттық киім киіп келулерінді тапсырғаным -өз ұлттымызды қадірлеп қастерлеп, тілімізді ардақтап, осы қазақ халқының бір перзенті екендіктерінді сезінсін дегенім. Сонымен, қазір қазақ тілі сабағы.

2. Ұй жұмысын сұрау:

– Үйге қандай тапсырма берілді? «Мениң Отаным – Қазақстан» тақырыбына әңгіме құрастырып келдіндер ме? (оқушылардың жұмысын тындау, бағалау, мадақтау.)

3. Жаңа сабак.

- Балалар, менің әңгімеме құлақ түріндер.

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде қазақ тілі жерінде, 4 сынып елінде бір қария өмір сүріпті. Ол қарияның атын білу үшін мына ребусты шешіндер.

– Олай болса, біздің бүгінгі тақырыбымыз да мәтін деп аталады. Біз бүгін мәтін тақырыбына шолу жасаймыз, білімімізді тереңдетеміз.

Осы, мәтін қарттың үш ұлы болыпты. Олардың аттары кім деп ойлайсындар? (Әңгімелуеу, Пайымдау, Сипаттау)

Күндердің күнінде Мәтін қария балаларын шақырып:

- «Қарақтарым, менің төрімнен көрім жақын. Талапты азамат ертенгі күнін бүгін ойлар болар. Бір апта мұрсат беремін. Жан-жақты аралап, әрқайсысың

жаныңа сүйеніш, өміріңе азық болар зат әкеліндер»-депті. Үлдары уәделі күні сапардан оралыпты.

- Қане, олжаларыңды көрсетіндер, - дейді сонда әкесі. Үлкен ұлы сапарының барысында керметтей еш нәрсеге қол жетпегенін айтады. Бірақ сапарының барысында бір Бақытжан деген баламен танысқанын айтады. Бақытжан деген баланы 97- жаттығудан оқып-білуге болады дейді.

Сөзінің соңында: «Ағаш тамырымен, адам досымен мықты», - дейді ғой әке, мен өзіме теңдесі жоқ дос таптым. Мен де, Бақытжан сияқты еңбеккор боламын, содан асқан бақыт жоқ, -депті.

97 - жаттығуды оқиды, тапсырмамен танысады. Мәтін бойынша сұраптарға жауап береді.

Мәтін ақсақал үлкен ұлына бас изеп ризалығын білдіріп, екінші ұлына қарап, ал, сен не дейсің?-депті. Сонда Сипаттау өзінің сапарында бір «Қаз» деген құсты ұстағанын айтады. Әлгі құсты жаны ашып босатып жібергенін баяндайды. Ол құс туралы 102-жаттығудан оқып білулеріңізге болады. сөзінің соңында: «Құстар біздің досымыз. әлемді екі нәрсе сақтай алады, ол сұлулық пен жанашырлық» - депті. Ал, мен адап еңбек етіп, жеріме, елме деген үлесімді қосамын деп сендіргім келеді әке, -депті.

– Кәне, «Сипаттау» мәтініне осындағы жігер беріп, жақсы сезімге бөлекен құсы туралы оқып көрейік.(102- жаттығу)

Әкесі екінші ұлының жауабына риза болып, үшінші қарап, «сен не таптың?- дейді.

Сонда үшінші ұлы «Пайымдау» сапарының барысында кереметке қолы жетпегені жөнінде айтады. Шаршап, шалдығып келе жатқанында жыбырлап жүрген құмырсқаға жолыққанын мәлімдейді. Еңбек етуді құмырсқадан үйрену керек, өйткені, құмырсқа еңбеккор жәндік. Өз салмағынан он есе ауырды көтереді. «Еңбек түбі береке» -дейді. Құмырсқа сияқты адап еңбек етіп, тыным таппай жұмыс жасап, еңбегімнен жеміс көрсем, міне бақыт деген осы емес пе? – деп жауап береді.

– Осы құмырқа туралы әңгімені мәтіннің қай түріне жатқызуға болады?

Неліктен? Ал , сендер қалай ойлайсыңдар, адам бақыты үшін не қажет? Осы құмырсқа туралы әңгімеге қосар ойларың бар ма?

Әкесі үлдарының жауабына тән риза болып, егерде, көз жұматындағы күн туза, ешнәрсеге аландамай, сапарға аттанатындығы жөнінде мәлімдеді. Өзінің бүкіл жинаған мүлігін, байлығын теңдей үш ұлына бөліп берді.

4. Сабакты бекіту.

– Сонымен, балалар, біз ертегінің барысында қандай тақырыпқа шолу жасадық? Мәтін дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар?

Тест арқылы білімдерін тексеру

1. Неліктен? Сұрағына мәтіннің қай түрі жауап береді?

А) сипаттау Б) пайымдау С) әңгімелуу

2. «Қарбыз дөңгелек, доп сияқты. Сырты ала, іші қып-қызыл. өзі өте дәмді, сұлу жеміс». Бұл сөйлемдер мәтіннің қай түріне жатады?

А) әңгімелуеу Б) сипаттау С) пайымдау

3. Не істеді? Сұрағына мәтіннің қай түрі жауап береді?

А) әңгімелуеу Б) сипаттау С) пайымдау

4. «Мен төртніші сыныпта оқимын. Мениң сыныптастарым ақылды, мейірімді жандар. Мен оларды сыйлаймын. Өйткені олар да мені сыйлайды және қол ұшын беруге тырысады». Бұл сөйлемдер мәтіннің қай түріне жатады?

А) әңгімелуеу Б) сипаттау С) пайымдау

Тірек-сызба арқылы оқушылардың түсініктерін тиянақтап, сұрақ-жауап әдісімен қорытынды жасалынады.


Ойын мақсаты: Оқушылардың синоним сөздер туралы білімін бекіту.

Ойын ұзақтығы: 5 минут

Ойын кезеңдері: Ойын бір кезеңнен тұрады.

Ойын ережесі: Қ-дан Ж-ға дейінгі әріптерді сызықпен қосып, қайықшыны теңізге шығарып, отілген әріптерді еске түсіріп, рет-ретімен жылдам топ командалары жағалауға бірінші болып жету.

Ойынның тиімділігі: Оқушылардың сөздердің мағыналарын түсіну дағдылары жетіледі.



Сурет 12

«Адасқан дыбыс» ойыны

Салыстыру: Нұктелер санын анықтап, тиісті әріптерді ретімен орнату.

A	A	L	M	E	J	T	I	A	A	R	J
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

5. **Бағалау.** Сабакта белсенді атсалысқан оқушыларды бағалау, мадақтау.

Ойын жаттығуының мақсаты – оқушының туған өлкеге туралы білімін дамыту, қатысымдық дағдысын қалыптастырады.

Ойын жаттығуының тиімділігі – оқушылардың ізденімдік, тапқырлық біліктерінің дамуына мүмкіндік туғызады.

Ойын жаттығуының маңызы – оқушының лексикалық қорын молайтады.

3. **Рефлексиялық жаттығулар** – сөйлемде берілген ойды тілдік құралдарды пайдалану арқылы түзету дағдысы қалыптасады. Сөйлемдерді дұрыс құрастыру, үйқасы бұзылған өлеңдерді өндөуге, сөздерді дұрыс қолдануға үйренеді. Оқушылардың мәтінде берілген түрлі жағдаятта дұрыс шешім қабылдау қабілетін қалыптастырып, продуктивті ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Сонымен қатар, өлкетану деректері арқылы құрастырылған рефлексиялық жаттығулар оқушыларды үнемі өз ой-тұжырымын дәлелдеуге, дұрыс шешім қабылдауда талдау, жинақтау, ойлау әрекеттерін жүзеге асырады.

Оқушылар бойында мемлекеттік стандартта көрсетілген құзыреттіліктері қалыптасады. Рефлексиялық жаттығуларды қолдануда төмендегідей мақсаттар қойылды:

1. Саяхат бойынша арнайы және қосымша сұрақтарға жауап беру;
- 2 Оқиғаның нешінші жақта айтылғанын ұғындыру;
3. Оқылған мәтіннен артық сөздерді алғызу;
4. Мазмұнын ашуды дұрыс және бұрыс сұрақтар беру;
5. Арнайы жазылмаған сөздерді орындарына қойғызу;
6. Мәтінге жоспар құруды үрету.

Тақырыбы: Сөйлем мүшелері. 14-21-жаттығу

Білімділік мақсаты: Жергілікті жерге саяхат жасай отырып, жергілікті жердің құндылықтарын, тарихи ескерткіштерін таныстырып, жаттығуларды орындау.

Дамытушылық мақсаты: Түрлі мәліметтер арқылы баланың танымдық, ойлау, сөйлеу және қызығу қабілеттерін арттыру. Шығармашылық жұмыс жасау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік мақсаты: Ел тарихын білуге, сауаттылыққа, белсенділікке тәрбиелеу.

Типі: Саяхат сабак.

Көрнекілігі: Жергілікті жер тарихи ескерткіштер суреті (Жанқожа батыр кесенесі, Бегім ана мазары, F. Мұратбаев музейі).

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

«Елес жетелеу» әдісі арқылы баланың қиялын дамытуға әсер ететін сазды әуен ойналады. Осы сазды әуен арқылы балаларға бүгін қиялмен өзіміздің жергілікті жеріміздегі тарихи ескерткіштерге жету үшін түрлі сипаттағы тапсырмаларды орындап, ескерткіштермен танысатынымыз хабарланады.

Берілген тапсырма «Біздің жердегі тарихи ескерткіштер». Балалар көздерін жұмып әуенде тыңдайды (2-3 минут), мұғалім саяхат мақсатына сай сұрақтар беріп, окушы іштей сұрақтарға жауап беріп, мазмұнды ашады. Музыка тоқтаған соң көздерін ашып не көргендерін өз қиялдары бойынша ойларын жүйелеп жазады, ауызша әнгімелейді. Оны суретпен сипаттауға да болады.


- Балалар, өзіміз тұратын аймақтағы қандай тарихи ескерткіштер көз алдарыңа келді?

- Жанқожа батыр кесенесі, F. Мұратбаев музейі, Жанкент шаһары т.б.

- Ескерткіштерді көруге ойша бара жатқанда қандай тарихи жерлерді, орындарды көрдіңдер?

- Ескі шаһарды, Баға кесенесін, ұзақ жолдарды көрдік.

- Енді осы Қазалы аймағындағы тарихи орындарға баратын жол картасын жасап алайық.



Сурет 13

Саяхатымызды жалғастыру үшін өлеңді түсініп оқу, өлеңдегі әрбір сөзге сұрақ қою және үйқастырына сай тармақтарды өз орындарына қоютапсырмасы берілді.

Талай ісін көпке үлгі етіпти, жсан еңбекпенен бірге Өмірі өтіпти.

Уш жыл жүріп Куба Кенішбай елінде, үйреніпти Күрішті егу жайлы.

(М.Әміреев)

Жанқожа батыр кесенесіне келіп жеттік.

Ал, енді, № 91 F. Мұратбаев мектебіне бару мақсатында 15 – жастығуды орындаїық. Мәтінді көширіп жаз. Сөз үстіне сұрақтар қойып жаз. Шекарашилар күзетте тұрады. Олар еліміздің шекарасын қорғайды. Шекарашилар ер жүрек батырлар. (кімдер?, қайда?, не істейді? т.б. сұрақтар қойылады).

Ғ. Мұратбаев мектебіне келіп жеттік.

Көпес Ғанибай Құлжанов Қазалы қаласында орыс-қазақ мектебін ашиған. F.Мұратбаев осы орыс-қазақ мектебінде білім алған. Ғанидың оқыған сыныбымен отырған партасы сақталған.

Келесі аялдама Ғ. Мұратбаев мұражайы. Бұл жолдың тапсырмасы -Екі сөзден жасалған бір ойды білдіретін сөздердің астын сыз, ережесін есіне түсіру.

Ұрпақтары тарихи мұраларды ұлықтайды. Ғани Мұратбаев Мәскеуде оқыды. Туган жерімізде киелі жерлер көп. Дұлдул әнишілер дүниеге келген - өлке. Окушылар Мұратбаев, мұражай сөздерін тауып, екі сөзден құралған біріккен сөздер екенін айтты.

Бұл тапсырманы да сәтті орындалды. «Нұралы» мешітіне келдік.

Қазалы қаласында Совет үкіметіне дейін 5 мешіт болған. Соның бірі өзбектің бай көпесі Миралим салдырған Мірәлім мешіті. Кейін оны бұрмалап, «Нұралы» мешіті атап кеткен.

Саяхатымызды одан әрі жалғастырамыз

. Келесі аялдама «Жанкент шаһары», тапсырма -сөйлемді көшіріп жазу, сөйлем мүшелеріне сұрақ қою.

«Ортаймаған қазаны, Қазыналы Қазалы» кітабы-менің тұған жерімнің тарихы.

Окушылар дәптермен жұмыс жасағаннан кейін сергіту сәті жасалады.

(окушылар саяхаттап бара жатқан автобустың қимылын салады).

Жарайсындар, балалар! «Жанкент»шаһарына жеттік.

Жанкент қаласы - Өркендеу маңында орналасқан тарихи қала. Ол VII-XIV гасырда өмір сүрген сауда – саттық орталығы болған Жанкенттің атағын әлемге паш еткен Қорқыт ата еді. Жанкент шаһарын зерттеу арқылы, қөптеген жәдігерлер табылған.

Шығармашылық тапсырма. Мәтіндегі оқиға нешінші жақтан айтылуда? Бірінші жақта қалай айтылады?

1-жаттығу

Төмендегі ұйқастарды пайдаланып, өлең құрастындар.

1) Ілімді үйретіп, 2) Мектебім-білім ошағы,

Әліппе ұстарттың. Жақсылық бізден тосады.

Жаманнан жирентіп, Үйретіп ілім сырларын,

Білімге ұстарттың. Білімге білім қосады.

2-жаттығу

«Бәйге». Қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру.

- Ана тілі пәнін не үшін оқимыз? (Өткенімізді білу, ақын-жазушылармен, олардың шығармаларымен танысу, білімімізді молайту үшін)

- Бес арысты білесің бе? (Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жұсіпбек)

- Бес асыл іс?(Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым)

- Ұлттымыздың ұлыларын ата (Абай, Шәкәрім, Мұхтар, Қаныш ...)

- Бес дүшпан (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)

- Тіл туралы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, нақылдар.

«Білімізді сыйнаймыз» тест

Жылдам шеш.

1. Шәкәрім кім?

А) ақын Б) жазушы В) саяхатшы Г) суретші Д) барлығы жауабы дұрыс

2. А.Байтұрсынов балаларды неге шақырады?

А) жұмысқа Б) оқуға В) еңбекке Г) қалаға Д) барлығы жауабы дұрыс

3. Мақалды тиісті сөзді қойып аяқта.

Білім – көпке жеткізеді,

... – көкке жеткізеді.

А) еңбек Б) ақыл В) өнер Г) достық Д) барлығы жауабы дұрыс

4. «Білім керек бәріне...» өлеңді кім жазған?

А) А. Байтұрсынов Б) А.Құнанбаев В) Ф. Оңғарсынова Г) М.Жұмабаев Д)
М. Дулатов

5. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қой:

«... – өшпес жарық, кетпес байлық».

А) Байлық Б) Мектеп В) Даналық Г) Достық Д) Өнер

6. А.Байтұрсынов «Оқуға шақыру» өлеңіндегі сөз тіркестерін іздең тауып алайық. Тіркесінің мағынасы қандай?

А) Үйрену, оқу Б) Жоғалған нәрсені табу В) Жоқты іздеу Г) Біреуді іздеу
Д) барлығы жауабы дұрыс

7. Оқу - білім бағдары,

Заманының бағбаны.

Жұмбақтың шешуін тап.

А) Әнші Б) Дәрігер В) Ұстаз Г) Биші Д) Ұшқыш

8. Шайнап берген тамақ ас болмайды, біреудің басы саған бас болмайды деген жолдар қай мәтінде жазған?

А) Ақыл, Ғылым, Бақыт Б) Біздің сиңип В) Оқығанның - көзі ашық

Г) Керемет баға Д) Оқуға құштарлық

9. «Мұздай болат киінген,

Батпен қару үйірген» деген жолдары кім суреттелген?

А) Батыр Б) Жауынгер В) Бала Г) М Ұшқыш Д) Қорқақ

10. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой.

Күш-білімде,

Білім- ...

А) Дәптерде Б) Кітапта В) Даңада Г) Ойында Д) Қаламда

11. Жақсының аты өлмейді

Жазушының хаты өлмейді

А) Жұмбак Б) Мақал В) Жаңылтпаш Г) Нақыл сөздер Д) Өлең

Жаттығудың мақсаты – оқушының сұрақтарға дұрыс беруге үйрету, өз пікірін білдірге дағдыландыру қабілетін дамыту.

Жаттығудың тиімділігі – сұрақтарға жауап беру арқылы оқушының білімі бекиді, ізденімдік, жеке тұлғалық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туады.

Жаттығудың маңызы – оқушы өзіндік пікірін, көзқарасын, айтар ойын ашық, анық жеткізуге дағдыланады.

4. Сөйлеу жаттығулары сөздерді дұрыс пайдалануға және оның мағыналарын түсіне білу дағыларын қалыптастырады. Сөйлеу жаттығулары арқылы салыстыру, мағынаны дәл түсіндіру, ойын толық жеткізу қабілеттеріне ие болады. Мысалы, мына сөз тіркестеріне қарама-қарсы мағыналы сөздер тауып жазындар:

астықты өңір— еңбеккер қауым—
қазыналы өлке— лай су—

Бастауыш сыныптарда сөз тіркестері деректерін оқытуда қолданылатын жұмыстар жүйесі кешенді түрде, бір-бірімен тығыз байланыста берілсе, сабактың нәтижелігі арта түседі. Мұндай мәтіндер оқушылардың туған өлкеге деген сезімдерін дамытып, олардың азаматтық, елжандылық қасиеттерін нағайтады.

ТІЛДЕСІМ

«Мұғалім мен оқушы» ойыны.

Оқушы сабакқа кешігіп келді. Ол есікті ашар-ашпас мұғаліммен амандасады.

Оқушы: Сәлем бердік.

Мұғалім: Сәлеметсің бе, Фани. Сен үлкен адамдармен, құрбықұрдастарыңмен сәлемдесу әдебін білесің бе?

Оқушы: Барлығыңа да сәлем бердік деп айту қажет. Бұл менің сәлем бергенімді, амандақсанымды білдіріп тұр.

Мұғалім: Сәлем бердік деп барлығына бірдей айта беруге болмайды.

Оқушы: Енді қалай айту қажет?

Мұғалім: Дұрыс сәлемдесу – мәдениеттің бастауы. Амандасу арқылы адамның мәдениеті байқалады. Үлкен адамдарға, аталарға «Ассалаумагаллейкум» деп амандақсан жарасады. Әжелермен «Аман-есенсіз бе», «Бақуат жұрсіз бе» деп сәлемдескен орынды.

Оқушы: Өзімнің құрдастарыммен қалай амандасуым керек?

Мұғалім: Өзінің достарыңмен жаңағы сен айтқан «Сәлем бердік» не «Сәлем» деп амандасса жарасады. Өзінен үлкендермен «Сәлеметсіз бе» деп сәлемедес.

Оқушы: Мен сәлемдесудің осынша түрі бар екенін білмедім. Апай, сіз жынды түсіндірдіңіз.

Мұғалім: Қалай түсіндірдім.

Оқушы: Жынды түсіндірдіңіз, яғни зор, күшті түсіндірдіңіз деген ғой.

Мұғалім: Бұл сөзді қайдан алдың?

Оқушы: Балалардың бәрі айтып жүр ғой.

Мұғалім: Балалар, сөйлеген сөздерінде кірме, жаргон, диалект сөздерді кірістіру мәдениетілікке жатпайды. Қазақ тілінде жатық, таза сөйлеу қажет. Сол кезде сөзің түсінікті, ойың анық жеткізіледі. Әдептілік амандасудан, сөйлеген сөздеріңнен басталады. Сондықтан сөйлер сөздерінді ойланып сөйлендер. Түсіндіндер ме?

Оқушылар: Түсіндік.

Мысалы, мұғалім оқушыларға мынадай мазмұнда мәтінді тақтаға жазады:

ОҚЫЛЫМ

«Бұлақ»

Біздің ауылдың маңында бұлақ ағып жатыр. Бұлақтың суы лас, лай. Бұлақ бірнеше жылдан бері қараусыз қалған. Жан – жағына шөптер өсіп кеткен. Бұлақтың суын ауыл тұрғындары пайдаланбайды.

Мұғалім мәтінді оқып, оқушыларға мынадай проблеманы шешуді ұсынды.

Шешілетін проблема: Бұлақтың суы қандай болуы керек.

Оқушылар проблеманы шешуге топ болып кірісті. Әрбір топ өздерінің көзқарастарын ортаға салды.

Бірінші топтың оқушылары мынадай мазмұнда мәтін құрастырды:

Біздің ауылдың маңында бұлақ бар. Бұлақтың суы мөлдір, таза болуы керек. Ауыл адамдары бұлақты үнемі күтіп, таза ұстайды.

Екінші топтың оқушылары: Бұлақты үнемі тазалау қажет. Сонда оның суы таза болады. Бұлақтың суымен адамдар шөлін қандырады.

Үшінші топтың оқушылары: Бұлақ көрсөн – көзін аш деген бар. Балалар, үлкендер үнемі бұлақты тазалап ұстасуы керек. Бұлақтың суы қыста жылы, жазда салқын болады.

Интерактивті технологиясының ұтымдылығы төмендегідей:

– Балалар өзара пікір таластыруға, өзінің пікірін дәлелдеуге құруға дағдыланды;

– Топ ішінде белсенді тілдік қатынаста болды;

– Проблеманы өздігінен шешуге ұмтылды, шығармашылық жұмыстарды орындауға үйренді;

– Тапсырмада берілген сұрақтарға жауап іздең, өзіндік пікір айтуға дағдыланды;

– Ауызша сөйлеу дағдылары жетіліп, мәтін құратыру біліктері дамыды.

Сабак тақырыбы: Үй жануарлары

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды ауызша сөйлеуге дағдыландыру.

Ертегі кейіпкерлерінің жағымды және жағымсыз іс-эрекеттерін талдауға үйрету.

Көрнекілігі: Жануарлардың суреттері, алмалар, шарлар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру. Оқушыларға мәтінді оқып беру.

«Үндемес ит»

Ерте заманда үй жануарлары түйе, қой, сиыр, жылқы, ит- бәрі бас қосыпты. Түйе тұрып мақтаныпты.

– Менің адам баласыны пайдам шаш-етектен! Көшсе көлікпін. Сүтімнен шұбат жасап іshedі. Жұнімнен неше түрлі киім істеп киеді.

Қой, сиыр, жылқылар да өз қасиеттерін айтып асып-тасады. Бәрі де өстіп шалқып отырғанда, ит тырс етіп үндемей, қалғып-мұлгіп отыра береді. Сонда түйе:

Әй, салпаң құлақ! Неғып аузыңа құм құйылып қалды? Ауыз толтырып айттар ештемен жоқ –ау сірә-дейді. Сол кезде бұл әңгімені қожайындары тыңдал тұрып, бұл ит сендерді күзетпесе қасқыр бәріңнің түбінде жетер еді,- депті.

(Балдырғаннан)

Бұл мәтінді оқып берген соң, оқушыларды рөлге бөліп, бірін сиыр, бірін түйе, бірін жылқы, бірін қой, бірін ит бейнесінде сөйлетеміз.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында сөз тіркестерін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруды педагогикалық, психологиялық, лингвистикалық және тәрбиелік жақтарын өзара бірлікте, сабактастықта жүргізілген сабактар нәтижелі болды.

Бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында сөз тіркестерін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру жүйелі, жоспарлы жүргізді. Қорытынды түйін: сөз тіркестерін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруды дамыта оқыту түрінде жүргізу қажет, себебі дамыта оқыту арқылы оқушылардың белсенділіктері артып, ұйымдастырылған жұмыстар негізінде олардың тұлғалық қабілеттері дамытылады.

2.3 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың технологиясы

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «...Адамзат үшін XXI ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру - бүгінгі жас үрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас үрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында» дегенде ұстаздарға үлкен сенім артады.

Педагогикалық технологиялардың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар – В.М.Монахов («Оқытудың модульдік технологиясы»), Б.Блум («Толық менгеру технологиясы»), П.И.Третьяков, И.Б.Сенновский («Мектептегі оқытудың модульдік технологиясы»), А.В.Талызин, Г.Я.Гальперин («Ойлау қызметінің сатылап қалыптасу теориясы»), Ж.А.Қараев («Педагогическая технология обучения»), М.М.Жанпейісова («Модульдік оқыту» технологиясы). Педагог ғалым В.Г.Беспалько педагогикалық технологиялардың жеке тұлға қалыптастыруды маңызы туралы былай дейді: «Слагаемые педагогической технологий» деген еңбегінде: «Педагогикалық технология негізі – педагогикалық жүйе, ал педагогикалық жүйе – алдын-ала ойластырылып, жасалған жоспар, оның жүзеге асуы, жеке тұлға қалыптастыруға әсер ететін нақты, мақсатты, бағытты тәжірибеде қолданылатын жоба» [150]. Ал педагогикалық технологияға «...есть область исследований теории и практики (в рамках системы образование), имеющая связь для достижения специфических результатов» деп анықтама береді. Педагогикалық технология білім, білікті менгеруге тиімді, мұғалім мен оқушылардың біріккен әрекетін жүзеге асыруына иекінді болуы шарт.

Бұгінгі күні Джордж Соростың ашық қоғам институты «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген «сын тұрғысынан ойлауды, оқу және жазу арқылы дамыту» (С.Мирсейітова) технологиясы педагогикалық қауымдастық тарапынан қолдау тауып, білім беру үдерісінде кеңінен қолданыладу.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыларды өз сөзін негіздеп, жеке тәжірибесінен қорытынды жасау, басқа адамдардың идеясына сынни баға беру, өз қателіктерін мойындалап, өзіне, іс-әрекетіне сынни қарауға, сын қабылдауға ашық болуға тәрбиелейді. Қазақ тілі сабактарында сөз тіркесін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары қолданылады.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымының төмендегідей өзіне тән ерекшеліктері бар:

1. Сыни ойлау өзіндік пікірді білдіреді және оған даралық тән. Бұл тұлғаның айтылған идеяға баға беруін білдіреді.
2. Ақпаратты менгеру сынни ойлаудың нәтижесі емес, енді ғана басталғанын білдіреді.
3. Сыни ойлау сұрақ қоюдан, шешімін табуы тиіс мәселені анықтаудан басталады.
4. Сыни ойлау бұлтартпайтын дәлелдемені қажет етеді. Келтірілген дәлелдеме қабылданып, бекітілуі тиіс.
5. Полilog, дискуссия, қарсы пікір айту кездерінде үнемі сынни ойлау болады.
6. Сыни ойлау тұлғаның өзі үшін мәнді болып табылатын жағдаяттарда, өзінің мақсаты мен қажеттілігін анықтау барысында іске асады.

Оқушылар жаңа ақпаратпен танысқанда ой жүгіртіп, оған сынни көкараспен қарай алулары тиіс. Сонымен қатар оқушы ақпарат пен идеяны өздігінен бағалай алып, қажет болғанда өз пайдасына жарата алуы керек. Оқушылар

ақпараттың құндылығы мен дәлдігіне қатысты тұжырым шығара отырып, жаңа идеяға түрлі көзқарастар тұрғысынан келуі, яғни өз мәссаңдары мен қажеттілігі негізінде идеяның жалпы құндылығын анықтай алуы тиіс.

Оқушылардың сынни ойлаудың бастау болатын бірнеше шарттарды атауға болады:

- сынни ойлау тәжірибесін жинақтауда жағдай жасап, уақыт беру қажет;
- оқушылардың ойланудың мүмкіндік жасау керек;
- түрлі идеялар мен пікірлермен танысуға мүмкіндік жасау керек;
- кез-келген пікірдің айта алатынан, пікір айтқаны үшін сынға ұшырамайтынан көздерін жеткізу керек;
- оқушыларға сұрақ беруге көмектесу керек;
- белсенді пікірталас ұйымдастыруға көмектесу;
- рефлексияны жандандыру;
- әр оқушының сынни пайымдай алатынан сенім білдіру;
- оқушыларды басқа адамдардың пікірін сыйлауға үйрету.

Бұл талаптардың жүзеге асуы үшін әр орқушы бірнеше ойлау әрекеттерін іске асыруы тиіс: талдау, суреттеу, салыстыру, қолдамайтынан не болмаса қолдамайтынан дәйектей алуы, оларды өмірлік жағдаяттарды шешуде қолдана алуы керек.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы сынни пікірді, қатынастарды, мінездік машиның қалыптастыруды. Бұл технология, әсіресе, бастаудың мектеп оқушыларына мәтіндерді сөз тіркестеріне талдау жасауда сабак үстінде еркіндік беруімен құнды. Сабакта оқушылар бір-бірімен тығыз танымдық, қатысымдық байланысқа түсіп, белсенді іс-әрекеттер жасап, өтілген материалдарды және алдарында тұрған тапсырмаларды ұжым болып шешеді, бірін-бірі оқытады, үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ішінен, әсіресе, «**Синектика**» және «**Ой шақыру / Ойға шабуыл**» стратегияларының қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруда тиімді екені тәжірибе барысында дәлелденді.

Синектика әдісі бойынша оқушылар белгілі бір кейіпкер немесе зат орнына өзін қойып әңгімелейді. Оқушылар өздерін сол кейіпкерге сұрақтар қойып немесе кейіпкер атынан сөйлей алады. Сонымен қатар бұл әдіс арқылы балалардың тілі дамып, метафориялық, бейнелі сөйлеуді жетіліп, қиялы өркендейді. Жалпы синектика (ағыл. *Synectics*- ұқсатамын) – Дж. Гордонның 1961 жылы ойлап тапқан психологиялық тұрғыдан шығармашылықты дамытатын әдіс. Қазақ тілі сабактарында синектика әдісін тиімді қолданып жүрген Ж.Дәулетбекова синектика әдісі туралы мынадай ой қорытындылайды: «Белсенді оқыту әдістері сыныпты танымдық әрекетке тұтас жұмылдыратын оқу үрдісін ұйымдастыруға жол ашады. Мысалы, оқушы белсенділігін арттыратын, олардың шығармашылық, талдау қабілеттерін жетілдіретін әдістердің ішінде синектиканың тиімділігі ерекше. Оның тиімділігі оқушылардың ізденіс жұмыстарын жеке де, бірлесіп те жүргізуінен, эмоциялық-бейнелі, метафоралық ұқсастықтарды бірге талқылаудың көрінеді. Тікелей аналогиялар қолданылады, атап айтқанда: бір текстес тапсырмаларды

шешудегі жеке және эмпатикалық ұқсастықтар, символикалық ұқсастықтар, фантастикалық ұқсастықтар ұсынылады» [138, б. 36]. Г.Л.Лэндрет: «Синектика—окушылардың интуитивтік-бейнелі, метафоралық ойлау қабілетіне сүйене отырып жүргізілетін оқу-ізденімдік және ұжымдық-шығармашылық түрғыда әрекет ету және ұқсас жағдайларда әр қылыш элементтерді біріктіру әдісі», – деп, синектика әдісінің тиімділігіне назар аударады [139, б. 43].

Синектика әдісі арқылы оқушылар жансызды жаны барға айналдыруы, жаны барды жансызға айналдырады. Бұл тікелей аналогия болып есептеледі. Сонымен қатар Д.Цезеранидің көрсетуі бойынша, синектиканың өзіндік мынадай тәсілдері бар:

– «При прямой аналогии рассматриваемый объект сравнивается с более или менее похожим аналогичным объектом в природе или технике. Например, для усовершенствования процесса окраски мебели применение прямой аналогии состоит в том, чтобы рассмотреть, как окрашены минералы, цветы, птицы и.т.п. или как окрашивают бумагу, киноплёнки и.т.п.

– **Символическая аналогия** требует в парадоксальной форме сформулировать фразу, буквально в двух словах отражающую суть явления. Например, при решении задачи, связанной с мрамором, найдено словосочетание «радужное постоянство», так как отшлифованный мрамор (кроме белого) — весь в ярких узорах, напоминающих радугу, но все эти узоры постоянны.

– При **фантастической аналогии** необходимо представить фантастические средства или персонажи, выполняющие то, что требуется по условиям задачи. Например, хотелось бы, чтобы дорога существовала там, где её касаются колёса автомобиля.

– **Личная аналогия (эмпатия)** позволяет представить себя тем предметом или частью предмета, о котором идёт речь в задаче. В примере с окраской мебели можно вообразить себя белой вороной, которая хочет окраситься. Или, если совершенствуется зубчатая передача, то представить себя шестерней, которая крутится вокруг своей оси, подставляя бока соседней шестерне» [140, с. 87].

Мысалы, «Арал теңізі атынан сөйлеу» тақырыбында синектика әдісінің фантастикалық тәсілі мынадай жолмен қолданылды:

1-окушы: *Бұгінде Мен, Арал теңізі, апатты аймақ, республика шеңберінен шығып, бүкіл ғаламдық проблемаға айналдым. Сондықтан «Экологиялық апат аймағы» деп жарияландым. Қазір мені құтқару үшін біршама шаралар орындалуда. Мені құтқару жөніндеgi халықаралық конференциялар арқылы апатқа ұшыраган теңіз төңірегінде тіршілік ететін миллиондаған адамдардың тағдырына ортақ маңызды мәселеге бүкіл дүниежүзінің назары аударылды. Мен қазір бұрынғыдай суалып бара жатқан жоқтын. Бірақ сұымның үштен бірі аспанга бу болып ұшып жатыр.*

Оқушы Арал теңізі атынан сөйлеп болғаннан кейін сұрақтар беріліп, оған жауаптар қайтарылды.

- Сіз неге апатты аймаққа айналдыңыз?
- Менің суымды мақта, егін суарамын деп ысырапсыз пайдаланған кейін апатты аймаққа айналдым.
- Қазір сізде «Барсакелмес» аралы бар ма?
- «Барсакелмес» аралы қазір жағалаумен жалғасып, тұбекке айналған.
- Суыңыз неге тұзды?
- Менен тұз өнімі алынады.
- Қазір сізде балықтар бар ма?
- Бар, камбала балығы арнайы тәжірибе арқылы көбейтілуде.
- Жағалаудағы жұрт немен күн көреді?
- Балық аулаумен, тұз кенин өндірумен.
- Суыныз неге азайып қалды?
- Маған келіп құятын Сырдария және Амудария өзендерінен су аз келгеннен кейін суалып қалды, бірақ бүгінде Кіші Арал суымен толуға жақындал келемін.

Оқушылармен «Мен тақтамын», «Ағаштар неге сарғаяды», «Кітаптармен сұқбат» тақырыптарындағы тапсырмалар бойынша әңгімелер жүргізді.

«Ойға шабуыл» стратегиясы. Қазақ тілінен теориялық материалды игерту кезінде де, оқушыларға арнайы шығармашылық жұмыстарды орындауда пайдаланылады. «Ойға шабуыл» әдісі бойынша оқушылардың пікірлері дұрыс немесе бұрыс деп бағаланбайды. «Ойға шабуыл», («дельфи» әдісі) – 1930 жылы Алекс Осборнның қалаған әдісі, бұл әдіс – берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негізdemе немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек.

«Ойға шабуыл» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін бір тақырып немесе сұрақ беру.
2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.
3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).
4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қайталану және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп айту керек.

«Ойға шабуыл» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «Ойға шабуыл» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау

- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптең жинау;
- дәрісханалардың дайындығы мен хабарландырылуын анықтау.

Мұнда оқушының жауаптарының мол болуына назар аударылады. Бұл әдісті жүзеге асыруда тасырма оқылып, оқушыларға талдауға уақыт беріледі. Мысалы, «Бейбарыс» мәтінін аламыз.

Сын тұрғысы технологиясы бойынша жүргізілген сабак үш кезеңнен тұрады:

1. Ой шақыру кезеңі;
2. Мағынаны тану кезеңі;
3. Рефлексия кезеңі.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША жүргізілген сабактың «ОЙ ШАҚЫРУ» КЕЗЕҢІ

ТЫҢДАЛЫМ. ТІЛДЕСІМ

Жалпы сыныпқа сұрақ беріледі.

1. Бейбарыс деген кім?
2. Ол туралы не білесіндер?
3. Ол қайда өмір сүрген?


Оқушылар стикер жапсыру арқылы Бейбарыс туралы білетінін/білмейтінін көрсетеді. Білетін оқушылардың жауаптары тыңдалады.

Кесте 9

Оқушы аты-жөні	Білемін	Есітідім/ Көрдім	Көп білген жоқпын	Білмеймін
Асыл	Бейбарыс туралы көркем фильм көрген			
Алуа			Аты есінде бар, бірақ нақты ақпарат айта алмайды	
Темірлан		Радиодан Бейбарыс туралы ақпарат естіген		
Зере				Бейбарыс туралы мүлде естімеген

АЙТЫЛЫМ. ЖАЗЫЛЫМ

Мұғалім тақтаға диаграмма сыйады. Бейбарыс туралы айттылған ақпараттарды оқушылармен бірлесе отырып, тірек сыйбаға түсіреді. Онымен барлық сынып танысады.



Сурет 14

ТЫНДАЛЫМ. ТІЛДЕСІМ

Жалпы сыныпқа сұрақ беріледі.

1. Қандай сөз тіркестері пайда болды?

2. Олардың басыңқы және бағыныңқы сыңары қайсысы?

Оқушылар ауызша жауап береді. Екі оқушы тақтада талдайды.

Бейбарыс туралы толық ақпарат алу үшін мәтінмен танысу талап етіледі.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША жүргізілген сабактың МАҒЫНАНЫ ТАНУ КЕЗЕҢІ

ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Жеке жұмыс. Мәтінді оқындар, ат қойындар. Мәтіндегі жаңа ақпаратты «+» белгісімен, білетін ақпаратты «v» белгісімен, білмейтін ақпаратты «-» белгісімен, білгілерің келетін ақпаратты «?» белгісімен белгілеңдер.

Оқушылар жұпқа бөлініп ИНСЕРТ әдісімен мәтінді оқып, талқылады.

Казақ өңірінде дүниеге келген тарихи тұлғалардың бірегейі - Бейбарыс. Оны көп деректерде «қыпшақ» деп те атайды.

Бейбарыстың әкесінің аты - Жұмақ, шешесінің аты - Эйек. Ол екеуінен тараған бес ұлдың бірі, ханның баласы сол кездегі маңғолдардың шапқыншилығында тұтқынга түсіп құлдыққа сатылғаны - Бейбарыс.

Бейбарыс құлдықтан құтылып, сұлтандық таққа отырады. Бейбарыс басқарған кезде Мысырда ислам діні орнығып, үлкен әділдік, ауызбіршілік, қайырымдылық орнаған. Мысыр халқы оны әлі күнге дейін сүйіспенішілікпен құрмет тұтады.

Ол шайқаста жау наизасынан, не оғынан мерт болған жсан емес, бірақ Бейбарысқа адап болған, ант су ішкен қыпшақ мәмлүгі Қалауын дейтін жендет оған у беріп, содан өлген екен.

Бейбарыстың ұлдары Саид пен Ахмет те осындаи зымияндықпен қаза тапқан. Бейбарыстың сүйегі Дамаскіде Бабраль Барид зиратында жерленген.

Тапсырманың мақсаты:

- мәтіндегі негізгі ойын анықтату үшін мәтінмен жеке жұмыс жасату;
- мәтінге белгі қоя отырып оку арқылы мазмұнды түсінуге ықпал ету;
- автормен және кейіпкермен диалогке түсуге көмектесу.

Тапсырманың нәтижесі:

- белгілеп оку нәтижесінде оқушылар өз ойларын жинақтап үйренді;
- бірнеше тұжырым шығарып, оны баяндап айту арқылы сөз тіркесін, сөйлемді байланыстырып айту негізінде қатысымдық құралып отырды.

Кей жағдайларда мәтінді белгілеп оку нәтижесінде «Білемін», «Білгім келеді», «Жаңа нәрсе білдім», «Сұрақтар» деген кесте құрастырылып отырды. Оны әр оқушы жеке толтырды.

Сыни ойлау жүйесіне сәйкес мәтін алдын ала бірнеше ой бөлігіне бөлініп оқуға ұсынылды. Оқушылар өз бөліктерімен танысқан соң, оку доғарылды. Олар ойлауын белсенділендіретін бірнеше сұраққа жауап берулері талап етілді. Сұрақтар әр түрлі болды. Мысалы: кейіпкер неге өз еліне қайтып келмеді? Ары қарай не істейді? деген секілді сұрақтар.

Барлық оқушы мәтінді оқып, белгі қойған соң мәтін бойынша өз ойын жинақтап, одан бірнеше тұжырым шығару және кестені толтыру үшін біраз уақыт берілді. Оқушылар жүпқа, топқа бөлініп қарсы пікірлерді ескере отырып, жалпы ортақ пікір білдірді. Оқушылар мәтінді оку негізінде пайда болған тұжырымдар мен қорытындыларды салыстырды.

ТІЛДЕСІМ

2-тапсырма. Ұжымдық жұмыс. Оқушылардың билетін, білмейтін ақпараттары мен білгісі келетіндері анықталған соң, оқушыларға «Бейбарыс Сұлтаны не үшін құрметтейміз?» атты сұрақ берілді. Пікірталас ұйымдастырылады.

Айда: *Мен Бейбарысты ержүректілігі үшін құрметтеймін.*

Айдос: *Мен Бейбарысты құрметтемеймін, себебі, оның қазақ халқына пайдасы тимеген.*

Марат: *Мен айдостың пікірімен келіспеймін, Бейбарыс Сұлтан өз елінен алыста жүрсе де, өзінің ата дәстүрін ұмытпаған. Оған дәлел мұсылман дінін мысыр еліне насхаттаған.*

Арайлым: *Мен Бейбарыс Сұлтанды қыншилықты көтергені үшін құрметтеймін. т.с.с.*

Оқушылардың жауаптары түрлі болды. Олардың жауаптары сыналмайды. Мұғалім оқушылардың жауаптарының бұрыстығына мән бермейді.

ТІЛДЕСІМ

3-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінде айтылған ойға оқушылар тараپынан сыни баға беру үшін Эдвард де Боно әзірлеген «Ойшыл қалпақтар» стратегиясы қолданылады. «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойныны. 6 оқушыдан топтасып, 6 түсті қалпақты киеді. Сұрақтарға жауап беріп, пікірталас ұйымдастырады.

Берілген сұрақтарға өз ойларын айтады. Қалпақты алмастырып, ойынды қайта жалғастырады.

Кесте 10 - Қалпақтардың қызметі мен сұрақ нұсқалары

	Қалпақтардың қызметі	Жауаптардың нұсқасы
	Қажетті ақпаратқа назар аудару үшін пайдаланылады.	Бейбарыс деген кім болған?
	Айқындық пен өмірге сеніммен қарауды бейнелейді. Яғни артықшылығын айтады.	Бейбарысты не үшін құрметтейміз? Қазақ халқына тигізген пайдасы бар ма?
	Неліктен кейбір тетіктердің дұрыс еместігін бағалайды. Жаман әдет не кемшиліктер туралы айтады.	Не себепті Бейбарысты құрметтеуге лайық емес деп ойлайсың?
	Сезімді (эмоция), болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.	Бейбарыстан ұлғі алуға бола ма?
	Айтылған ойдың қайсысы ұнаганын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойға қалай қарайсың?
	Ойлау үдерісін бақылау және қорытындылау: айтылған ойдың оқиғаға қатысын айтады.	Бейбарыс туралы қандай ой айтуға болады?

Кесте 11 - Оқушылардың жауаптары

	Қалпақ киген оқушылар жауап беретін сұрақтар	Сұрақтарға берілетін жауаптар нұсқасы
	Бейбарыс деген кім болған?	Маңғол шапқыншылығы кезінде жауқолына түсіп, Мысыр елінде өмір сүрген қазақ батыры.
	Бейбарысты не үшін құрметтейміз? Қазақ халқына тигізген пайдасы бар ма?	Ол жат елде өсіп, тәрбиеленсе де өзінің қазақ екенін ұмытпаған. Мысырды басқарған кезінде ислам дінін орнатқан.
	Не себепті Бейбарысты құрметтеуге лайық емес деп ойлайсың?..	Ол колына билік тиген соң өз еліне неге оралмаған? Қазақ халқына қызмет жасаған жоқ.
	Бейбарыстан ұлғі алуға бола ма?	Бейбарыс батыр, жаужүрек, әділ болған. Ұлғі алатын нағыз батыр адам.
	Айтылған ойға қалай қарайсың?	Бейбарыс өзге елге өзінің еркінен тыс бала кезінде кеткен. Ол өзінің батыр халықтың ұрпағы екенін дәлелдеп, басқа елді ақылымын, әділдігімен, батырлығымен мойындаған.
	Ойлау үдерісін бақылау және қорытындылау: айтылған ойдың оқиғаға қатысын айтады.	Бейбарыс Сұлтан қазақ ұларының ержүректігінің, ақылдылығының символы.

Алты қалпақты кио арқылы әрбір оқушы бірнеше идея айтады, бір затқа әр қырынан келіп, түрлі пікір айтады. Осылайша оқушылардың сынни ойлауы, сынни пікір айтуы қалыптасады. Тапсырманы орындау барысында оқушылардың өз ойын дәлелдеп, жүйелеп айту арқылы қатысымдық құзыреттілігі дамиды.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жеке жұмыс. Әр қайсысын Мысырда жүрген қазақ батыры Бейбарыс Сұлтанға өз аттарынан хат жазындар.

РАФТ әдісі немесе «КЕЙІПКЕРГЕ ХАТ» стратегиясы қолданылады.

Жұмыстың мақсаты: бүгінгі өткен жаңа мазмұнды оқушы ойында қайта жаңғырту, бекіту, оны басқа жағдайда өзгертіп қолдануға дағыландыру, тілін дамыту.

Жұмыстың нәтижесінде: оқушылар қиялын өрбітіп, өз ойларын қағаз бетіне түсіруге дағыланды. Жаңа сабакты еске түсіріп, қайта ой елегінен өткізді. Жазбаша тіл дамыту жұмысы арқылы қатысымдық құзыреттілігі дамыды.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РЕФЛЕКСИЯ КЕЗЕҢІ

Сабактың бұл кезеңінде мұғалім оқушылардың рефлексиясын (өзін-өзі бағалаудың) ұйымдастырушы болады. Әр оқушы өзіне бірнеше сұрақ қоюы керек.

- Бүгінгі талқыланған проблема туралы не білдім?
- Айтылған идеялардан кейін менің көзқарасым қалай өзгерді?
- Бүгін алынған ақпарат бұрыннан білетіндеріммен қалай қабысады?
- Айтылған проблеманы білгеннен кейін не істей аламын?
- Айтылған проблеманы түсінгеннен кейін не істей аламын?

- Мұғалім рефлексиялық сұрақтар береді:
- Нәтижесінде нені анықтадындар?
- Оқушылардың жауабынан кейін неге олай ойлайтындарын сұрауға болады.

Сабактың соңында оқушылардың өткен материалдың мазмұнын түсінгенін, сабак барысындағы өз жұмысының тиімділігін бағалау үшін жазбаша не ауызша түрде рефлексия жүргізуге болады. Рефлексия жүргізудің түрлері көп. Біз соның 1-2 түрін көрсетуді жөн санадық.

Мен жаңадан не білдім?	Нені түсіндім?	Неге үйрендім? Не жасай аламын?
1.		
2.		

Рефлексия жүргізудің бұл түрін біз осы сабакта қолдандық. Мұнда интерактивті тақтаға бірнеше жауап нұсқалары жазылған слайд көрсетіп, оқушылардың толтыруын не ауызша жауап беруін сұрадық. Әр оқушы 1-2

сөйлемнен таңдап, оны аяқтады. Жұмысты ауызша, дәптерге немесе бір параққа орындауға болатынын ескерттік.

Жауап нұсқалары:

Бүгін мен	білдім.
Маған	қызын болды.
Мен	түсіндім.
Мен	үйрендім.
Мен	жасай алдым.
.....	білген маған қызықты болды.
Мен	таң қалдым.

Рефлексия кезеңінің мақсаты:

- оқушылардың рефлексия жасай алу қабілетін дамыту;
- мақсат пен нәтиженің мазмұнын оларды іске асыру әдістерінен ажыратада алуға үйрету;
- өз әрекетін талдауға және әрекет етуді белсенділіктен айыра алуға үйрету;
- біреудің және өзінің идеясына сынни көзben қарауға үйрету.

Рефлексияның нәтижесінде:

- оқушылар өздігінен жұмыс істеп, өзіне және сынныптастарына сұрақ қойып үйренді;
- өз пікірі мен идеясын тудыруға күш салды, оларды пікірталаста талқылап, негіздеуге тырысты;
- басқалардың пікірін тыңдалап үйренді;
- барлық идеяларды қабылдай бермей, сынни көзben қарауға үйренді;
- ұғымдарды (анықтамаларды емес) талдауға, классификациялауға үйренді.

Сабактың бұл кезеңін дұрыс жүргізу аса маңызды. Көп жағдайда рефлексия «смайліктерді», түрлі түсті стикерлерді, белгілерді тақтаға жапсырту арқылы жүргізіледі. Тіпті кейде мұғалімдер тарарапынан «Сабан сабак ұнады ма?» деген сұрақпен шектелетін кездер де болады. Барлық оқушылар «иә» деп жауап беріп жатады. Осы шын мәнінде рефлексия ма?

Рефлексия – сынныптың тынысын бақылауда таптырмайтын құрал. Олай дейтін себебіміз, сабак барысында оқушыларға не түсінікті болды, не түсініксіз болды, сабакты қай түрғыда жетілдіру керек екендігін зерделеуге мүмкіндік береді. Түптеп келгенде рефлексия бүгінгі педагогикадағы «оқушыға ғылымды үйрету емес, оқуға үйрету» керектігін дәріптейді. Рефлексия оқушыға өзінің алған тәжірибесін жүйелеуге, өзінің қолы жеткен жетістігін басқа оқушылардың жетістігімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, сын түрғысынан ойлау технологиясын дұрыс әрі мақсатты түрде қолдану оқытудың дамытушылық сипаттын арттырады, оқушыларды іздендіруге мол мүмкіндік береді, сынни ойлау дағдысын, өзіндік пікір қалыптастыруға мүмкіндік тудыру арқылы қатысмыдқ құзыреттіліктерін қалыптастырады.

2.4 Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі бойынша эксперимент барысы мен нәтижелері

Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың көкейкесті проблемаларын анықтап, оны шешуде ұсынылған әдістемелік жүйені сыннан өткізу мақсатында эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды. Зерттеу мәселесі бойынша ұйымдастырылған эксперимент жұмыстары бірнеше кезеңге бөлініп жүргізілді. Эксперименттің мақсаты оның әр кезеңдегі өзіндік міндеттері мен ұйымдастырылу ерекшелігіне қарай белгіленді.

Эксперимент жұмысы үш кезеңге бөлініп ұйымдастырылды: бақылау, қалыптастыруши, қорытынды. Жалпы эксперименттің мақсаты бастауыш сыныпта сөз тіркесін оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық біліктіліктерін жетілдіру жолдарын зерттеу, қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін белгілеу, оқу материалдарын жетілдіру мәселелерін айқындау, оны эксперимент жүзінде тексеру болды. Бақылау экспериментінің мақсаты: бастауыш сыныпта сөз тіркесін менгерту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру жайын анықтау; білім беру саласындағы жаңа пардигмаларға қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың жүзеге асу жолдары мен зерттеу жұмысындағы жетекші идеяларды өмірге енгізу дің мүмкіндіктерін айқындау, оқушылардың білім деңгейін тексеру. Осы мақсатқа сай төмендегідей міндеттер белгіленді:

1. Бастауыш сыныпта сөз тіркесі бойынша менгерілуге тиісті білім мазмұнын, көлемін анықтайтын және оны оқып-үйренудің жүйесін жасауға негіз болатын материалдарға талдау жасау;

а) зерттеу тақырыбына қатысты мәселелердің білім стандарты мен оқу бағдарламаларындағы қамтылу жайына шолу жасау;

ә) оқулықтағы теориялық материалдардың берілуі мен әдістемелік аппаратын, құрылымы мен мазмұнын талдай отырып, зерттеу мәселесіне қатысты қорытындылар жасау;

2. Оқу үдерісінде оқушылардың пәнге қызығушылығын, қатысымдық құзыреттілігін деңгейін анықтау үшін қазақ тілі сабактарына қатысу, оқушылармен арнайы әнгіме өткізу, сауламалар тарату.

3. Мұғалімдердің іс-тәжірибелерімен танысу, арнайы әнгіме өткізу, сауламалар таратып, қазақ тілін менгерту үдерісінде оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың мәнін қаншалықты түсінгендігін және оны іске асыру тәжірибелерін сараптау; оқытудағы балалардың жас және психологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сай әдістемелік жұмыстарды жүргізу жолдарымен танысу.

Эксперименттік база ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласындағы М.Жұмабаев атындағы №39, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, А.Усенов ауылы А.Усенов атындағы орта мектеп, Шаға ауылы Молда Мұса атындағы жалпы орта мектеп және Түркістан қаласындағы №19 жалпы орта мектебімен, Абай атындағы №31 жалпы мектептері алынды.

Бақылау эксперименті барысында мұғалімдердің тәжірибелерін талдау негізінде зерттеудің бағыттары нақтыланды. Мектептерде қазақ тілінің оқытылу жайын, ондағы оқушылардың қатысымдық біліктіліктерін дамыту бағытындағы ізденістердің нәтижесін айқындау үшін оқушылар арасында сауалнамалар жүргізілді. Бағдарлама мен оқулықтар қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру түрфысынан сарапталды. Озық тәжірибелі мамандардың сабактарына қатысып, талдау жасалды.

Сауалнамаға жалпы саны 240 оқушы (4-сынып), 45 мұғалім, 32 ата-ана қатыстырылды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінің (76%) ана тілін оқу дегенді тілдің зандылықтары мен ережелерін білу, тілдік талдау түрлерін жасау деп түсінетіні анықталды. Мұндай пікірдің себептерін зерттегенде, ең бірінші, оқулықтың мазмұнында қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға қажетті білік-дағдыларды менгертуге жете мән берілмегенгі деген ой түйілді. Ана тілін оқытуда тілдің табиғатынан туындастын қатысымдық бағыттың ескерілмегендігі оқушылардың қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасусының төмендігіне әсер етеді деген тұжырым жасалды. Оның себептері 12-кестеде анықталды (кесте 12).

Бақылау экспериментінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға кедергі келтіретін объективті және субъективті факторлары анықталды. Сонымен бірге қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді әдістәсілдерін нақтылау мақсатында да сауалнама жүргізілді. Оған 210 оқушы, 40 мұғалім қатыстырылды.

Кесте 12 – Нәтижелік.Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін анықтау сауалнамасының көрсеткіші

Сұрақ	Жауап нұсқалары	Пайыздық көрсеткіш
Ана тілін оқу не үшін қажет ?	Ережелерді жаттау үшін оқимыз.	35%
Қазақ тілі сабағында қандай жұмыстарды көп орындайсындар?	Жаттығулар жазамыз, сөз тіркесін, сөйлем құрастырамыз, тақтада сөйлем талдаймыз.	35%
Қазақстанда қазақ тілінде сөйлеу қажет пе?	“Ия”	61%

Сауалнама нәтижесінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға кедергі келтіретін мынадай факторлар анықталды:

- оқушылардың тілді ережелер мен зандылықтардың жиынтығы деп түсінуі;
- оқу үдерісінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға жете назар аударылмауы;
- ана тілінде таза, жүйелі сөйлеуге қойылатын талаптың әлсіздігі;

– қоғамдағы ізгілікті қатынастар деңгейінің төмендеуі.

Оқу үрдісіне қатысты мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерінің төмендігінің оқыту үдерісімен байланысты себептері мұғалімдердің сабактарына қатысу, олардың күнтізбелік, шығармашылық жұмыс жоспарларымен танысу, тәжірибелі мұғалімдермен пікір алmasу нәтижесінде анықталды. Өкінішке орай, бастауыш сыныптың соңғы жылында жүргізілетін «Оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалауда» көрсеткіш ретінде тілдік білімді бағалауға басымдылық берілуі де оқушыларды грамматикалық ережелерді жаттап алуға мәжбүрлеуде. Ата-аналар да оқушының сейлеу дағдыларының төмен болуының себебін қазақ тілі пәнінде білім мен өмірдің арасындағы байланыстың әлсіздігінен деп санайды. Оқыту үрдісіндегі қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға кері ықпал ететін себептер: мектептік білім жүйесінде қазақ тілінің коммуникативтік мақсатына, яғни қатысымдық дағдыларды менгертуге қажетті әдістемелік жүйенің жеткіліксіздігі; мектеп мұғалімдерінің басым көвшілігінің қазақ тілін оқытуда ережелерді жалаң жаттатып, оның практикалық жағына мән бермей, сөйлеудегі қызметімен байланысты түсіндірмеуінде; оқушылардың қатысымдық құзыреттілілігін қалыптастыру заман талабы екендігін толыққанды түсіне алмай отырғандығы; тілдік білімнің оқушының өмірлік дағдыларына негізделуіне мән берілмеуі; қазақ тілі сабактарында оқушылардың әлеуметтік-қатысымдық дағдыларына негіз қалайтын топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстардың қажетті деңгейде жүргізілмеуі.

Зерттеудің бастапқы кезеңіндегі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, біріншіден, оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін бағыттар анықталды. Екіншіден, әдістемелік еңбектер мен жана бағыттар талданды. Стандартта, оқу бағдарламасында және оқулықта сөз тіркесі бойынша білім мазмұнының берілуіне талдау жасау барысында нормативтік-базалық құжаттар мен оқу-әдістемелік кешендегі жетістіктер мен олқылықтар сараланды. Талдау нәтижесінде, біріншіден, оқушылардың сейлеу қабілеттерінің деңгейіне қойылатын талаптар анықталды. Екіншіден, оқушылардың тілдік дағдыларын қатысымдық құзыреттілікке негіздей отырып жетілдірудің жүйелері анықталды. Үшіншіден, қалыптастыру экспериментін жүргізудің жоспары жасалды. Нәтижесінде: ағымдағы стандарт пен оқу бағдарламаласындағы жаңашылдық сипаттарды білім берудің жаңа үлгісіне сәйкес жетілдіруде, пәндік қолданбалы құзыреттіліктерді жүйелеу барысында өзек етіп алуға толық болатыны анықталды:

– білім стандарты мен оқу бағдарламасындағы басты кемшілік оқытуда тілдің теориялық жағына, жекелеген сөз бен сөз тіркестерін игеруге баса назар аударылып, оқушылардың сейлеу дағдыларын дамытуға аса мән берілмеген;

– стандарттағы сейлеу әрекетіне қойылатын талаптар оқушының сейлеу дағдысына негізделмеген, тілдік білімдерді талап етумен шектелген;

– дайындық деңгейіне қойылатын талаптарда негізінен оқушыны қатысымға жетелеуден гөрі, грамматикалық білімдерді менгеруін талап етеді.

Нәтижесінде: бастауыш мектептердегі қазақ тілін сөз тіркесі негізінде қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың жайы анықталып, болашақ зерттеулерде мынадай мәселелерге көніл аудару қажеттігі негізделді:

- 1) қазақ тілі пәнін оқытудың коммуникативтік бағытын күшейту;
- 2) сөз тіркесін оқыту арқылы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруда сөйлесім әрекетінің түрлерін жүйелі түрде кешенді ұйымдастыру;
- 3) білім стандарттары мен оқу бағдарламаларында оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптарды белгілеуде оқушылардың сөйлеу дағдыларына, қатысымдық құзыреттілігінің қалыптасуына басымдылық беру;
- 4) «Қазақ тілі» пәні бойынша білім жиынтығын түпкі нәтиже ретінде ұсынатын тілдің қатысымдық қызметіне басымдылық беру;
- 5) оқушылардың қызығушылығы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып қатысымға жетелейтін мәтіндерді ендіру;
- 6) қазақ тілін менгерудің нәтижесі қазақ тілінен пәнаралық білімді қалыптастыратындағы бағытта жетілдіруі тиіс;
- 7) болашақ оқулықтар мен оқу құралдарында оқушылардың мұддесі мен заман талабын ескеру, ол үшін қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесін өзек етіп ұстану.


Жаңа кезеңдегі оқыту жүйесіндегі жаңа бағыттардың жүзеге асырылуын анықтау мақсатында мұғалімдердің қатысымдық құзыреттіліктің мәнін түсіну деңгейін, оның пән мақсатымен бірлігін қалай шешетіндігін, оқыту үдерісінде қатысымдық құзыреттілікке қатысты мәселелерді қай бағыттарда пайдаланатынын зерттеу мақсатында арнайы дайындалған сауалнамалар таратылып, әңгіме өткізілді. Пікірлесken мұғалімдердің 72%-ы «Пәнде оқытудағы басты мақсатыңыз не?» деген сұраққа «пәнде оқытудағы басты мақсатымыз ана тілінде еркін қарым-қатынасқа түсіп, өз ойын жүйелі жеткізуге үйрету» деп жауап берді. «Қазақ тілін оқытуда қандай әдіс-тәсілдерді қолданасыз?» деген сауалға 30%-ы «диалог, сұрақ-жауап», 10%-ы «танымдық әдісті қолданамын» десе, қалғандары ауызаша, жазбаша, өлең жаттау, деңгейлеп оқыту технологиясын қолданатынын және т.б. айтты. «Оқушы білімін бағалауда қандай ұстанымға сүйенесіз?» деген сауалға «объективті бағалауға тырысамын», «талабына, балдық жүйеге сәйкес бағалаймын», «белсенді қатысса, ережелерді дұрыс талдаса», «жүйелі сөйлесе, сөздік қоры мол болса, сөйлеу дағдысына қарай» т.б. деп түрлі бағытта жауап берді. «Қазақ тілінен қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру дегенді қалай түсінесіз?» деген сауалға мұғалімдердің 40%-ы «оқушылардың сөйлесім әрекетінің түрлерін менгеруі», «сауатты сөйлеуін, оқуын және жазуын қалыптастыру» десе, қалғандары «сөйлемнің құрылымын дұрыс түсіндіру», бағдарламадағы талаптарды орындаі алу, тілдік талдауды қатесіз жасау деген түрлі жауаптармен шектеледі.

Бақылау кезеңде жүргізілген бағдарлау жұмыстары отандық және басқа елдердің білім беру жүйесіндегі озық идеяларды басшылыққа ала отырып, оқушыларға ана тілін оқытуда мынадай тенденцияларды негізге алу қажеттігін көрсетті:

- ана тілін оқытудың түпкі мақсаты етіп қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру деп белгілеу;
- қазақ тілін қатысымдық-тәнімдық түрғыда менгерту;
- қазақ тілінің қатысымдық, білімділік, әлеуметтік, ұлттық, тәрбиелік аспектілерін біртұастықта қамти отырып оқыту;
- қазақ тілінен берілетін білімді оқушының логикалық ойлауын, жалпы жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолдану;
- қазақ тілінің білім мазмұнын оқушының сөйлеу дағдыларын дамытудың базасы ретінде пайдалану;
- ана тілінің мотивациялық сипатын күшайте отырып оқыту;
- қазақ тілін оқытудың бүкіл әдістемелік жүйесін (оқыту мақсатын, міндеттерін, білім мазмұнын, оқыту түрлерін, оқыту әдістерін, оқыту нәтижесін) жаңа бағытқа лайық оқытудың жаңа бағыттарымен сәйкестендіру.

Осы аталған бағыттардың қай-қайсысы да оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға айрықша мән берудің қажеттігін бекіте түсті. Қазақ тілі сабактарында оқушының тілдің әлеуметтік-қоғамдадық қарым-қатынастық, тұлға қалыптастырушылық қызметін түсінуін қамтамасыз ету қажет. Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру, алдымен, оқушының қарым-қатынастық, ойлау қабілетін, тыңдау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту арқылы жүзеге асады. Оқушы кез келген пәнге оның өз тіршілігі үшін қажеттігін сезінгенде және оның өмірлік маңызын түсінгенде қызығушылығы артып, мотивациясы қалыптастыны анық. Міне, осындай бағыттардың түптеп келгенде оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырумен сабактасып жатқаны біздің зерттеу болжамымыздың, алға қойған мақсатымыздың шынайылық дәрежесін айқындаپ, оның дұрыстығын бекітті.

Бақылау кезеңіндегі сараптау нәтижелері оқушылардың тілді үстірт оқитындықтарын байқатты. Өз ойларын ана тілінде жүйелі жеткізе алмау, тілдік орамдарды қолдана алмау, сөйлемдерді дұрыс құра алмау олардың басым бөлігіне тән болды. Жазбаша және ауызша тапсырмаларда оқушылардың өз ойын жүйелі жеткізе алмайтындары, қате сөздерді жиі қолданатыны анықталды. Бұдан байқалғаны оқушылар дайын материалды жаттанды түрде айтып берумен шектеледі. Оқушылар білімдерін тәжірибе жүзінде, сөйлеу практикасында қолданбайды. Өз беттерінше шығармашылықпен жұмыс істеуге дағыланбаған. Олардың білім көрсеткіштері тапсырмаларды орындауда алған бағаларына қарай төмендегідей болды:



Сурет 15 – Бақылау сыныптарының білім-білік деңгейінің көрсеткіштері

Осы нәтижелерге талдау жасалып, қазіргі оқыту жүйесінде орын алғып отырған олқылықтардың түрлері мен олардың себептері анықталды, одан қорытынды шығарылып, қалыптастыруыш эксперименттің мақсат, міндеттері нақтыланды, эксперименттің келесі кезеңінде ұйымдастырылуы тиіс шаралар мен оларды ұйымдастырудың бағыттары белгіленді.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – сөз тіркесін оқытуда оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік бақылау арқылы анықтау.

Бұл мақсатты орындау үшін мынадай міндеттер белгіленді:

1. Оқыту экспериментінің әдістемелік-ұйымдастыру шараларының жоспарын жасау:

- а) эксперимент сыныптарын нақтылау;
- ә) эксперимент жүргізетін мұғалімдермен арнайы әңгімелер өткізу;
- б) эксперимент сабактарының жоспарын жасау.

Тәжірибелік байқаулар ұйымдастыру.

Қалыптастыру эксперименті екі сатыдан тұрды: бірінші сатыда мектепке арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарға талдау жасалды, қазіргі оқыту жүйесіне талдау жасалды. Бағдарламадағы тақырыптар негізінде қазіргі оқу-әдістемелік кешендердің бар мүмкіндігін пайдалана отырып, зерттеу проблемасы бойынша қосымша тапсырмалар жүйесі жасалып, олар сынақтан өткізілді.

Қолданыстағы оқулықтарға жасалған талдау нәтижелері осы тараудың 1-бөлігінде баяндалды. Келесі кезеңде бақылау сыныптарына арналып 4-сынып оқулығындағы [118], материалдарының негізінде қосымша тапсырмалар жүйесі дайындалды.

Ескерту – дереккөз [151].

Эксперименттің қалыптастыруышы кезеңінде зерттеу тақырыбының көздеген мақсатына сай ұсынылған білім мазмұны, оны игертуге қатысты әдістәсілдер мен тапсырма-жаттығулар экспериментке қойылды. Оқу үдерісін бақылау арқылы сөйлеу дағдыларын жетілдіру осы кезеңдегі негізгі міндеттердің бірі етіп белгіленді. Қалыптастыруыш эксперименттің бастапқы кезеңінде 4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен сабак беретін мұғалімдермен

қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың жолдарына байланысты алдын-ала әңгіме-сұқбат жүргізіліп, эксперименттің мақсаты түсіндірілді. Сабактарға қатысу нәтижесінде оқушылардың сөйлеу әрекеттерін қадағалауға мүмкіндік туды. Түрлі сипаттағы тест тапсырмалары мен шығармашылық тапсырмалар оқушылардың қазақ тілінде игерген білімдерін өмірде қолдану деңгейлерін анықтауға қол жеткізуге септігін тигізді.


Эксперименттің ұйымдық-әдістемелік шаралары өткізілді:

- мектептердің эксперимент және бақылау сыныптары белгіленді;
- қазіргі оқыту жүйесіне лайық қосымша жаттығу үлгілері жасалды;
- эксперименттің негізгі кезеңінде өзіміз ұсынған оқытуудың әдістемелік жүйесінің нақты жоспары бойынша арнайы сабактар өткізілді.

СӨЗ ТІРКЕСІ Мәтін: ҚАРАТОРҒАЙ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Диаграмманы пайдаланып, **көктем** сөзімен сөз тіркесін құрандар. Олардың бағыныңқы және басыңқы сыңарын анықтандар. Сызбамен көрсетіндер.



Сурет 16


Тапсырманың мақсаты: сөз тіркесін құрауға, басыңқы-бағыныңқы сынарын табуға дағдыландыру. Өз ойларын жүйелі жеткізуге үйрету.

Тапсырма орындау нәтижесінде оқушы: сөз тіркесін құрап, оның басыңқы-бағыныңқы сынарын табады. Қатысымдық құзыреттіліктері дамытылу үшін оқушының суреттеу сипатындағы мәтіндерді құрастырту өте маңызды. Затты дәл әрі бейнелі суреттеу мен ақпарат алмасу – ойлауды дамыту, сөйлеу дағдысы мен қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бір шарты. Тірек сызбалар – оқушыларға суреттеу мәтінін құрастырып үйрету жолдарының бірі. Бұл да моделдеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру бағытындағы жұмыс болып саналады.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Топтық жұмыс. Үш топқа бөлініңдер. Суретті сызбаны пайдаланып, суреттеу мәтінін жазындар. Мәтінге ат қойындар. Бірінші топ – бірінші жолдағы суреттерге 3-4 сөйлем; екінші топ – екінші жолдағы, үшінші топ – үшінші жолдағы суреттерге 3-4 сөйлемнен мәтін құрандар.

Оқушыларға геометриялық фигуralар (ұшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер) таратылады. Фигуралар арқылы үш топқа бөлінеді.

 <div style="border: 1px solid orange; padding: 5px; text-align: center;"> Сызба бойынша әңгіме құрастыр </div> 		
Бұл не?	Түсі, дене мүшелері	Денесін не жауып тұрады?
		
Дауысы қандай?	Немен қоректенеді? Жыртқыш па?	Қалай қозғалады?
		
Қай жерді мекендейді?	Балапандары (қашан?)	Жыл құстары ма? Әлде қытайтын құстар ма?

1-ТОП

1 топ

Бұл – қараторғай. Ол аса үлкен құс емес. Оның денесі қара, қанаттары мен құйрығы, басы қара. Бұл құсты сарғыш өткір тұмсығы арқылы бірден тануға болады.
Қараторғайдың жылтыр қара қанаттары бар.

2-ТОП

2 топ

